

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2015

ҚАҢТАР

МАЗМҰНЫ

Көкейкесті көзқарас

Шаттыгүл ЛЕСБЕКҚЫЗЫ. Қазақ тілін дамыта оқытудың маңызы.....3
Назина ҚАДЫРҚҰЛОВА. Жаңаша оқытуға – жаңаша көзқарас.....9

Таным табиғатында

Бибігүл САТАЕВА. Алаштың арысы Аймауытовқа қатысты
кейбір жайлар.....17

Бауырлас елдер әдебиеті

Рақымжан ТҰРЫСБЕК. Қазақ-татар халықтары әдебиетінің
байланысы.....23

Авторлық бағдарлама

Матуза АБДУЛОВА. «Көркем шығарманы оқытуға үйрету»
колданбалы курсы.....30
Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ. Тіл тарихы.....35

Жас маманға жәрдем	
Шолпан НҮРҒАМЫСОВА.	Оқыту үрдісінде ұлттық құндылық-тарымызды тиімді пайдалану.....48
Әлия НИЕТАЛИНА.	Абай Құнанбайұлының «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңін оқыту.....56
Гүлзар ДОСАНОВА.	Әлем таныған Әуезов.....63

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Нүргүл ҚАСЫМХАНОВА.	Толықтауыштың жасалу жолдары.....76
Балагүл ӘДІЛОВА.	Көнерген сөздер.....79
Тұрсынғүл ӘЛЕНОВА.	Елім менің.....83
Данагүл НҮРТАЙҚЫЗЫ.	Есімдіктің мағыналық топтары.....86
Мархабат ҚАЛДЫБЕКОВА.	Баяндауышты оқыту.....90
Венера БЕКСЕЙІТОВА.	Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш.....94

Атаулы мектеп тынысы	
Фархад АЮПОВ.	Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.....98

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Қуаныш АМАНДЫҚОВА.	Ана қушағында.....101
Мүтәліп СТЫБЕКОВ.	«Аяз би» ертегісі.....104
Баян ШАКЕНОВА.	Абай мен Пушкин үндестігі.....108
Ләззат АХМЕТОВА.	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Еңлік-Кебек» поэмасы.....112
Ботагөз ҚИСАМАДИНҚЫЗЫ.	Абай Құнанбайұлы. «Жиырма тоғызыншы сөз».....119

Оқулыққа қосымша	
Ботагөз ЖҮРМАҒАНБЕТОВА.	Бұқар жырау Қалқаманұлы өмірі мен шығармашылығы.....123

Игілікті іс-шара	
Әльмира ЖҮБАНАЗАРОВА,	«Сүйемін туған тілді –
Жанар АЮПНАБИҚЫЗЫ.	анам тілін!».....127
Жарқынай ЕРМАХАНОВА.	Поэзия әлемінің гүлі.....130

Сыныптан тыс сабақ	
Жанар ШЕРІПҚЫЗЫ.	Ертегілер еліне саяхат.....133

Білім сынағында	
Бақытгүл ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА.	XX ғасыр (20-30 ж.ж.) әдебиетінен тест тапсырмалары.....137

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһур Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Көкейкесті көзқарас

Шаттыгүл ЛЕСБЕКҚЫЗЫ,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық
университетінің оқытушысы,
педагогика ғылымдарының
кандидаты.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Дамыта оқыту мәселесі сөз болғанда, алдымен, сана-мызға «дамытушылық» мәселесі оралады. Психолог ғалымдар мен әдіскерлердің тұжырымдары бойынша дамытушылық үдерісі кіші жастан басталады. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңару үдерісі, ескінің орнына жаңаның өмірге келуі. Баланың психикасы үнемі диалектикалық жолмен дамып, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп, өзгеріп отырады. Осы дамуды оқытумен бірге қарастыру арқылы екеуінің арасында тығыз байланыстың барын психология жеткілікті дәлелдеп берді.

Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, т.б. ғалымдардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейінің көтерілуіне келіп саяды. Осы тұрғыдан қарағанда, баланың қандай да болмасын танымдық қызығушылығын, ойын, ақлын, шығармашылық қабілетін, құзіреттілігін, т.б. психикалық қызметтерін дамытудың негізгі факторы – оқу үдерісі екендігі айқындалған. Барлық ғалымдар зерттеулерінде кіші жастағы және мектеп жасындағы балалардың даму үдерісі қарастырылады. Ал қазіргі қарастырғалы отырған мәселе

– жоғары оқу орындарындағы студенттерді дамыта оқыту мәселесі болмақ.

Дамыта оқыту дегеніміз – оқу үрдісінде білім алушылардың ықтимал мүмкіндігінің толық іске асуына бағдарланған оқыту.

Оқу әрекеті арқылы психологиялық жаңа құрылымдар теориялық сана және ойлау қалыптасады. Олармен байланысты рефлексия, талдау, жинақтау, индукция, дедукция, салыстыру, шолу сияқты психикалық қабілеттер дамиды.

Жоғары оқу орнында бұл қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкіндігі мол. Студент дәрістерде және практикалық сабақтарда әр түрлі тапсырмаларды орындай отырып, қарапайым теориялық білімдерді меңгереді. Осылайша оқу әрекетінің мазмұны болып табылатын теориялық білім студенттің қажеттілігіне айналады. Ал сабақтың әрекет теориясына сәйкес ұйымдастырылуы – студенттің жеке басын дамытудың басты кепілі.

Дамыта оқыту білім алушының ойлау қызметімен қатар олардың оқу білігін дамытуды көздейді. Дамыта оқыту технологиясындағы ең басты нәрсе – білім алушыларды шығармашылық әрекет жағдайына енгізу болып табылады. Мұның өзі оқытудың эвристикалық және зерттеу әдістеріне ерекше мән берілетінін көрсетеді. Бұл әдістер оқытушының «дәстүрлі емес тапсырма түрлерін ізденудің объектісі», «жекеден жалпыны тауып шығару», «құбылысқа синтез жасау», «алдын болжау», «әрекеттің жалпы моделін құру», «жұмысты жоспарлау», «ақпараттық құзыреттілік мүмкіндіктерін пайдалану», «объектінің жаңа қызметін көру», «ой қорытындысын шығару», т.б. сияқты шығармашылық ізденіске жетектейтін іс-әрекетке қосатын, студентті «қорытындының авторы», «іс-әрекет біліктері

мен дағдылардың шебері», «белсенді ізденгіш», «бастама көтеруші», «идея авторы», «жаңалық ашушы» ететін әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Студенттерге дамыта оқытуды ұйымдастыру ересек білім алушыға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту – сабақтағы ерекше жағдай, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Оқытушы бұл жағдайда дайын біліммен емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы бола білуі керек. Тек осындай оқытулар студенттің ой-өрісін ашып, шығармашылығын дамытады.

Қазақ тілін оқытуды ұйымдастыруда студенттің тіл үйренушілік қабілетін дамыту мақсатында түрлі әдістер қолданылады. Ең алдымен, диалог құрастыру – тілдесім әрекетін дамытудың алғашқы баспалдағы саналады. Ауызша сөйлесу арқылы тіл икемділіктерін қалыптастырады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында бұл жұмыс түрін күрделендіру негізінде сөйлеу тілін дұрыс меңгеруді, қатысым және жазылым қарым-қатынасын реттеуге болады.

Дамыта оқытуда студенттердің пікір айта білуі және жазып үйренуі үлкен рөл атқарады. Оқыған мәтіндерге, әңгіме, мақала, баяндама, реферат түрлеріне пікір жазуға үйретуде білім алушының қабылдауын, ойлануын, қиялдануын, сөйлеуін дамытуға тікелей бағыттауда жұмыстың бұл түрі үлкен ізденісті, еңбектенуді қажет етеді. Студенттің өз ізденісімен шешімін тапқан жұмыс түрі – оның шығармашылығы болып саналады.

Жоғары оқу орнында қазақ тілін оқытуда орындалатын шығармашылық және дамытушылық тапсырмалардың бір түрі – аннотация. Бұл – студенттің ойын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, ойды қысқа түрде мазмұндауға,

ой қорытындысын жасауға бағытталатын жұмыс түрі. А.А.Леонтьев аннотация жазу – түпнұсқа мазмұнын байланыстыра отырып тұжырымды түрде қысқаша мазмұндау, мәтінде берілген ақпаратты, оның бағыттылығы, құндылығы және кімге арналғандығы жөнінде қысқаша мағлұмат беру екендігін ерекше атап көрсетеді. Аннотация жазуда студент оқыған не тыңдаған материалдың негізгі жағын аңғарып, мазмұнын жазуға жаттығады. Түпнұсқаның мазмұнын автор өз сөзімен жазуға мүмкіндік алады. Бұл тапсырманың мақсаты – мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауға үйрету, ойды байланыстырып жазуда тілдік тұлғаларды дұрыс қолдануға, олардың сөйлемдегі орын тәртібін сақтауға, сауатты жазуға дағдыландыру. Басты ойды, мәтіннің идеясын ашатын сөйлемдерді тауып, орынды қолданса, студенттің ойы мен тілінде даму үдерісі жоғары көрсеткішке ие болады.

Бұлардан басқа оқу үдерісінде білім алушылардың көптеген ақыл-ой қабілеттерін іске қосатын жұмыс түрлері қолданылады. Сабақта қарастырылған белгілі мәтін бойынша сұрақ-жауап әдісімен жағдаяттық сұхбат құруға болады. Мамандығына байланысты алынған мәтін арқылы студенттер кәсіби терминдермен танысады, сөздік қорларын молайтады. Мәтінде кездесетін жаңа сөздерге сөздік жұмыстарын ұйымдастыру – мәтін мазмұнын дұрыс ашудың кепілі. Мәтінді меңгерту кезінде сөйлеу жағдаятын тудырудың маңыздылығы зор.


Түрлі жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижелілігі – олардың бойында болжам жасауға қабілеттілік, жоспарлауға, жалпы қабылданған көзқарастарға сын көзбен қарау, ойдың икемділігі, құбылыстардың байқалуы қиын ұқсастықтарын аңғару, құбылыстарды салыстыру, білуге құмарлық, өз-өзіне сыни баға беру, т.б. қасиеттерді дамыту болып табылады.

Дамыта оқыту технологиясы сабақта проблема қою әдісін қолданып отыруды көздейді. Проблеманы шешу үдерісіне қатысушының танымдық дербестігі мен шығармашылығы қалыптасып, нәтижеге жетудің жолын да меңгереді. Проблемалық жағдаяттар тудырудың негізгі ерекшелігі – студенттің білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемаларды шешуге міндетті дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация үдей түседі, осыған орай олардың ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Проблеманы шешудегі іс-әрекет жағдаяттың пайда болуынан басталып, проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін жете түсінуді қажет етеді. Студенттердің болжам жасаулары маңызды. Осы тұста олардың ойлау жүйелері іске қосылып, шешім табудың жолын қарастыру үдерісі жүреді. Болжамдарды дәлелдеу мен проблеманың дұрыстығын дәлелдеу жағдаяттан шығарады.

Дамыта оқытудың басты бағыты – оқыта отырып білім алушыны дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетімен ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жеке басының қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, тұлғалыққа бағыттау болғандықтан, ойлаудың екі түрлі дәрежесін бірлікте қарастырады. Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық дәреже. Дүниені танудың екі жолы: затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау, ұқсату, елестету, сезім арқылы жүзеге асады. Таным үдерісі көбіне сабақтың негізгі бөлімдерінде іске асырылады. Мысалы,

Сабақтың кезеңі: эвристикалық (тапқырлық, табысты) негізгі кезең.

Іс-әрекеттің түрі: өнімділік – ойлауға, елестетуге сүйену.



Сұрақтар мен тапсырмалардың құрылуына қойылатын нақты талаптар бар:

- сұрақтардың нақты қойылуы;
- білім алушылардың базалық білімінің ескерілуі;
- студенттердің ойлау қабілетіне бағытталуы (салыстыру, бақылау, пікірлесу, синтездеу, дедукция, т.б.)
- сұраққа жауап іздеуге мүмкіндік туғызу;
- ойлауға жетелейтін әдістер арқылы қызығушылықты ояту;
- білім алушының ойымен санасу;
- студенттің дәлелі мен пікірінің дұрыстығына көз жеткізу.

Оқыту арқылы білім алушының психикасында жаңа құрылымдардың пайда болуы, яғни, жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептеледі. Осылай оқытудың нәтижесінде білім алушының дамуы, оның еркіндігінің қалыптасуы, өз бетінше ізденуі, шешім қабылдауға дағдылануы, жекелік қасиеттерін байқатуы, әрі қарай дамудың жүруі, тұлғалыққа бағытталуы байқалуға тиіс. Әр білім алушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения. М., 1996.
2. З.Айдосова. “Дамыта оқыту технологиясының мәселелері”. 2004.



Назина ҚАДЫРҚҰЛОВА,
№77 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Арал ауданы.

ЖАҢАША ОҚИТУҒА – ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

«Ел мен елді, халық пен халықты теңестіретін – білім».

М.Әуезов.

Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, рухани адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл мұғалім керек. Ал шығармашыл мұғалім – үздіксіз ізденісте болады. Әрбір маманның қызметіне қажетті кәсіби біліктіліктер болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстандағы дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесін басты орынға қойып отыр. Жаһандану үдерісінде шығармашылық ізденістегі әр баланың ақыл-ой еңбегінің дамуына ықпал жасайтын негізгі тұлғаның бірі – оқушының ұстазы.

Сыныптағы оқу үдерісінің пайдасын айқындайтын негізгі факторлар мыналар:

1. Балалардың оқу үдерісін түсінуі;
2. Оқудың қажеттілігін түсіну;
3. Оқу үдерісін қалай құру қажет екендігі туралы ұғымның қалыптасуы;
4. Оқу нәтижесін бағалау мүмкіндігін игеру.

Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет – білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Әрине, маманның сапасы мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Дана халқымыз «Ұстазы жақсының-ұстанымы жақсы» деп текке айтпаған. Ал курс барысында республиканың әр түкпірінен келген мұғалімдер біліктілікті арттырудың мән-жайына қанығып, соңғы заманауи технологияларды басшылыққа алады. Өйткені қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке

тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Үш айлық курс бағдарламасында әр аймақтан келген мұғалімдерге қазіргі заманғы оқыту әдістері жеті модуль арқылы ұсынылады. Мектепке практикаға келген кезде бағдарламаның жеті модулі аясында тізбектелген сабақтар топтамасының жоспарын жасағанымда әріптестерім дәстүрлі оқытумен салыстырып, көптеген өзгерістер және айырмашылықтар бар екенін көріп қызығушылық танытты. Алдағы істелетін өз жобамды іске асыруға, мәтінді жақсырақ түсінуге көмектесуге дайын болды. Әріптестерімнің ішінен өзгерістерді жоспарлау және жүзеге асыру кезінде қолдау көрсетеді деген үш мұғалімді: Қазбағанбетова Жанна, Латипова Әлия және Абуева Амангүлді таңдап алдым.

Сыни ойлау – оқушылардың қай нәрсеге болса да терең оймен қарап, салыстыра талдау жасап, көзқарасын білдіру, өзіндік мәнін қалыптастыру, өз ойын тұжырымды жеткізе білуі деп ойлаймын. Жалпы сыни ойлау дегеніміз – баланы ойлауға үйрету. Ойлау арқылы бала көп нәрсеге қол жеткізуі мүмкін. Сыни ойлауға оқыту – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни ойлау – американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба. Шығыс даналығы былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалады. Ал, өзім істесем, үйреніп аламын». Яғни, баланың ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз.

Сыни тұрғыдан ойлау – технология емес, ол терең философия. Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерімен қатар сөздік қоры артады. Ынтымақтастық атмосферасы орнап, оқушылар бір-бірімен сыйластықта болып, жауапкершіліктері артады, топ мүшелерінің бір-бірін тыңдау, күту, шыдамдылық, сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету еркіндігі тең дәрежеде болады, терең түсінік пен ойлаудың дамуы арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамиды. Жұмыс жасау кезінде топ мүшелері бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын құрметтеуге машықтанады, бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салып, өздерінің білім алуын көтермелейді. Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті оқушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Жас ерекшеліктеріне сай оқытуды бір сынып ішіндегі әр жылдардағы оқушылар деп түсіндім. Психологиялық қабылдау жағынан әр түрлі шығар, бірақ бұл тақырыпта жұмыс жүргізбедім. Бір сыныпта оқығасын айырмашылығы да байқалмайтын сияқты. Меніңше бастауышта жас ерекшелігі айқын көрініп тұрады, яғни, алты жастағы бала мен алты жарым жастағы баланың қабылдауы мен дамуында айырмашылық болады деп ойлаймын.

«Барлық оқушы талантты, біз таланттың ұшқындарын сөндіріп алмауға тиіспіз». В.Шаталов.

Осы сөздің астарында кең ұғым, үлкен мағына жатыр. Олай дейтінімнің себебі, мұғалім – мектептегі басты тұлға, барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізуі тиіс.

Тапсырма беруде сынып оқушыларына арналған сауалнама бойынша «бірегей» және «үлгерімі нашар» дарынды және талантты оқушылардың тұрмыстық ахуалын бағалайтын тест жүргізілді. Осы кезеңде талантты оқушының қабілеті бірден көзге түсті. Талантты және дарынды оқушы бойында кез келген пәнге қызығушылық, өз ортасына деген құштарлық жоғарылап, идеяның құндылығы артты.

Осы кезеңде менің атқарған қызметімнің нәтижесін одан әрі жетілдіруде Жақсылық Айтудың берілген тапсырмаларды ізденіп, дайындалып келуі оның бойындағы

дарындылық және таланттылықты аңғартты. Ыбырай атамның баланың бас ұстазы – ата-ана деген мағыналы сөзі ойыма жиі оралады. Ата-ана қарауынсыз, ата-ана басшылығынсыз тәрбиеленген оқушыдан қандай талантты оқушы шығатыны бесенеден белгілі. Сондықтан біз талантты және дарынды балаларды тануда ата-ана көзқарасымен санасуымыз керек. Ата-аналарға да ақыл-ой қабілеттері туралы қарапайым сауалнама толтыруды жасап көрдім.

Осы курсқа келгенде бағалаудың «оқу үшін бағалау», «оқытуды бағалау» терминдерімен оларды сабақ үдерісінде қалай қолдану керектігін меңгердім. Менің түсінгенім – күнделікті сабақта білім берудің әдістерін сабақ барысында қолданып, сол бағытта жасалған жұмыстарды, яғни, оқыту үшін бағалау жүреді. Онда оқушылар өзіндік бағалауды, топтық ереже, жұптық талқылау, жеке және топтық жұмысқа екі жұлдыз, бір ұсыныс, смайлик, бас бармақ арқылы бағаланады. Бағалау – баланың білім деңгейінің көрсеткіші. Бұрын мұғалім дәстүрлі оқыту жүйесінде баланы жазбаша бағалайтын, ал енді білім беру үшін бағалауда баланы бағалаудың басқа да әдістері бар екенін түсіндім. Сабақ соңында рефлексия жазады. Меруерт, Рахат есімді оқушыларым сабақта екі жұлдыз, бір ұсыныс айту қиын болды деп жауап жазады. Өз-өздерін бағалау ұнағаны және осындай сабақтар көптеп бола берсе деген пікірлерін білдірді.

Мұғалім 7 модульді тиімді пайдаланып, нәтижеге қол жеткізе алса – мұғалімнің көшбасшылығы. Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін-ақ көшбасшы көрінеді. Ол әдетте басқа оқушыға көмектесіп, соған жауап бергізуге тырысады, өйткені ол өзін емес, сыныптастарын, топты алға сүйрейді.

Алайда тізбектелген сабақтарымды өткізу барысында сынып оқушыларында алға ілгерілеушілікті байқадым. Осыған орай кеңейтілген тапсырмалар, деңгейлеп оқыту әдісін қолдандым. Деңгейлік сұраулар оқушылардың бір

сыныпта, бір бағдарламада, бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі болып табылады. Әрбір сабағында жұмыс парақтарын пайдалану арқылы сынып оқушыларының өзіндік ерекшеліктері тапсырмаларды орындау барысында көрінеді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың сабаққа, білімге қызығушылығының артуы, ой жүйесінің дамуы, сапалы білім алу сияқты жетістіктерге жетуге болады.

Алғашқы сабақтарымда сыныптың белсенді оқушылары әдетінше көшбасшы атанып, барынша өз қабілеттерін көрсетуге тырысып, постерлерін қорғауға шығып, атсалысып жүрді. Ал көлеңкеде отыруға бейімделген, үндемей құтылып жүретін оқушылар көрінбей қалатындығын байқадым. Бірақ сабағымда сыныптың белсенді, үздік деген оқушыларын бақылаушы ретінде белсенді емес бір топқа жинақтадым.

Бұл әдістің тиімділігі: біріншіден – сынып оқушылары жаппай жұмыс жасайды, екіншіден – бос отырған оқушы болмайды, үшіншіден – сынып ұйымшылдыққа, бір-біріне қайырымдылыққа тәрбиеленеді, төртіншіден – деңгейлік тапсырмаларды орындауға үйренеді, бесіншіден – М.Чиксентмихайдың ағымына түсуге көмектеседі.

«Алдымен қажеттіні, сосын пайдалыны, сонан соң қызықтыны оқу керек» деп даналықта жазылғандай алдымен оқушыға ол үшін қажетті стандартты меңгертіп, сосын егер меңгере алса қиындау- пайдалыны беріп, ал егер одан да талапты, дарынды болса, онда ары қарай қызықтыны да меңгеруге болады деп ойлаймын.

Шынына келсе, тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау барысында балалардың жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, тапсырмаларды жоспарлап құру қиынға соқты. «Әрбір өзі талпынбақ, басына бітер бағы үшін»,- деп Ақтамберді жыраудың даналығында айтылғандай, әр бала өзіне ыңғайлы жұмыстар кезінде талпынып қуана-қуана М.Чиксентмихайдың «өзіндік мақсат» деп атайтын төмен машықтар мен жоғары машық

пен төменгі талап кезіндегі зерігуді болдырмай, ағынға түсуіне ықпал келтіруім керек болды.

Оқушыларға мынадай тапсырмалар дайындадым:

- Оқу арқылы қабылдайтын оқушыларға берілген мәтін бойынша жұмыстар, яғни, өз бетімен жұмыстар кезінде мазмұнды оқып меңгеруі;

- Жазу арқылы меңгеретін балаларға жұмыс парақтарында берілген сұрақтарға жауап беру, семантикалық карта, сатылай кешенді талдау, композициялық талдау, салыстыру стратегиясы;

Сатылай кешенді талдау:

1. Авторы:
2. Тақырыбы:
3. Жанр түрі:
4. Идеясы:
5. Әдеби-теориялық ұғым:
6. Мақал-мәтел:
7. Жер-су атаулары:
8. Түйінді, тәрбиелік мәні:

Салыстыру стратегиясы

Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
«Құлагер» фильмі		«Ақырғы бәйге»

Осы тапсырмаларды орындау барысында бала бір жағынан, мәтінді игеру деңгейін көрсетсе, бір жағынан, сыни тұрғыдан ойлауына тура келді. Балалар өз ойларын тек ойлап қана қоймай, қағаз бетіне жүйелеп түсіріп отырды.

Сөйлеу, айту (вербалды) балалардың ерекшеліктеріне қарай оқушыларға өз ойын ашық айтуға арналған ашық сұрақтар қою арқылы мазмұнды меңгеруіне ықпал тигізіп отырдым.

Исаак Ньютон өмірінде былай депті: «Мен Ұлы мұхиттың жағалауынан бір ғана кішкентай тас тауып алған балаға ұқсаймын, таптым да қуандым. Ал ол мұхиттың жағалауы мен түпсіз тереңінде ол секілді тастар қаншама». Мен таза сондай күйде іске асырамын-ау, қалайша іске асырсам екен деген сан қырлы сауалдарға жауап іздеу кезінде тапқан асыл тасым су түбіндегі асыл тастармен салыстырғанда мардымсыз болып қалғандай. Әлі ашылмаған талай сырлар бар екен.

Осы модульді ерекше назарға алған кезімде байқағаным: мен үшін көптеген қиыншылықтар да тиімді, сәтті жерлерім де және болашаққа ұсыныстарым да баршылық екен. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерге сәйкес білім беру және тізбектелген сабақтарымның аясы сәтті көрініп, оң нәтиже берген жерлері: біріншіден – сынып оқушылары жаппай жұмыс жасайды, екіншіден – бос отырған оқушы болмайды, үшіншіден – сыныпты ұйымшылдыққа, бір-біріне қайырымдылыққа тәрбиелейді, төртіншіден – тапсырмалар оқушылардың деңгейіне сәйкес дайындалады, бесіншіден – оқушы мазасыздық, зерігу секілді ыңғайсыз кері әсерлерге ұшырамай, өз шамасында жұмыс атқарады.

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлы мұғалім шабыттандырады, - деп Уильямс Уорд айтқандай, оқушыларды әрдайым ұлы жаңалықтарға итермелеп, шабыттандырып отыратын ұлы мұғалімге айналсақ екен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.
2. Дәріс материалдары.

Бибігүл САТАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

АЛАШТЫҢ АРЫСЫ АЙМАУЫТОВҚА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ЖАЙЛАР

*Өлген соң да ораламыз рух боп,
Шайқасамыз шығып келіп көрден біз.*
Шандор Петефи.

Әдебиет тек сөз өнері ғана емес, өзін тудырған халықтың бүкіл өмір жолы – кешегісі, бүгінгісі, болашағы. Екіншісі бірінің әдебиетші болуы міндетті емес, бірақ сол әдебиеттің сырлы сөзінен, асыл сөзінен (туған тілі арқылы) нәр алып, тұщына алмаған баланың өз халқының қадір-қасиетін сезіне алады және сол үшін толыққанды еңбек етеді дегенің – тұлыпқа мәңірегенмен бірдей екенін өмірдің өзі сан мәрте дәлелдеп келеді.

Құдіретті әдебиетті тудыратындар – құдіретті тұлғалар. Жыр маржанын тереңнен сүзген, шындықты шырақ еткен, туған халқын сүйе білген, оның отына күйе білгендер ғана ел есінде мәңгі қалмақ. Солардың бірі де бірегейі Алаштың арысы, ұлылардың ұстазы болған ұлы суреткер – Жүсіпбек Аймауытов.

2014 жыл қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қолтаңбасымен өшпестей із қалдырған ұлы тұлғаның туғанына 125 жыл толуымен ерекшеленіп отыр. Жүсіпбек Аймауытов – қазақ прозасының классигі, прозада поэзия тілімен сөйлеуші ақын, драматург, сыншы, публицист, аудармашы, Алаш мүддесіне, біртұтастығына жанкешті еңбек сіңірген қоғам қайраткері. Өзінің қоғамдық – саяси, педагогика-психология саласындағы ғылыми еңбектерімен тарихымызда «Мен Жүсіпбекпін» деп мәңгілікке жазып кеткен, қазақтың кара сөзден жыр құйған сөз зергері Мұхтар Әуезовтің өзі «құстасым» деп мадақтаған тұлғаның мерейтойы қалай өткізіліп жатыр? Өз халқының мүддесін қорғағаны үшін жазықсыз жапа шегіп, тіпті 37-жылдың қызыл қырғынына да ілікпей құрбандыққа шалынған Аймауытов өмірін танып білдік деп айта аламыз ба?

Оқулықтағы қысқаша ғұмырбаяны мен бізге жеткен шығармаларының тізімін, олардың негізгі кейіпкерлерінің аты-жөнін еміс-еміс білетін мектеп оқушылары болмаса, былайғы жұрттың Алаштың Аймауытын білмеуі де ғажап емес. Себебі, сол баяғы қазақы енжарлық, өзін түгендемей жатып, өзгенің сасығына ұмтылу. Оны биылғы мерейтой барысында да байқап отырмыз. Сонау Баянауыл – Қызылтау елінен (жазушының туған жерінен) журналист бауырымыз Сайлау Байбосынның шыр-пыр етіп ізденген, жоқтаған («Жас Алаш» пен «Қазақ әдебиеті») мақалалары болмаса, басқадай селт еткізер дүниені байқамадық. Ал қазақ теледидары Аймауытовтай тұлғаға бір бағдарламасын да қимай, өзінің ырду-дырдуларымен әуре. Өкінішке орай, осы салқынқандылықтың жауабын

атақты Ғ.Мүсіреповтің 1974 жылы 25 шілдеде профессор Тұрсынбек Кәкішевпен болған құпия сұхбатынан тапқандай боламыз.

...«Тұрсынбек Кәкішев: -Ғабе, тағы бір мәселе бар. Ол тарихқа байланысты. Біздің қазақ әдебиетінде шықпай, жарияланбай жатқан біраз дарындар бар...

Ғабит Мүсірепов: - Мысалы?

Тұрсынбек Кәкішев: - ... *Мәселен, Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларының шығуына қозғау салынса, оған кімдер қарсы болмақ?*

Ғабит Мүсірепов: - ... *Расын айтайын, солардың шығармаларын жүзеге асыруға жоғары жақтан үзілді-кесілді қарсылық жоқ. Болған емес...* Соны жүзеге асыруға келгенде өзіміздің жазушылардың тарапынан көлденең тұрушылар көп болды ...» Профессор Тұрсынбек Кәкішев алаш тұлғаларының туған халқымен қауышатын кезеңін тарихтың талқысына салып: «Тарих әділетсіз емес, кезінде өзі айтады ғой» деген ой айтады.

Иә, арыстар ақталды. Олар жайында қанша ұлағатты іс атқарсақ та артық болмас. Сол қазақ әдебиетінің алпауыттарының бірі Ғ.Мүсіреповтен «Сіздің ұстазыңыз кім?» дегенде көп ойланбастан:

- Аймауытов! – деп жауап беріпті.

Ал Ғ.Мүсірепов құрметтеген Бейімбет Майлин мынандай ұлылық танытқан екен: «Мен Жүсіпбектей шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін».

Жүсіпбектей тұлғаны ұстаз тұтқан ұлыларды сөз еткенде «Мен қазақпын, жаралған сүйек-еттен; Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен. Халқымның қарапайым

бір ұлымын, Жанымды арым үшін құрбан еткен» деген қазақтың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлының Мұхтар Әуезовпен болған сұхбатындағы тарихи сөзін айтпасқа болмас.

...«Жүсіпбек те – нағыз ақын, нәзік суреткер, драматург, педагог, психолог. Мен ол кісіден сабақ алғандардың біреуімін. Ол кісі мен оқыған мектептің директоры болды... Жуковский, Державин, Пушкин, Мопассан, Гете, Гюго, тағы басқаларды біз Жүсекең арқылы танығанбыз. Он был очень высокообразованным человеком.

Өзі қыр мұрынды, орта бойлы, реңді кісі еді. Оны да «ұлтшыл» деп қателесіп, аттырып жібердік. Өзі орыс тілін тамаша білсе керек...

«Интернационалды» аударғанда он сегіз жаста ғана екен. Осы күнде он сегіздегілерді, Мұха, бала деп жүрміз ғой. Сол он сегіз жасар Жүсіпбектің халық психологиясын соншалықты терең білгеніне мен осы күнге дейін таң қаламын. «Если не даст нам свободу, ни бог, ни царь, ни герой» деп келетін «Интернационал» сөзін Жүсекең «Бостандықты бізге ешкім бермес, патша да, бай да, батыр да» деп аударған. Орысшасындағы «кұдай» да деген сөзді әдейі қалдырып кеткен. Ол кезде қазақтар діншіл, елді босқа ашындырып аламыз деген. Он сегіз жасар ақын қандай психолог десеңізші?

Мұхаң маңдайын ұстап, үндемей отырып қалды.

- Мен ұстаздарым туралы қысқа сөйлеп отырмын. Оның себеп-сырын түсінерсіз, Мұха?

- Түсінем».

Жүсіпбек Аймауытовқа тектілік бабаларынан дарыған. Атасы Дәндебай Қуанұлы бір кісідей дәулеті бар, еліне танымал, Қызылтаудағы Ақыл-Бейбіт ауылдарының старшыны міндетін атқарған. Ал өз әкесі Оймауыт (Аймауыт) Дәндебайұлы Баянауыл сыртқы округіне қарасты Атағозы болысын басқарған. Замана ағымын бағдарлай білген ата мен әке Жүсіпбектің оқып, білім алғанын қалаған, оған малын да аямаған. Кейін Жүсіпбектің қандай азамат болғаны Алашқа аян.

Кешегі қызыл империяның жазықсыз жаласы тек Алаштың арыстарын қынадай қырған жоқ, сонымен бірге, олардың бала-шағаларын, үрім-бұтақтарын да тағдыр тәлкегіне ұрындырып, өмірлерін өксікпен өткіздірді.

1994 жылы Алматыда жай оғындай әсер еткен бір жағдай болды. Обалы не бұл хабарға зиялы қауым тік тұрып, қара халық бір-бірінен сүйінші сұрасқан. Бұл – Алаш арысы Жүсіпбектің бел баласы, асылдың сынығы Бектұр Аймауытовтың «табылып», елге оралуы еді. Кейіннен жылдар өте белгілі журналист Ақеділ Тойшанұлы тұлпардың тұяғымен ұрпаққа сабақ боларлық өнегелі сұхбат жүргізген екен.

- Жастық шағыңыз қиян итжеккенде, Ақтеңіздегі аязды түрмеде, қалған өміріңіз жат ел – Ресейде өтті. Өзіңіз намаз оқып, қазақша таза сөйлейді екенсіз. Тілден, ділден жаңылмауыңызға не себеп болды?

- Мен қазақтың ұлы жазушысы Жүсіпбектің баласымын дегенді әрқашан да мақтан еттім. Тіпті түрмеде отырсам да әке аруағы маған азық болды, қуат-күш, дем берді...

Сібірдің аязы ақырып тұрады, ақпанда нар қарағайлар аязға шыдамай тарс айырылып жатады. Бірақ Алаштың

аруағы, рухы бізді сүйеді, сүйреді, сындырмады...

- Сіз кімнен қорқасыз?

- Әкем Жүсіпбек «Психология» деген оқулық жазған. Ол кітапты атамыз Ахмет Байтұрсынұлы үстеліне үнемі қойып оқитын, әкемді білімді деп ерекше құрмет ететін. Сол кітапта адам жанына түсірілген жарақат, жүрекке түсірілген сызат, содан туған үрей туралы да көп айтылған. Мен әкеме жала жапқан, күйелеген, атқызып жіберген Ғаббас Тоғжанов деген балшабек сыншыдан өмірбақи қорқып өттім. Ол әкемді көре алмай, қызғанышпен үстінен арыз жазды, қыр соңына түсті... Жүрегім шайлыққан, әбден зәтте болған мен сол Ғаббастың құрығанына мүлде сенбедім, сенбеймін де! Шындық осы...

Иә, бұдан кейін не айтуға болады?

Жүсіпбек Аймауытовтай ұлы жазушыға қатысты кейбір жайларды сөз еткенде онымен тағдырлас Алаштың талай арыстарының рухтарының сөнбейтіндігін, аттарының өшпейтіндігін қайталаудың қажеті жоқ шығар...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мамытбек Қалдыбай. Мұхаңның үйінде. «Жұлдыз». 2014, №4.
2. Қанипа Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. А., «Мектеп», 2003.
3. Сайлау Байбосын. Алаштың Аймауытовын іздейтін кім бар? «Қазақ әдебиеті», 7.02.2014.
4. Ақеділ Тойшанұлы. «Мен – Жүсіпбектің ұлымын!». «Дала мен қала», 30.05.2011.
5. Раушан Қажиақбарова. Мағжан мен Ғабит. «Қазақ тілі мен әдебиеті». №7, 2008.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

ҚАЗАҚ-ТАТАР ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісімен бірге мемлекеттер арасындағы ықпалдасу, үлгілендіру, ынтымақтасу сияқты жаңа бағыттардың кең өріс алғаны айқын аңғарылады. Осының негізінде, әсіресе, мемлекеттер арасында халықаралық һәм әлеуметтік-экономикалық байланыстар нығайып, дәстүр мен сабақтастық жалғасып, барыс-келіс, сауда-саттық дұрыс жолға қойылып, әріптестік қарым-қатынас пен бизнес бағыттары, мәдени-рухани арналар жаңа биік, бел-белестерге көтерілді.

Ал, халықтар арасындағы қарым-қатынас мәдениеттер тоғысына, әдебиеттер байланысына бастары анық. Халықтардың мәдени һәм әдеби байланыс мәселелері – қазіргі кезеңнің, жаңа уақыттың бедерлі белгілерінің бірі. Өйткені ұлт мәдениеттері байланысының мәні мен әсері зор.

Арғы арналарды еске түсірсек, ТМД елдері, әсіресе, қазақ-татар халықтары арасында тарихи тамырластық, туыстық байланыстар ежелден-ақ қалыптасқанын аңғарар едік (мысалы, Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ кезеңі, Алтын Орда хандығы тұсы, т.б.). Қос халықтың түп-тегі, тарихи тағдырластығы мен көрші-қоныс отыруы, тілдік ұқсастық-достық қарым-қатынасқа, бауырлық байланыстарға кең өріс ашты. Бұл, әсіресе, тарихи тамырластық пен тағдырлас-

тықтан, екі ел байланысы мен руханият арналарынан, оның ішінде халық және жазба әдебиеттерінің үлгі-нұсқаларынан кеңінен көрініс береді (мысалы, «Алпамыс», Едіге», «Қобыланды», «Орақ-Мамай», «Шора», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Мұңлық – Зарлық» сынды жыр-дастандардың тақырыптық һәм ортақ желілері, т.с.с.).

Қазақ ақын-жазушыларының алғашқы кітаптары Қазан, Петербург, Троицк, Орынбор, Уфа, т.б. қалалар мен татар баспаларында басылды (Каримовтер, Хұсайыновтар, Бораганский, т.с.с.). Еске түсірсек, олардың қатарында: «Сейфүлмәлік» (1807), «Хатымтай жомарт» (1848), «Ер Тарғын» (1862), «Қисса и Шортанбай» (1888), «Қисса и Бозжігіт» (1874), «Қисса и Қозы Көрпеш» (1878), «Қисса и Таһир» (1878), «Қазақтың өлеңдері» (1879), «Қисса и Рүстем дастан» (1888), «Қазақ мақалдары» (1900), «Қыз Жібектің хикаясы» (1900), «Бозжігіт» (1906), «Қисса и Айман–Шолпан» (1906), «Ер Тарғын» (1909), «Жиренше» (1909) және А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал», М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Азамат», «Бақытсыз Жамал», М.Сералиннің «Топжарған», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», «Балаларға жеміс», С.Көбеевтің «Қалың мал», М.Жұмабаевтың «Шолпан», С.Сейфуллиннің «Өткен күндер», С.Дөнентаевтің «Ұсақ-түйек», Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген», т.б. жинақ, кітаптар көптеп кездеседі әрі тақырып, жанрлық-көркемдік арналарымен назар аудартады [1.207].

Бұдан қазақ-татар халықтары әдеби-мәдени һәм рухани құндылықтарымен де берік байланыстар орнатып, өзара байып, бірін-бірі толықтырып отырғаны терең танылады. Бұл байланыс арналары, дәстүр мен сабақтастық сырлары әр алуан бағыттарда да дамып, кең өріс алып келеді.

Қазақ-татар халықтарының тарихы мен тағылымы, достық қарым-қатнастары, әдеби байланыстары ұстаз-

ғалым, әдебиет зерттеушілері Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Е.Ысмайылов, Б.Ысқақов, Б.Наурызбаев, С.Сейітов, Р.Нұрғали, У.Қалижан, т.б. еңбектерінен кең орын алды. Қысқасы, татар ақыны Ғабдолла Тоқайша айтсақ:

Бұл достықтың тамырлары

Ғасырлардың түбінде...

Бауырлас-туыс халықтардың достығы мен қарым-қатынасы, байланыс арналары хақында, әсіресе, қазақ ғалым-зерттеушілерінің көзқарасы мен ой-пікірлерінің де маңызы зор. Осы реттен алғанда, халық және жазба әдебиеттерінің байланысы, руханият әлеміндегі көкейкесті мәселелері хақында зерттеуші-ғалым Р.Бердібаевтің ой-пікірлері мәнді: «Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орыны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да, елеулі айырмашылықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақтылы біліп отыру – рухани даму жолдарын түсіну үшін ғана емес, мәдени ілгерілеудің болашағы үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек. Қазақ халқының көркемдік мұрасын бағалап, оны бүгінгі коммунистік құрылыс дәуірінің қажетіне жарату міндеті зерттеушілеріміздің бұл мәселе жөнінде нақты ғылыми-әдістемелік ұстанымдарға сүйенуін талап етеді.

Әрине, ауыз әдебиеті шығармаларының нақтылы қандай жағдайда туғанын, жанрлық ерекшелігін ажырату оңай емес. Оны тануға ғылыми фактілер, түрлі әдістемелік сенімді тіректер керек. Сөз өнері болуы – фольклордың негізгі сыпаты бола тұрса да, оның көп қырлы табиғатын талдау үшін басқа да ғылыми пәндердің көмегі қажет. Ауыз әдебиетін тексеру үшін этнографияның, тарихтың, тілдің,

антропологияның, музыканың тиісті деректерін салыстыру шарт болады... » [2.3].

Әлем халықтарының мәдени-рухани байланысын, дәстүр мен сабақтастық сипаттарын кеңінен қарастырған әдебиет зерттеушісі Ш.Сәтбаеваның көзқарас-ұстанымдары қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ: «Әдеби байланыстарды филология ұстанымдары, әдеби тілдің теориялық мәселелері тұрғысынан зерттеу жағы жетіле түсуі, көркем аударма тарихын жасау ісі жандана түсуі қажет.

Қазақ сөз өнерінің көп ұлтты халықтарымыздың әдебиеттерімен тығыз байланысты дамығанын, дамып отырғанын тереңірек зерттеудің саяси маңызы бар. Өйткені қазақ халқының бүгінгі гүлденген, дамыған, шарықтаған, социалистік өмірін жек көрушілер, елін сатқан опасыздар неше түрлі өсек-өгірікпен, айла-шарғымен шетелдік адал оқырмандарды адастыруға, жаңылыстыруға тырысып бағады, ұлт алауыздығын аңсайды.

Қазақ халқының көп ғасырлық әдеби қарым-қатынастар тарихы үстем тап пен патша өкіметінің жаныштау, езгілеу, ұлттарды ұрыстыру, бөлшектеу саясатына қарамастан оның басқа халықтармен өзара түсінісуге, бауырласуға ұмтылғанын дәлелдеп береді.

Совет елінде халықаралық өзара әр жақты байланыс, ынтымақ, достық тарихта болып көрмеген жағдайда дамығаны және оның бүкіл дүниежүзілік маңызы туралы әлемге паш етіп отыру бірден-бір қажет. Ал бұл шындықтың әр салада – рухани, мәдени, әдеби өмірдегі нәтижелі көрінісі аса бір қызғылықты, интернационалдық құбылыс. Бұл құбылысты әр халықтың жүріп өткен тарихи жолдарына, белді белестеріне, күрделі кезеңдеріне байланысты салыстыра отырып зерттеу социалистік реализмнің тарихы мен теориясын едәуір байыта түсері хақ » [3.169].

Әдеби байланыс, сабақтастық сырларын академик Р.Нұрғали төмендегіше танып, тұжырымдайды: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиет, өнері томаға-тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардың озық, асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Әдебиеттің интернационалдық сипаты – көптеген халықтар өнері тәжірибесін қорыта отырып, байлам, тұжырым жасайтын теориялық мәні бар, күрделі проблема...

Әдебиеттер туыстығының терең тамырлы байланыс проблемаларын зерттегенде, тағдыры, тілі, рухы жақын бауырлас елдер мысалына жүгіну қызықты ғылыми байламдар жасауға мүмкіндік берері хақ. Татарлар өз асылымыз деп есептейтін:

«Ел іші – алтын бесік», «Ер көркі – сақал, сөз көркі – мақал», «Айырылған қаз топтанған қарғаға жем болар», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», «Қап түбінде біз жатпас», «Құрғақ қасық ауыз жыртар», «Не ексең, соны орасың», «Ашқа қазан астырма, тоңғанға от жақтырма», «Бөріден қорыққан орманға бармас», «Қарға қарғаның көзін шұқымас» тәрізді мақалдар – қазақ, башқұрттардың да жауһар қазынасы.

Фольклорды алыңыз, ұқсас сюжеттер, ортақ сарындар қанша, әдеби дамудағы үдерістердің ыңғайластығын ұғу қиын емес» [4.92-93].

Осы реттен келгенде, қазақ-татар әдеби байланысын жан-жақты қарастырған ақын-ғалым Бүркіт Ысқақов есімі мен еңбегін айырықша атап өту орынды болып табылады. Әдебиетші-ғалымның «Қазақ-татар әдеби байланысы» (1976), «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» (2007) атты зерттеу еңбектері қазақ-татар әдебиеттері байланысын түп-тегі, қалыптасуы

мен даму жолдары тұрғысынан кең көлемде қарастырады. Еске түсірсек, «Қазақ-татар әдеби байланысы» атты еңбекте түркі тілдес халықтар, оның тарихи негізі мен мәдени-рухани арналары сөз етіледі. Ал, «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» атты зерттеу еңбегі (А., «Арыс», 2007, 276-бет) аталмыш халықтар әдебиеті мен байланысы, әуелгі бастауы мен даму жолдары, тарихи-көркемдік аспектілері, мәдени қатынастар, игілікті әсерлер төңірегінде сөз етеді. Маңыздысы, әрине, зерттеу еңбегінің басты бөліктерінде (бірінші тарау: Халық ауыз әдебиеті нұсқалары мен көне жазба ескерткіштеріндегі жалпы сарындар; екінші тарау: XIX ғасырдағы қазақ және Еділ бойы халықтарының әдебиеттеріндегі ортақ үндер; үшінші тарау: XX ғасыр басындағы қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттеріндегі ұқсас сипаттар; төртінші тарау: Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің совет дәуіріндегі интернационалдық бірлігі мен ұлттық ерекшеліктері) Қазақ және Еділ бойы халықтарының ұлттық һәм достық қарым-қатынастары, халық және жазба әдебиеттерінің негізгі нұсқалары, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығы мен ерекшеліктері кеңінен қарастырылады. Екі ел арасындағы тарихи тамырластық пен тағдырластық, достық қарым-қатынас пен руханият әлеміндегі ортақ тұстар кеше-бүгінгі байланыстары тұрғысынан танып-талданады. Автор аталмыш зерттеу еңбегінде бұл бағыттағы көзқарас-ұстанымдарын былай білдіреді: «...халықтардың мәдени және әдеби байланысы проблемалары – заманымыздың маңызды мәселелерінің бірі, сол үшін де халықтар арасындағы мәдениет пен әдебиет байланыстарын зерттеу, бұл байланыстың негізгі түрлері мен жолдарын анықтау, олардың заңдылықтарын ашу және оларға ғылыми талдау жасау-қазіргі кезде саяси,

ғылыми және практикалық мәні бар іс саналып, әдебиеттану ғылымының маңызды бөлімінің біріне айналып отыр» (10-бет).

Кітапта бұдан басқа, атап айтқанда, қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттері арасындағы тарихи-көркем һәм шығармашылық мәселелері, оның өзі бірнеше кезеңдер негізінде кең өріс алады. Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ одағы, Алтын Орда хандықтары тұсындағы қоғамдық жағдай, өмір-уақыт шындықтары, руханият өзегі мен өрістері негізгі назарда болады. Қазақ және Еділ бойы халықтарының тарихи тағдырлары мен ұлттық ерекшеліктері, мәдени-рухани арналардағы идеялық-творчестволық байланыстардың кеше-бүгінгі көріністері, дәстүр мен сабақтастық сырлары жан-жақты айқындалады. Зерттеу жүйесінен дәлдік пен тереңдік танылады.

Профессор Т.Жұртбай татар әдебиетін М.Әуезов шығармашылығымен байланыстырып, оның өзі екі халықтың (қазақ, татар) қарым-қатынасында айтулы орын алғанын атап көрсетеді: «Қазақ пен татар әдебиеті байланыстарының ерекше ынтымақтаса дамыған және жазба әдебиеттерінің негізі қаланған кезеңі-Ресей империясының бодандығына түсіп, тарихи тағдыры мен рухани мүддесі ұштасқан 16-19 ғасырлардың арасы.

...Татар және қазақ әдеби байланысының негізгі кезеңі кеңес өкіметі билік құрған соңғы 70 жылды қамтиды. Бауырлас екі халықтың ынтымағы мен рухани қарым-қатынасы, көркем ойлау жүйесі жаңа деңгейге көтерілді. Қазақ, татар көркем сөз өнерінің жетістігі болып табылатын елеулі шығармалардың барлығы да екі тілде аударылып, басылып отырды» [5.566-567].

(Жалғасы бар).

**Матуза АБДУЛОВА,
Махамбет жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.**

Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы.

«КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУҒА ҮЙРЕТУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(6-сынып)

Жалпы білім беретін мектептің «Көркем шығарманы оқытуға үйрету» курсы оқушылардың әдеби кітаптарды оқуға дағдыландыруға арналады.

Кемеңгер жазушы М.Әуезовтің: «... өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді мәдениетті емес деуге болады»,- деген сөзі рухани бай тұлға тәрбиелеуде күні бүгін де, ертең де мәнін жоймайды. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, елжандылық, ұлттық құндылықтарын бағалай білу қасиеттерін қалыптастыруды өз білімімді жетілдіру арқылы іске қостым. Тәжірибемде әдебиет пәнін оқытудың мақсаты – баланы барынша қызықтырып, оның қабілетін арттырып, өз ойын толық жеткізуге, жағдай туғызу деп санаймын.

Мұндағы басты нысан – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, мұғалім мен бала бірлесе әрекет ету болмақ. Мұғалім мен оқушы өзара ынтымақтаса отырып, әңгімені, өлең-жырларды мәнерлеп оқып, оқыған кітаптарын айтып, шығармалардан үзінді баяндап, білгенін одан әрі дамытып, жұрт алдында өз пікірін айтып, өнерін көрсетуге дағды-

ланып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Курс бағдарламасы 6-сыныптағы әдебиет пәнінің білім беру стандартына сәйкес оқу жоспары негізінде құрастырылып, аптасына 1 сағат, жылдық сағат саны 34 сағатқа жоспарланды.

Мақсаты:

- Оқушының тілді дұрыс пайдалануы мен сөздік қорын байыту;
- Болашақ кәсіби іс-әрекетін саналы және жауапты түрде таңдауына жағдай туғызу;
- Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, ата-баба салт-дәстүрлерінің құндылығын ұғынуға үйрету;
- Рухани дүниесін байыта отырып, оларға азаматтық, адамгершілік, елжандық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беру;
- Халқымыздың ұлттық құндылықтарын сөз өнері тұрғысынан қабылдауға қажетті білім, білік дағдыларымен қаруландыру;
- Өзіндік бейіндік білім алуын жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Оқушының еркін, үйлесімді дамуын және ойлау қабілетін арттыру;
- Әдеби оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;
- Азаматтық құндылықтарды білуге, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, тіл шеберлігін қалыптастыруға, өз ойын толық жеткізуге үйрету, көркем шығармаларды оқыту мен талдау арқылы құндылықтарды тауып, сөйлеу шеберлігін арттыру;
- Алған білім мен дағдысын тәжірибеде, күнделікті өмірде қолдана алу қабілеттілігін дамыту;
- Ұйымдастыру түрлері: лекция, дебат, ойталқы, конференция, саяхат сабақ, қойылым сағат, кіріктірілген сабақ, т.б.

Оқыту нәтижесі: оқыған шығармаларына тақырыптар

бойынша жоба дайындату, шығарма, эссе, баяндама, ойтолғау, т.б.

Бағалау жүйесі: тоқсан сайын жұмыстары тыңдалып, сараланады. Үздіктері мектептен тыс шараларға қатысады.

Әдебиеттер:

1. А.Жапбаров. «Оқушылардың сөздік қорын байыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» / 5-10-сыныптар/. А.Арыс, 2007, 252-б.

2. Қ.Бітібаева. «Әдебиетті оқыту технологиясы».

3. Р.Әміров, Ж.Дәулетбекова. «Сөз тазалығы – тіл мәдениетінің алғы шарты». А., 2006.

4. Ф.Оңғарсынова. «Сөз сыры». А., 2005.

5. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. /1,2 том/.

6. Абай. Өлеңдер мен аудармалар, қара сөз.

7. «Қазақтар». Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.

8. Мектеп жасындағы балаларға арналған басылымдар.

Күнтізбелік жоспар

Р/с	Өтетін сабақтың тақырыбы	Сағ.	Сабақты беру әдісі	Қосымша оқу, талдау жұмыстары
1	Әдебиеттің суреттейтін нысанасы – адам.	1	Лекция.	Оқулықтың кіріспе бөлімі.
2	Абай жырлары мен қара сөзі.	1	Мәнерлеп оқу.	1855-1886 жылдар жазылған жырлары.
3	С.Аронұлы. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».	1	Талдау.	Н.Ақышев. «Мейірімділік сәулесі».
4	Қасиет деген не?	1	Ой-пікір айту.	Айса Хамзаұлы. «Обал», Р.Әбдіқадырова. «Кешірім».

5	С.Торайғыров. «Мен – қазақ».	1	Салыстырма.	Ж.Молдағалиев. «Мен қазақтың» поэмасы.
6	Мен қазақ болғаным мақтанамын.	1	Мәнерлеп оқу.	«Қазақтар». 8 том /Атажұрт/
7	Ш.Құдайбердіұлы. «Адамдық борышың».	1	Мәнерлеп оқу.	«Қазақтар». 5 том /Ата салт/
8	Борыш деген не?	1	Өз ойын жеткізу.	Ш.Күмісбаев. «Тапсырма», «Көмек».
9	Өлеңді талдау.	1	Шумақ, тармақ, буын, ұйқас.	
10	М.Жұмабаев. «Қазақ тілі».	1	Тіл туралы ойлар. Білімділік сабағы.	«Қазақтар». 6 том / «қазақ» сөзінің шығу тегі туралы/.
11	Өз тілімді сүйемін.	1	Эссе жазу.	Ә.Тәжібаев. «Тәрбиеші».
12	І.Жансүгіров. «Домбыра».	1	Мазмұнын талдау.	А.Жұбанов. «Ғасырлар пернесі».
13	Домбыра және ұлттық аспап орындалатын шығармалар туралы.	1	Ізденіс сабағы.	М.Айымбетов. «Шебер мен бала».
14	Б.Майлин – әңгіме шебері.	1	Әңгімелеу.	С.Дүйсенбиев. «Ақылды тентек».
15	Ғ.Мүсірепов. «Автобиографиялық әңгіме».	1	Өмірбаянын айту.	«Ұлпан», т.б. ана тақырыбындағы шығармалары.
16	Троптың түрлері.	1	Түсіндіру, талдау.	Н.Қадырбаев. «Ғажайып дүние».
17	Ә.Сәрсенбаев. «Сен құрметте оны».	1	Мәнерлеп оқу және мазмұнын талдау.	Қ.Жармағамбетов. «Дала дауылпазы».

18	Батырлық, ерлік тақырыбындағы шығармалар.	1	Оқығандарын мазмұндау.	«Қазақтар». 1 том / тарихи оқиғалар/
19	Б.Момышұлы. «Жауынгер тұлғасы».	1	Кейіпкерге сипаттама.	Б.М. Екі томдық шығармалар жинағы.
20	Ш.Мұртаза. «Қызыл жебе».	1	Кейіпкерлерге талдау.	С.Мұқанов. «Халық мұрасы», Ш.М. 6 томдық жинағы.
21	Шығарманы талдау.	1	Құрылымы бойынша талдау.	С.Мұратбеков. «Қылау».
22	М.Мағауин. «Бір атаның балалары».	1	Жоспарлау.	«Қазақтар». 3 том / Шежіре/
23	М.Мақатаев. «Елім барда», т.б.	1	Мәнерлеп оқу және мазмұнын баяндау.	Н.Ғабдуллин. «Алтын бесік».
24	Б.Соқпақбаев. «Менің атым Қожа».	1	Өңгімелеу.	Б.С. «Жекпе-жек».
25	Мектептегі достар.	1	Эссе.	Қ.Жаркенов. «Оқушының бір күні».
26	М.Әлімбаев. «Биіктер».	1	Оқу, баяндау.	Қ.Қазиев. «Жалғыз үйрек».
27	Бақытты балалық шаққа саяхат.	1	Эссе.	М.Сүндетов. «Аншы балалары».
28	Ө.Кекілбаев. «Шыңырау».	1	Өңгімелеу, баяндау.	Ө.К. «Бір уыс топырақ».
29	Д.Исабеков. «Ата үміті».	1	Пікірін айту.	С.Мұратбеков. «Қара құлып».
30	Мен кімін?	1	Ойтолғау.	Ы.Алтынсарин әңгімелері.
31	Мақал-мәтелдер мен тыйым сөздердің мәні.	1	Түсінігін жеткізу.	«Қазақтар». 4 том / Ата сөз/.

32	Күнделік жазу.	1	Өзіне есеп беру.	С.Жүнісов. «Сақау бәтеңке», «Кірпіш».
33	Әр түрлі теледидар хабарларын жүргізу.	1	Нәтижесін көрсету.	Жоба дайындау.
34	Қорытынды.	1	Үйренгенін дәлелдеу.	Эссе, шығарма, жоба.



Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
филология магистрі,
«Өрлеу» АҚФ Біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы
Астана қаласы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты,
деңгейлік бағдарламалар
орталығының тренері.

ТІЛ ТАРИХЫ

(Жалпы білім беретін орта мектеп, мектеп-гимназиялардың қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған факультативтік курс бағдарламасы)

Пікір берушілер: М.К.Аманғазиева., ф.ғ.к., С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті тілдер кафедрасының аға оқытушысы.

Қ.Қ.Ахметова., п.ғ.к., «Өрлеу» АҚФ Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Астана қаласы бойынша педагог қыз-

меткерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі.

Астана қаласы Білім беру жүйесіндегі педагог кадрлар біліктілігін арттыру қайта даярлау институтының ғылыми кеңесінде мақұлданған. Хаттама №29, 31.01.2012 ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Уақыт сұранысына сай факультативтік курстарды үнемі жандандырып отыру – біздің міндеттеріміздің бірі.

«Тіл тарихы» факультативтік курсы арқылы оқушының тіл тарихы туралы білімін жандандыру бағытында 10-11-сыныптарға арналған тіл тарихы факультативтік курс бағдарламасын әзірлеп ұсынып отырмыз.

«Тіл тарихы» факультативтік курсына тіл тарихын жан-жақты әрі терең танытуға мүмкіндіктер жасай отырып, оқушылардың ғылыми танымын қалыптастыруды басты нысана етіп алып отырмыз.

Факультативтік курс бағдарламасы тіл білімі негізінде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасақталды.

Тіл тарихы өзінің даму жолында аса күрделі қиын күрес жолдарын бастан өткерді. Тіл тарихы мұрасының жайын білу, бағалау саласында саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты қоғамдық ой-санада қым-қиғаш талас-тартыстар өріс алғаны белгілі. Сондықтан тәуелсіз заманның уақыт талабына орай жана таным мен соны көзқарастың ғылыми тұрғыдан тың байламдарын бүгінгі заман жастарының санасына сіңіру міндеті алға қойылып отыр. Осы мақсатта «Тіл тарихы» факультативтік курсына оқушыларға жастайынан ұсынуды жөн санадық.

Бұл курста әр оқушы өзі таңдаған тақырыбы бойынша ізденіп, түрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасауына болады.

Бағдарламаның соңында қысқаша әдістемелік нұсқау және осы бағдарламамен жұмыс жасау барысында пайдалануға болатын әдебиеттер тізімі берілген. Факультативтік курс арқылы тіл тарихын тереңнен танытуға өз үлесімізді қосамыз деп ойлаймыз.

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР (10-сынып)

1. Факультативтік курстың тақырыбы мен мақсат, міндеті туралы жалпы мағлұмат (әр тақырыпқа шолу, 1 сағ.).
2. Қазақ тілі – көне тіл (Тіл – дербес ғылым, 2 сағ.).
3. Қазақ тілі туралы пікірлер (П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, А.Брем, В.В.Радлов, А.Янушкевич, т.б. пікірлері, 3 сағ.).
4. Бір бәйтерек бұтағымыз (Түркі тілді халықтардың тіл туыстығы жағынан бөлінуі, 2 сағ.).
5. Көне түркі жазба нұсқалары (Көне түркі жазбалары, 2 сағ.).
6. Орхон ескерткіштері (Орхон ескерткіштері атласымен жұмыс, 2 сағ.).
7. Тастағы жазудың тарихы (Тастағы жазулардың сыры мен құпиясы, 2 сағ.).
8. Қазақ тілін зерттеуші ғалымдар (Н.И.Ильминский, М.А.Терентьев, В.В.Катаринский, Н.Лаптев, П.М.Мелиоранский, А.Е.Васильев, В.Григорьев, А.Н.Самойлович, Ы.Алтынсарин, А.Құрманбаев, А.Байтұрсынов, М.Малдыбаев, т.б., 3 сағ.).
9. Қазақ әліпбиі (қазақ әліпбиінің тарихы, 2 сағ.).
10. Тіл білімінің негізін салушылар (Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Ш.Ш.Сарыбаев, т.б., 2 сағ.).
11. Тіл мәдениеті туралы («Тілін білмеген – түбін білмейді» турасында, 2 сағ.).

12. Абай және тіл мәдениеті (Абайдың тіл өнеріне қосқан үлесі хақында, 2 сағ.).

13. Қазақ жазуы туралы (Қазақ жазуының тарихы, пиктография, идеографиялық немесе логографиялық буын жазуы, әріп жазуы, 3 сағ.).

14. Өзіндік жұмыс (Көп тілді меңгергендер туралы, 2 сағ.).

15. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл (ҚР Мемлекеттік тіл туралы Заңы, 2 сағ.).

16. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары (бағдарламамен танысу, білу, дамыту жолдарына үлес қосу, 2 сағ.).

«Тіл тарихы» факультативтік курсы бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспар

№	Тақырыптар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағат саны
1	Кіріспе сабақ.	Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, міндеттері.		1
2	Қазақ тілі – көне тіл.	Тіл – дербес ғылым.	Тіл туралы ойтолғау жазу.	2
3	Қазақ тілі туралы пікірлер.	П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, А.Брем, В.В.Радлов, А.Янушкевич, т.б. пікірлері.	Кітапхана және ғаламтормен жұмыс.	3
4	Бір бәйтерек бұтағымыз.	Түркі тілді халықтардың тіл туыстығы жағынан бөлінуі.	«Бір бәйтерек бұтағымыз» кестесімен жұмыс.	2
5	Көне түркі жазба нұсқалары.	Көне түркі жазбалары.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №11, 2002 ж.	2

6	Орхон ескерткіштері.	Орхон ескерткіштері атласымен жұмыс.	Атласымен жұмыс.	2
7	Тастағы жазудың тарихы.	Тастағы жазулардың сыры мен құпиясы.	Ежелгі дәуір әдебиеті мұралары» еңбегімен жұмыс.	2
8	Қазақ тілін зерттеуші ғалымдар.	Н.И.Ильминский, М.А.Терентьев, В.В.Катаринский, Н.Лаптев, П.М.Мелиоранский, А.Е.Васильев, В.Григорьев, А.Н.Самойлович, Ы.Алтынсарин, А.Құрманбаев, А.Байтұрсынов, М.Малдыбаев, т.б.	Аталған тұлғалар еңбектерімен танысу.	3
9	Қазақ әліпбиі.	Қазақ әліпбиінің тарихы.	Қазақ әліпбиі туралы ойқозғау.	2
10	Тіл білімінің негізін салушылар.	Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Ш.Ш.Сарыбаев, т.б.	Аталған тұлғалар еңбектерімен танысу.	2
11	Тіл мәдениеті туралы.	«Тілін білмеген – түбін білмейді» турасында.	Тіл мәдениеті тақырыбында эссе жазу.	2
12	Абай және тіл мәдениеті.	Абайдың тіл өнеріне қосқан үлесі хақында.		2
13	Қазақ жазуы туралы.	Қазақ жазуының тарихы, пиктография, идеографиялық немесе логографиялық буын жазуы, әріп жазуы).	Туысқан түркі халықтарының ортақ жазуы турасында ойқозға.	3

14	Өзіндік жұмыс.	Көп тілді меңгергендер.	Ойқозғау.	2
15	Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.	ҚР Мемлекеттік тіл туралы Заңы.	Заң баптарымен жұмыс.	2
16	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	Бағдарламамен танысу, білу, дамыту жолдарына үлес қосу.	Бағдарламаны терең түсініп оқу.	2
	БАРЛЫҒЫ:			34

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

(11-сынып)

1. Факультативтік курстың тақырыбы мен мақсат, міндеті туралы жалпы мағлұмат (Әр тақырыпқа шолу, 1 сағ.).
2. Тіл тарихына шолу (Қазақ тілі – көне тіл тарихына, тіл туралы пікірлерге, көне түркі жазбаларына, тілді зерттеуші ғалымдарға, тіл негізін салушыларға, т.б. шолу, 2 сағ.).
3. Қазақ тіл білімі және түркология (Тіл білімі ғылымы мен түркологияға кіріспе, 2 сағ.).
4. Қазақ тіл білімінің салалары (Лингвистика туралы ұғым, фонетика, лексикология, грамматика салалары, 2 сағ.).
5. Графика мен орфография (Графика мен орфография туралы түсінік, 1 сағ.).
6. Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімі (Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімінің ара-қатынасы, 2 сағ.).
7. Тілдің жүйесі мен құрылымы (Тілдің дыбыстық жүйесі және фонетикалық заңдылықтар, 2 сағ.).
8. Тілдің лексика жүйесі мен құрамы (Лексикологияның негізгі объектісі, сөз бен ұғымның қарым-қатынасы, лексиканы қолдану жолдары, 2 сағ.).

9. Семасиология (Полисемия, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы. Метафора, метонимия, синекдоха, табу және эвфемизмдер, 2 сағ.).

10. Этимология (Ғылыми этимология және халық этимологиясы, 1 сағ.).

11. Тілдің грамматикалық құрылысы мен жүйесі (Грамматика және оның объектісі, салалары, түрлері. Сөз құрамы мен морфемалар туралы түсінік, аффикстер, т.б., 2 сағ.).

12. Фонетика ғылымының дамуы (Қазақ тілінің фонетика саласын зерттеушілер, 2 сағ.).

13. Қазақ лексикологиясының зерттелуі (Қазақ тілінің лексикологиясын зерттеушілер, 2 сағ.).

14. Грамматикалық құрылыстың зерттелуі (Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеушілер, 2 сағ.).

15. Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуі (Сөйлем синтаксисі саласының зерттелуі хақында, 2 сағ.).

16. Диалектология ғылымының дамуы (Диалектология туралы түсінік, ғылым ретінде дамуы, 2 сағ.).

17. Әдеби тіл тарихының зерттелуі (Әдеби тіл тарихы хақында, 1 сағ.).

18. Түрколог ғалым С.Е.Малов. (С.Е.Малов еңбектерімен танысу, оқу, білу, 2 сағ.).

19. Тіл мен ойлаудың шығуы және дамуы (Тіл мен ойлаудың шығуы мен дамуы туралы, 1 сағ.).

20. Тілдердің классификациясы (Тілдердің генеологиялық және типологиялық классификациясы, 1 сағ.).

«Тіл тарихы» факультативтік курсы бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспар

№	Тақырыптар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ саны
---	------------	--------------------	-----------------------	----------

1	Кіріспе сабақ.	Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, міндеттері.	Тіл туралы ойтолғау жазу.	1
2	Тіл тарихына шолу.	Қазақ тілі – көне тіл тарихына, тіл туралы пікірлерге, көне түркі жазбаларына, тілді зерттеуші ғалымдарға, тіл негізін салушыларға, т.б. шолу.	Мұрағатқа бару, материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	2
3	Қазақ тіл білімі және түркология.	Тіл білімі ғылымы мен түркологияға кіріспе.	Кітапханамен жұмыс.	2
4	Қазақ тіл білімінің салалары.	Лингвистика туралы ұғым, фонетика, лексикология, грамматика салалары.	А.Байтұрсынов. «Тіл тағылымы» еңбегімен жұмыс.	2
5	Графика мен орфография.	Графика мен орфография туралы түсінік.	Пиктография, идеография, буын, дыбыстық жазулар туралы деректермен танысу.	1
6	Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімі.	Жеке тіл білімі және жалпы тіл білімінің ара-қатынасы.	К.Ахановтың «Тіл білімі» еңбегімен жұмыс.	2
7	Тілдің жүйесі мен құрылымы.	Тілдің дыбыстық жүйесі және фонетикалық заңдылықтар.	Ә.Хасенов. «Тіл білімі» еңбегін оқу, танысу.	2
8	Тілдің лексика жүйесі мен құрамы.	Лексикологияның негізгі объектісі, сөз бен ұғымның қарым-қатынасы, лексиканың қолдану жолдары.	А.Байтұрсынов – тіл білімінің атасы (ойтолғау).	2

9	Семасиология.	Полисемия, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы. Метафора, метонимия, синекдоха, табу және эвфемизмдер.	Көркем шығармадан метафора мен метонимияны табу.	2
10	Этимология.	Ғылыми этимология және халық этимологиясы.	Көркем шығармадан халық этимологиясын табу.	1
11	Тілдің грамматикалық құрылысы мен жүйесі.	Грамматика және оның объектісі, салалары, түрлері. Сөз құрамы мен морфемалар туралы түсінік, аффикстер, т.б.)	Қ.Аманжоловтың «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегімен жұмыс.	2
12	Фонетика ғылымының дамуы.	Қазақ тілінің фонетика саласын зерттеушілер.	Дүние жүзінде көп тараған тіл қай тіл? Дәлелде.	2
13	Қазақ лексикологиясының зерттелуі.	Қазақ тілінің лексикологиясын зерттеушілер.	Ғылым дегеніміз не? Ізденіс жаса.	2
14	Грамматикалық құрылыстың зерттелуі.	Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеушілер.	Тіл мәдениеті тақырыбында мәнжазба жазу.	2
15	Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуі.	Сөйлем синтаксисі саласының зерттелуі хақында.	М.Балақаев, Т.Қордабаев. «Қаз.қаз.тілі» еңбегімен танысу.	2

16	Диалектология ғылымының дамуы.	Диалектология туралы түсінік, ғылым ретінде дамуы.	«Көп тіл білу – қолыңда». Ойтолғау.	2
17	Әдеби тіл тарихының зерттелуі.	Әдеби тіл тарихы хақында.	М.Балақаев. «Қазақ әдеби тілі» еңбегімен танысу.	1
18	Түрколог ғалым С.Е.Малов.	С.Е.Малов еңбектерімен танысу, оқу, білу.	«Тіл – достық дәнекері». Эссе.	2
19	Тіл мен ойлаудың шығуы және дамуы.	Тіл мен ойлаудың шығуы мен дамуы туралы.	Көркем шығармадан синекдоха, табу және эвфемизмдерді табу.	1
20	Тілдердің классификациясы.	Тілдердің генеологиялық және типологиялық классификациясы.	Полиглоттар туралы дерек жинау.	1
	БАРЛЫҒЫ:			34

Оқушыларға қойылатын талаптар:

- Тіл тарихын терең танып білу;
- Қазақ тіл білімін терең меңгеру;
- Тілдік тақырыптар бойынша мәнжазбалар мен курстық жұмыстар, ғылыми жобалар жазу;
- Шығармалар тілін талдай білу;
- Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білу;

Қысқаша әдістемелік нұсқау

Факультативтік курста дамыта оқыту технологияларын, интерактивтік оқыту әдістерін, кембридждік оқыту тәсілдерін, басқа да оқытудың жаңа әдістерін қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың бір факторы болып табылады. Мұндай сабақтардың ерекшелігі – оқушы өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, шығармашылық жұмысқа қызығушылығын арттырады, жеке тұлға ретінде қалыптасады. Сабақ барысында әр оқушы өзіндік тұжырымы арқылы жаңа материалды саналы түрде игереді. Сабақтың қызықты, тартымды өтуі оның дұрыс ұйымдастырылуына, жоспарлануына байланысты. Сабақта жүргізілетін жұмыстардың түрлері ауысып, түрленіп отыруы – міндетті шарттардың бірі. Әрбір жұмыс түріне берілетін уақытқа да ерекше көңіл бөлінуі қажет, өйткені бір жұмыс түріне уақыт көп бөлінсе, немесе жиі қайталанып отырса, ол оқушыларды жалықтырады. Сондықтан оқытушы сабақты дұрыс жоспарлауға, оны түрлі әдіс-тәсілдермен әсерлі өткізуге ерекше мән беруі қажет.

Көрнекі құралдар сабақтың ұтымдылығын арттыратыны белгілі. Қазіргі кезде қазақ тіліне байланысты көрнекіліктер көптеп шығарылып жатыр. Осы тақырыпқа байланысты шығып жатқан әр түрлі плакаттарды, буклеттерді, электронды материалдарды пайдалану арқылы сабақты түрлендіруге болады. Оқушылар бірте-бірте ғылымға аяқ басу үшін оларға мәнжазба, курстық жұмыс, ғылыми жобалар жазғызудың рөлі зор. Олар сол арқылы өзінше ойлауға, тұжырым жасауға икемделеді. Материал жинау мен оны саралауға үйренеді.

Техникалық құралдармен қазіргі уақытта барлық мектептер қамтамасыз етілген. Сондықтан техникалық құралдарды сауатты пайдалану керек екенін еске саламыз.

Факультативтік курста оқытушы жаңа материалды оқушының бұрын алған біліміне сүйене отырып, жаңа тақырыпты өз беттерінше игеруге жағдай жасауы керек.

Сонда оқушылардың бұрын алған білімі қайталанып отырылады да, жаңа материалды өз танымдары мен логикалық ойлауы арқылы меңгеруіне мүмкіндік туады. Факультативтік курсқа арналған арнайы оқулық ретінде мектеп оқулықтарымен қатар тіл білімі кітабы ұсынылады. Керекті материалдарды оқытушы өзі жинақтап, іріктеп алады. Сондықтан оқытушы материал жинақтаған кезде оқушының мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, материалдарды екшегені дұрыс. Өз кезегінде ғылымилыққа да қадам басудан қорықпағаны абзал.

Факультативтік курс бойынша оқушылардың алған білімін тексеру жұмыстарының түрлері:

- Тест сұрақтарына жауап алу;
- Оқылған әдебиеттерге тілдік талдау жасау;
- Әр түрлі шығармашылық жұмыстар жазғызу;
- Берілген жоспар бойынша ғылыми жобалар жаздыру;
- Әр тақырып бойынша құрастырылған сұрақтарға жазбаша жауап алу;
- Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білуге үйрету.
- Берілген тақырыптар бойынша мәнжазбалар, курстық жұмыстар, ғылыми жобалар жаздыру, қорғату.

Элективті курсты жүргізу барысында ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы, 1992 ж.
2. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., “Санат”, 2003.
3. Ә.Хасенов. Тіл білімі. А., “Санат”, 2003.
4. Ә.Хасенов. Тіл біліміне кіріспе. А., “Рауан”, 1990.
5. Б.Қалиұлы. Тіл біліміне кіріспе. А., “Дарын”, 2003.

6. Б.Н.Головин. Введение в языкознание. М., Высшая школа, 1966.

7. В.И.Кодухов. Введение в языкознание. М., Просвещение, 1979.

8. Ю.С.Маслов. Введение в языкознание. М., Высшая школа, 1975.

9. А.А.Реформатский. Введение в языкознание. М., Просвещение, 2002.

10. Т.И.Вендина. Введение в языкознание. М., Высшая школа, 2003.

11. Э.Д.Сулейменова. Казахский и русский язык: основы контрастивной лингвистики. А., 1996

12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1974-1986 жж.

13. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А., 1966.

14. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977.

15. И.Е.Маманов. Қазақ тілі. А., «Мектеп», 1989.

16. Р.Сыздықова. «Емле және тыныс белгілері».

17. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі.

18. Н.Оралбаева, Б.Шалабаев, Т.Әбдіғалиева. «Практикалық қазақ тілі». А., «Ана тілі», 1993.

19. Ә.Ишмухамедов. «Қызықты грамматика».

20. Г.К.Рысбаева. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. А., Сөздік-Словарь, 2000, 192-бет.

21. Диалектологиялық сөздік. А., «Арыс», 2007.

22. Т.Қоңыров. Тұрақты тенеулер сөздігі. А., «Арыс», 2007.

23. Қазақ тілінің сөздігі. А., 1999.



Шолпан НҰРҒАМЫСОВА,
Семей қаласындағы
№37 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Әлемдік білім кеңістігінен орын алуда ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жүргізу, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жан-жақты дамыған рухани бай, өз елін, халқын ерекше сүйетін тұлға қалыптастыру міндеттері – ең өзекті мәселелердің бірі.

Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиет пен өнердің орыны ерекше. Сондықтан әр сабақ оқушыны адамгершілікке тәрбиелеу мақсатына бағытталуы тиіс. Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылық іске ұмтылдыру, ойлана, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдыландыру – негізгі мақсат. Сондықтан сабақ өзінің мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері жағынан оқушылардың материалды саналы түрде қабылдауын жүзеге асыруға бағытталуы керек.

Елімізде білім беру жүйесін жаңаша қалыптастырып, оны бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ұластыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, танымдық мәдениеті биік, ұлттық құндылықтарымызды жете меңгерген, интеллектуалдық өресі жоғары, өзін-өзі үнемі дамыта алатын қабілетті жастарды тәрбиелеу - бүгінгі заман талабы. Мұндай маңызды міндеттерді іске асыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының орыны ерекше.

Әдебиет пәні – қоғамтану, өміртанудың басты құралдарының бірі. Әдебиет – сөз өнері, адамтану, адам тәрбиелеу құралы. Адам бойында асқақ арман, ізгі қасиет, берік сенім, сұлулық пен әсемдікке, өмірге құштарлық, таза шынайы мөлдір сезім, т.б. қалыптасуына әдебиет ерекше әсер етеді.

Әрбір көркем шығарманы қызығып оқып, түсініп, ұғып, нәр, әсер, ләззат ала білгенде ғана оқушының рухани жан дүниесі байып, ойдағыдай өсіп жетіледі. Әдебиет қоғамдық дамуға бірден-бір әсер етуші әлеуметтік күшке айналады. Әдебиет бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарын іске асыруға сәйкес маңызды күшке айналып отырғандықтан, оны нәтижелі оқытудың тиімді жолдары жүзеге асырыла бастады. Әдебиетті оқытудың сапасын арттырудың жаңа әдістемелік жүйесі отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде сараланып, дәйектелген жаңа бағыттармен байытылуда. Бүгінге дейінгі озық тәжірибелерді негізге ала отырып, әлемдік білім жүйесіндегі жаңашылдық идеяларды тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылуда. Әдеби-теориялық білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес анықталады. Әдеби білім беру жастарды адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасы, ұлттық құндылықтарымызды бағалай, терең түсініп, ұғына, саралап талдай білуге бағыттайды.

Нәтижеге бағдарланған білім моделі бойынша оқушы әдебиетті пән ретінде ғана игеріп қоймайды, сол пәндік білім негізінде көркем шығарманы дүниетанымдық,

әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастыра отырып, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде меңгеруге бағыт-бағдар алады. Нәтижеге бағытталған білім беру мұғалім мен оқушының қарым-қатынасына тікелей байланысты. Мұның бір жағы оқушыға көркем туындыны өз бетімен игеруге, сезімінің қалыптасуына мүмкіндік ашады. Мұнда мұғалім мен оқушы еңбегінің сапалылығы – нәтиже кепілі болмақ. Игерілген білім сапасы нәтижемен өлшенеді. Демек, нәтижеге құрылған жаңа технологияны оқыту үрдісіне енгізу, білім, дағды, іскерлікті дамыту – басты мақсаттардың бірі болып саналады.

Өз іс-тәжірибемде сал-серілер поэзиясын оқытуда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерімді ортаға салғым келеді. «Сал-серілер, әнші-ақындар поэзиясын оқытуда инновациялық технологияны пайдалану үлгілері» атты әдістемелік нұсқаулықты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ш.Б.Қаптағаева екеуіміз әзірледік. Нұсқауда компьютерде сал-серілер мен әнші-ақындардың өмірлері, шығармашылығы слайдтар арқылы берілсе, әндері, бүгінгі күнде түсірілген клиптер, әндерді орындаушы жергілікті өнер иелерінің ауызынан жазылып алынған бейнетаспаны сабақта пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдері берілді. Қаламыздағы Абай атындағы қазақ музыкалық – драма театрында көрсетілген Серік Тұрғынбековтың «Абай-Біржан» атты қойылымында Біржан рөлін сомдаған өнер қайраткері, сахна шебері Азамат Нұрғамыс пен театрдың әдеби бөлімінің меңгерушісі Жұмабек Қамбаров ағамыздың сұхбатын арнайы бейне таспаға түсіріп, сабақта пайдаландым. Сондай-ақ, белгілі әнші Берік Омаров ағамызды арнайы сабаққа шақырып, Сегіз серінің «Гауһартас» әнінің тарихымен танысып, бірнеше әндерді орындап бергені оқушылардың дәстүрлі әндерге деген қызығушылықтарын арттырды. Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романының желісі

бойынша «Балқадіша» әнінің туу тарихы «атты сахналық қойылым әзірлеп, Мұхиттың әні «Зәурешті» педагогикалық колледждің студенті Асылханның орындауында тыңдатып, сал-серілер өмірі мен шығармашылығы және әндерінің туу тарихы туралы көптеген мәліметтермен оқушыларды таныстырдым. Оқушылар арасында «Дәстүрлі әндердің әуенін өзгертіп орындау «дұрыс, дұрыс емес» деген пікір-талас ұйымдастырғанымда да оқушыларымның дәстүрлі әндерге деген көзқарастарын байқадым.

Сал-серілердің, әнші-ақындардың шығармаларын оқыта отырып, тереңіне үңілу, тарихи деректерден мәліметтер беру – ұлттық құндылығымызды дәріптегеніміз, қастерлегеніміз деп білемін. Сондай-ақ, әр түрлі тапсырмалар, тест сұрақтары, бейнетаспа оқушының белсенділігі мен жоғары қызығушылығын арттырып, еркін жұмыс істеуіне, оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпал етеді.

Өз тәжірибемде қолданылған сахналық қойылымның үлгісін ұсынып отырмын.

Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы бойынша «Балқадіша» әнінің туу тарихы» атты сахналық қойылымның сценаріі. Қатысатындар:

1. Ақан сері.
2. Сұлтанмұрат.
3. Балқадіша.
4. Сары келіншек.
5. 1-жігіт.
6. 2-жігіт.
7. Жігіт ағасы.
8. Үй иесі – әйел.

Үйде Ақан, т.б. отырады. Хадиша екі жеңгесімен үйге кіреді.

1-жігіт: - О, Хадиша келді ғой. Төрге шық! Ақан ағаның қасына отыр (төрге шығып, Ақанның қасына отырады.)

Ақан: - Аман ба, қалқам!

Хадиша: - Армысыз, Ақан аға!

Ақан: - Айналайын, осы ауылдың баласымысың, ныспың кім? Хадиша деді ме?

Хадиша: - Иә, Ақан аға! Ел Хадиша дейді. Шын атым – Балқадиша.

Сары келіншек: - Ыбекеңнің қызы. Естуіңіз бар шығар. Сіз келді деген соң, үйден рұқсат алып шығып едік Балым екеуіміз. Бір әніңізді өз ауызыңыздан тыңдайық деп келдік, көп отырмаймыз.

Хадиша: - Жәрәйді, енді, қойшы, жеңеше!

Ақан: - Балқадиша! Балқадиша! Хадиша деген жақсы есім. Ал оған бал қосылса, тәтті болмай ма? Жо-о-оқ, атыңды олай қысқартуға болмайды. Балқадиша деген өте келісті екен.

2-жігіт: - Иә, иә, дұрыс айтасыз, өте келісті.

Жігіт ағасы: - Ал, серім, сіздің мерейіңіз бәрімізге ортақ. Өздеріңіз Қараөткел жағынан шықты дегелі көзіміз төрт боп жолыңызға қарап, тағатымыз қалмай, қашан көргенше асық едік. Көптен лебізіңізді естімей құмартқан ел өзіңізді тыңдамаққа отыр. Бүгін жастар жағының билігіндесіз. Ертең ауыл ішіндегі ақсақал, қарасақалдар тегіс жиналмақ. Жаңа бір ән болса, өз ауызыңыздан үйреніп қалсақ.

Ақан (домбырасын ақырын шерте отырып): - Иә, қолқаларың орынды. Менің соңғы әндерімді өздерің білесіңдер. Мен шығарушы болғанмен, айтушы да, елге таратушы да – өздеріңсіңдер. Бұл жолы үш жүздің жұрты жиналған асқа барып, қалаға шыққан жәрмеңкешідей әкеле жатқан базарлығымыз бар, бір жолға соны сыйласақ па деп отырмын.

Дауыстар: - Ол қандай ән екен? Айтыңызшы аға!

Ақан: - Қазақ жерінің құбыла жағын кең мекендеген

кіші жүз елін өздерің білесіңдер. Он саусағынан өнер тамған домбырашы, күйші ел. Сол елдің аты шулы Мұхит деген әншісі бар. Мұхиттың «Айдайы», «Айнамакөзі» қазір көп елге тараған екпінді әндер. Осы жолы Аққошқар – Сайдалы асында сол ақынның «Зәуреш» деген әнін естідік. Ән-сазы жүйке тамырыңда қуалып, алпыс екі тамырыңды идіретін жоқтау сарындас қарышты, әрі мұңды ән. Мен сауыққа жиналған сендердің көңілдеріңді жабырқатайын деп отырғаным жоқ. Бұл әнді бар мәнімен, ырғақ сазымен келістіріп айтатын Сұлтанмұраттың ауызынан естіп қалсын деп отырмын. Ал өлең мазмұны мынадай: «Кіші жүзде Медет деген адам болыпты. Оның үш әйелі, үш әйелінен отыз ұл, Зәуреш деген жалғыз қызы бар екен. Қазақ жері тосын келер аурудан қашан арылған! Бір жылы бүкіл елге жаппай келген алапаттан Медеттің отыз ұлы түгел қырылады. Жалғыз Зәуреші ғана аман қалыпты. Медет құдайға құлшылық етіп, жалғыз қарашығының тірі қалғанына тәубе етіпті. Бірақ, жұт жеті ағайынды. Медет Орынбор барып, еліне оралса, құдай тағала тағы да қос қолдап төбесінен ұрған екен, көзінің жалғыз қарашығы Зәурешінің сары топырағы үйілген қабірінің басынан шығыпты.

Дауыстар: - Обал болған екен. Е-е, Алла-ай десеңші!

Ақан: - Сондағы Медет қарттың зары «Зәурешті» Мұхит былай зарлатқан екен. (Сұлтанмұратқа белгі береді). Ал, Сұлтанмұрат, айтып жібер!

(Сұлтанмұрат «Зәуреш» әнін орындайды).

Дауыстар: - Неткен аянышты!

(Балқадиша және тағы басқалар да көздерін сүртеді).

Ақан: - Шымырлаған бұл мұңды ән – жалғызынан, жұлдызынан айырылған ата зары, төтелеп келген ажалға төтеп бере алмаған, айтпай жеткен қазаға ара тұра алмаған ана зары, жаңа көзін ашып, жұбанышы болған сәбиінен айырылған, қанатынан қайырылған адам зары. Талай

Зәурені әуреге салып, көкпарға тартып жүрген әкелер аз ба? Мұхиттың бұл әні осындай әкелерге, енелерге деген қарғыс оғы, түсінбегенді тебіренер ата зары, адам зары. Ендеше, жастығыңда ойна да күл, біреудің тезегін терсең де, теңіңді тап, жігітің бар, қызың бар, айдауға жүрер күн болма, саудаға түсер пұл болма. Берер бата, тілер тілек ендігі жастан осы болмақ. Атам заманнан бері ең жақыныңның зары, ел ақтаған ақыныңның зары да осы болмақ.

Ал, енді, көңілді көтеретін бір ән салып, көңілімізді бір көтерейікші!

Мосқал жігіт: - Басшы айғайға, айызымызды бір қандыршы!

(Сұлтанмұрат ән орындайды).

Дауыстар: - Әй, шіркін, қалай тап басады.

Тура жанды жерден ұрады.

Паһ, шіркін!

Сары келіншек: (сабырлы дауыспен): - Балым, масқара, таң атып қалыпты. Не масқара басып білмегенбіз?

Балқадидша (күлімсіреп): - Қазір, жеңеше! Отыра тұрайықшы!

Сары келіншек: - Балым, айналайын, біраз отырдық қой, ендігәрі үйден шығармай қояды, кетейікші. Аналар біздің сыбағамызды беріп жатқан шығар, Балым, еркем, кетейікші... Сен кетпесең, мен кетемін, жауабын өзің берерсің.

Балқадидша: - Бара бер, мен кейін...қасқыр жемес.

Сары келіншек: - Құдай-ай, енді қайтейін, таяқ жейтін болдым-ау.

Ақан: - Балқадидша, байқаймын, осы біздің Мәшек ауылының келіндеріне дейін нақ қарауылдың өзі болып алған ғой деймін.

Балқадидша: - Оны басыңыздан кешкен жоқ па едіңіз, Ақан аға, үйреніскен нәрсе ғой.

Ақан: - Олай болса, рұқсат, айналайын, жеңгелерің зәбір шеге көрмесін.

Балқадидша: - Ештеңе етпес, Ақан аға! Сіздердей адамдар күнде қолымызға қона бермейді. Бір жауабын береміз. Егер сазайымызды тартсақ, сіз келген күннің бір белгісі болар. Осы түннің куәсіндей әніңізден бір белгі қалар ма деп едік...

Ақан: - Әлі талай тыңдайсың ғой, Балым!

Балқадидша: - Қайдам, Ақан аға! Біз де енді ұзамай мына жеңгелеріміздің киімшегін киетін шығармыз. Ноқтамыз даяр, тек жаңағы өзіңіз айтқан қыл шылбыр есілмей жатыр (Ақан домбырасын алып шерте бастады).

1-жігіт: - Бір ән, бір ән, ақын аға!

Ақан (Балқадидшаға қарап):

- Қызы едің Ыбекеңнің, Балқадидша,

Бұралған белің нәзік, шіркін-ай, тал Хадиша.

Жиылған осы тойға қалың қыздың,

Ішінде қара басың, па, шіркін, хан Хадиша!

Дауыстар: - Пау деген!

- Рас-ай, бір өтірігі жоқ.

Ақан:

- Дегенге Балқадидша, Балқадидша,

Боларсың біздің сөзге, дүние- ай, зар Хадиша!

Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,

Боларсың қандай жанға, құдай-ай, жар Хадиша!

Дауыстар: - О, шіркін, десейші!

- Ақан аға ұзатылып қойғанын да білген-ау тегі...

- Қайран, Балқадидша!

Ақан:

- Баласы Ыбекеңнің Балқадидша,

Есілді өрлей біткен, шіркін-ай, тал Хадиша!

Бір емес, екі жеңген келіп отыр,

Рұқсат бізден сізге, амал не, бар, Хадиша!

(Жұрт қол соғады): - Бәрекелді! Бәрекелді! Бәрекелді!

Ақан: - Жігіттер! Балқадияша – орталарындағы мәпелеген ақ құстарың екен. Ертең алысқа ұшар қарындасқа бұл бір ағасының сыйы, тартуы болсын! Ал, енді, бәріміз қосылып айтайық!

(Бәрі қосылып «Балқадияша» әнін айтады).

СОҢЫ.



**Әлия НИЕТАЛИНА,
Ақтөбе қаласындағы
№47 жалпы білім беретін
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАН МЕН СОЛ БІР-ЕКІ АЙ» ӨЛЕҢІН ОҚИТУ

Абай өлеңдерінде өз тұсындағы қазақ шындығының көріністері кеңінен суреттеледі. «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» – ақын өлеңдерінің ішіндегі мазмұны терең, көркемдігі жоғары, идеясы биік туынды. Өлеңде малмен күн көріп отырған елдің шаруашылық әрекеті, тіршілік тәсілі, табиғат қабағын баққан мінезі аңғарылады. Шебер суреткер күн суып, ауа райы бұзылып, қысқа аяқ басқан шаруашылыққа қолайсыз шақтағы ауыл өмірінің қоңторғай суретін реалистік дәлдікпен, жанды әрекетті күйінде алдына тартады. Өлеңде табиғат суреті мен адам әрекеті жымдаса бейнеленген.

Бір ауылда екі түрлі өмір: бірі – қара суықта мал соңында жүрген кедей, жағуға отын таба алмай жыртқық үйде бүрсең қаққан байғұстар, екіншісі – кәрі қойды сойып алған, айналасына киіз тұтқан жылы үйде, маздап жанған от жанында көңілі тоқ бай мен қатын-баласы. Реалист ақынның шын ықыласы қорланғандар жағында, кедей жалшының жүдеу тұрмысына жүрегі сыздап тұр. Өлеңнің шығу тарихын кемеңгер жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы оқиға желісі дәлелді жағдайлармен ашып береді. Өлең Тәкежан ауылына барғанда Абайдың көрген, білген, сөйтіп, көңіліне тоқыған жағдайдан туындаған еді. Сондықтан ақын өлеңін «Абай жолы» романымен (түпнұсқамен) салыстырмалы түрде оқып талдаған тиімді. Мұндай әдіс арқылы оқушы өлеңнің идеялық мазмұнын жақсы түсінеді, қоғамдағы шындықтың бетін ашып әшкерелеген Абай реализміне ден қояды. Өлең мен роман оқиғасы салыстырмалы түрде оқылып, өлең мазмұны ашылады.

Роман: Ауыл сырты тозған, сары жұрт болса да бай ауылы қарашаның қатты суық қара желіне жонын төсеп, күзекті тақырлап жеп бітіргенше көшпей, тыртысып отыр. Тәкежанның қалың жылқысы мен қой, түйесі де ауыл маңында жоқ. Алыс қырқа, ұзақ қалың шұбарларда, өрісте жүр. Маңының оты тозған шаруа ауылы, қазір жақын тұсқа бірде-бір қара құра қалдырмай, алысқа айдап салған. Ойда жоқ қонақ келсе, «мал алыста, өрісте еді» деп, өлі ет асып беруге сылтауы әзір. Тіпті ауыл маңында үрген ит те жоқ. Олар да сорпа-сүйек тимеген соң, жүдеу күздің күнінде тышқан аулап, қаңғып кеткен.»(80-бет) Осындай сырт ажарында дағдылы тірлік белгісі жоқ, суық қабақ жабырқау ауылға үш салт атты келді. Бұлар: Абай, Ербол, Дәрмен. Ойда жоқ көңілсіз бір жұмыстар еріксіз атқа міндіріп, осы Тәкежан ауылына келтірген. Абай аттан түскенде, қабақ шытып, амалсыздық ажарын көрсетті. Үй ішінде Тәкежан,

Қаражан бар. Және бұл үйде дөңгелек, қалың, қызыл жүзін қоршалай, қабындап шыққан қара сақалы бар Әзімбай отыр екен.

Оқулық:

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай,

Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.

Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,

Ықтырмамен күзеуде отырар бай.

Роман: «Ауыл реңі өзгеше жүдеу еді. Далада бұттары жылтырап, жалбыр-жұлбыр киініп бүрсеңдеген, күс басқан аяқтары қызарған кедей балалары көрінді. Бай үйінің сыртын жағалап, жүк жиылған күнес жақта ақырын күбірлеп ойнайды. Қойшының қоңыр лашығының бір үзігі сыпырылған. Қолы-беті жарылған жұмыскер әйел үйінің жыртығын жамап отыр. Жалаңаштанған үйдің керегесінен жүдеу, шоқпыт тымақ киген кәрі кемпір сол шала жағылған үй ішінде, қара суық астында малма сапсып отыр.» (84-бет).

Оқулық:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып,

Тонған иін жылытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Роман: Абай жалғыз өзі жағалап, осы үйге тақады. Ішінен: «мынадан да ауыр күй болар ма? Неткен сор! Қара суық күн мынау, баспанасыз, жылусыз жыртық шоқпыт жандар мынау...Кімдер екен?» деп әуелі үй сыртында құрым үзіктің көп тесігін жамап отырған жас әйелді көрді. Абай бұл әйелді танымайды екен. Жүзі жүдеу, киімі жұқа келіннің ажарында науқас белгісі бар. Беті-қолында көк тамырлары білініп, жөткіре түседі. Келінмен амандаса бергенде, Абайға үйдегі кемпір де бұрылып қарады. Бұл үй кімдікі екенін Абай енді таныды. Кемпірге тақап кеп:

- Ойпыр-ау, Иіс - ау, сенің үйің бе еді бұл?! Осынша жүдеп

тозған кім болды екен деп келе жатыр ем! – деді де, Абай Иіс кемпірдің қасына үй ішіне кірді. Енді аңғарып қараса, Иістің жыртық күпісінің екі етегі жайыла түсіпті де, екі жақ бүйірінде екі кішкене бала суықтан тығылып, паналап отыр екен. Балалардың жақтарынан боздағы шыққан, шаштары ұзарған. Жүздері мен кірпіктерінде қалың қорқыныш пен ауыр уайым тұрғандай. Екеуінің де көздері Абайға жасқанып, жалына қарайды. Қап-қара ашық көздерінде жазықсыздан жапа шеккен панасыздық, сор үйелегендей. Арық құп-қу беттерінде аштық табы да бар. Көздері алара түскен әлсіз балапандар тағы да бүрісіп, әжесіне тығыла береді. Шамасы бес пенен үш жастардағы аянышты бөбектер. Абай Иіс кемпірдің амандасқан сөздерін де естімеген екі шиеттей баланы ойлағанда, өз жүрегі тоназып, қатты бүрісіп кетті. Иіс қапалық жайын баяндап отыр.

- Қарағым, Абай-ай, бізге берген күнді ана байдың үйінің иті екеш итіне де бермесін, неғыласың! – дейді... Абай Иістің бірталай мұңын тындап еді, келіні болса ауру екен. Ыстық істеп ішерлік отын табар да жан жоқ. Иса болса ымыртта бір-ақ келеді. Ауру келінді отынға жіберуге кемпір аяйды. Сонымен күнұзын мынау кішкентай лыпасыз екі немересін осылайша бауырына басып отырады екен.

- Күнім осы, балапанын қанатының астына тыққан кәрі тауықтай отырғаным мынау! - деді. (85-бет)

Оқулық:

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,

Талтайып қақтана алмай өле жаздап.

Кемпір-шалы бар болса қандай қиын,

Бір жағынан қысқанда жел де азынап.

Роман: «Тәкежан үйінің жанында қалың киіз жапқан отау үй бар. Ол – Әзімбай отауы. Сол үйдің жанына түйе шөгерілді. Теңдеп әкелген қара қиы бар екен. Қаражан бұл кезде үйінен өзі шығып, қи әкелген бурыл сақал малшыға

зекіп, әмір етіп тұр. – Қиды берме, түгі, көрінгенге. Үлкен үй мен отауға ғана бөліп қой! Отын көрінсе шетінен қылқиып, «бір жағым», «екі жағым» деп тіленіп, келеді де тұрады. Тарт? Жоғал үйлеріңе! «Неге келдің сен қатын?», - деп, жылқышының келіншегіне, «сен де аулақ бар» - деп қойшыға және бірер жыртық киім, жүдеу жүз, боздағы шыққан бала мен қыздарға ақыра зекіп, айдап салды. Тек жұрттың бәрінің соңынан ақырын басып, қорғанып келген отыншының кетік тіс, шұбар кемпіріне ғана орта қап қара қиды зорға өлшетіп берді. Абай осы кезде Қаражанды тоқтатып, бір қап қиды өзі бұйырып бөлек түсіртті де, отыншыға алғызып, Иіс кемпірдің үйіне жөнелтті. Абай Қаражан қайта бұрылғанда күліп жіберді де, жеңгесін әжуалап қалжың айтты: - Шіркін, Қаражан-ай! Сенен де мырза бай бар ма екен? Кедейін сендей жарылқаған бәйбіше көрсем көзім шықсын! Қайтіп қана қара қидың орта қабын қиып бердің, - деді. Қаражан өз ісінен қысылғандай болды. Бұл күнде әжім тартқан сұрғылт жүзін сәл жадыратып, Абайға көзін сығырайтып, күліп қарады. – Қасымнан бетер қайным-ау, бұл жерде де сыртымнан бағып, сынап тұр ма едің? – деп, Абайға есік ашып үйіне кіргізді. Абай айналадағы бар көріксіз күйкі күйлерден өзінше бір өзгеше ұшқын шабыт алғандай болды. Ызалы мысқыл аралас ашынған ой сергек оянғандай. Төрге қарай ширақ басып кеп, отыра сала Дәрменнен қағаз бен қарындаш сұрады. (86-бет)

Оқулық:

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Роман: «Қалың, жылы киім киген бай-бәйбішенің бұл күнде күзекте тігіп отырған үйі де жылы екен. Айнала қалың киіз, текемет, кілем тұтылған. Ортада сары қидың оты

маздап жанады. Дәл осы кезде тыста, үй сыртында дабырлап жүрген ұсақ балалар сықылығы естіліп еді. Жыртық киім киген, үрпийіп тоңған жүздері бар үш-төрт кішкене бала есіктен бас бағып, оты маздап тұрған үлкен үйге сығалайды. Жылы жерге жақындауға батылы да жоқ. Қызыға, телміре қарасады. Қаражан ол балаларға көзі түскенде «тәйт, арман, шық» деп, шошыта үркітіп жіберді. (86-бет)

Оқулық:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Роман: «Сол балалардың алдында үй ішіне батыл енген кішкене қара домалақ бала – Шөпіш еді. Ол – Тәкежан, Қаражанның Әзімбайдан туған үлкен немересі. Ет пісер кезде үлкен үйге жолдастарын ертіп жүгіріп келген. Қазір Қаражан бір жілік түсірттіп, сырлы тостағанға салып, сол баласына ұстатты. Қолына кездік беріп, сыбырлай бұйырып, ақыл айтып жатыр. – Үйде отырып же! Далаға шықсаң ана кедейдің өңшең сүмелек баласы қолыңнан алып қояды, жалынып сұрап! Емініп артыңнан қалмайды, асыңды ішкізбейді, зәр ішкірлер! Шықпа, қасымда отырып же! – деп қақылдап отыр. Шөпіш бала кетейін десе кете алмай, құрбыларынан ұялып, жалтақ-жалтақ етіп асын да жей алмай алаңдап қояды. Бірақ ызғарлы шешенің құрығынан құтылар да емес. Абай бұл күйді де мысқылды жүзбен түгел бағады.» (87-бет)

Оқулық: Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.
Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіңдей ит болсын азғыр-азғыр.

Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Роман: Осы уақытта Абай жазуын тоқтаты. – Ербол, Дәрмен! – деп, екеуін қатарына шақырып алды. – Тәкежан, Қаражан, сендер де тыңдаңдар! – деп, үйдің ішін тегіс елең еткізді де, жаңа өлеңін оқып кетті:

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай...

...Айтып отырған ауылы қазір өздері отырған Тәкежан ауылы екені тыңдаушының барлығына топ еткендей таныла кетті. Одан әрі Тәкежан ауылындағы мал баққан малшының, отыны жоқ көрші үйлердің күйлері кетті. От тауып жылына алмай, боздағы шыққан балалар соры да ұмытылған жоқ. Орта қап қара қи да, кәрі қойдың етімен Ерболды жөнелтпек боп отырған сараң үйдің есебі де айтыла келді. Дәл осы үйдің балалар турасында танытқан ит мінезіне арналған қатты мысқыл сөздер енді шығандап шықты. Бай үйіне батып кіре алмаған жасқаншақ жыртық балалар мен олардан тамағын ұрлап ішіп отырған Шөпіш танылды. Кедей баласына жиреніш атып отырған ысқырған Қаражан мінездері қаз-қалпында өлең қатарына түсті.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,

О да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр!– деп, шүйілген жолдар иесін тауып жатыр. Әйгілеп айтқан ауыр соққы Қаражанды қақ бастан қамшымен ұрғандай болды. Бай мен кедей арасындағы бітімсіз аңдыскандық айтылды. Абай өлеңін аяқтағанда, Тәкежан мен Қаражан дау айтқан жоқ, ашу айтты. (90-бет)

Оқулық:

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,

Артық қайыр артықша қызметке орай.

Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,

Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,

Еңбек білмес, байдың да жоқ қой орны.

Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,

Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

Осылайша, бар сорақысы бадырайып тұрған, әрі зорлық, әрі жуандық, әрі арамдық ұясындай бай ауылында, сол күнгі қазақ сахарасының басындағы тарихтай жүдеу күздің күнінде, Абайдың анық өлмес, өшпес және бір сазы туып еді. Бай үйінің отымен кіріп, күлімен шығатын кедей өмірі, аяз бен боранға, ұры мен бөріге қарсы тұрып, мал соңында жүрген жалшының ауыр күйі көз алдымызға келеді. Ақын қазақ ауылындағы тап теңсіздігін, кедей мен байдың арасындағы үзілмей келе жатқан қайшылықтардың бетін ашады. Сөйтіп, кедей-жалшылардың ауыр халін, қайыршылыққа айналған аянышты тұрмысын өте шебер сипаттайды.



Гүлзар ДОСАНОВА,

М.Әуезов атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Атырау облысы,

Индер ауданы,

Индербор кенті.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘУЕЗОВ

Мақсаты: *білімділік* – М.Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметі, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу; *дамытушылық* – оқушыларды өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Пікірін ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру; *тәрбиелік* – әлем таныған

Әуезовтің ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, елін сүюге, әдебиетті сүюге тәрбиелеу. **Түрі:** ғылыми-практикалық конференция. **Әдісі:** шығармашылық зерттеу. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әлем әдебиеті, театр, өнер. **Көрнекілігі:** М.Әуезов портреті, кітаптар көрмесі, азаматтық шығармашылығына байланысты тұсаукесер слайдтары, «Аңыз адам» журналы, бүктемелер, т.б.

Жүру барысы:

Жоспар:

I. «Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін»

М.Әуезов өмірінің тарихи тізбесі.

II. «Шежіре» М.Әуезов ататегі.

III. «Әуезов әлемі» (әдеби қызметі).

IV. «Әуезовтің әдеби мұрасы» (шығармашылығы).

а) «Ұлы суреткер» (әңгіме, повестері);

ә) «Ұлылық үлгісі» (романдары);

б) «Қазақ драматургиясының тарланы» (драмалық шығармалары);

в) «Ұлт мақтанышы» (ғылыми еңбектері, очерктері);

г) Аудармалары.

V. «М.Әуезов – әлем әдебиеті мойындаған тұлға».

М.Әуезов әлем тілінде

VI. «Естеліктер сыр шертеді».

а) Мұражай, жәдігерлер;

ә) Ұлы адамдардың естеліктері;

б) Ақындардың арнаулары.

VII. Қорытынды.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Туған халқын төрткүл дүниеге мәшһүр еткен ұлы суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезов - кемел ойдың кеніші, кенен сөздің өрісі. Қазақ әдебиетінің барлық жанрына тұңғыш рет қалам тартып, бәрін игеріп, сол арқылы тіліміздің шұрайын, еліміздің шырайын танытқан қарымды қаламгер, дарынды ғалым. Ұлы жазушы, данышпан ойшыл, ғұлама ғалым, асыл азамат Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына биыл 115 жыл толып отыр.

Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М.О.Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі.

Ол талай жер теңселтіп, ел сенделткен әлеуметтік сілкіністердің, қиялды қысыратып, сананы тоқыратқан түбегейлі өзгерістердің жаппай тендікке ұмтылып, елдікке құлшынған рухани буырқаныстар кезеңі болып, тарих қойнауына аттанғалы отырған жиырмамыншы ғасырмен жарық дүниеге бірге келді.

Қазақ халқы жаңа ХХ ғасыр табалдырығынан Абай секілді хас данышпанды алдына салып аттады. Осынау зорлық көрген сайын мольға түскен өнер қуаты, соның шырқау шыңына айналған Абай мұрасы ұлттық санамызды мейлінше кемелдендіріп, жаңа рухани ізденістерге жігерлендірді. Елдің тағдырына қатысты күрделі мәселелерді алға тартты. Ұлттық сезім ұлттық санаға айналды.

Әуезов өмірі мен еңбегінің халық үшін қаншалықты маңызды болғанын кейін тарихтың өзі дәлелдеді. Ол аласапыран кезеңдерде халқымыздың талай рет үзіліп қала жаздаған мәдени-рухани арқауына, ұлттық сана сезіміне дәнекер болып, кешегі күннен бүгінгі күнге аман жетуіне себепкер болды.

Олай болса, бүгінгі «Әлем таныған Әуезов» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияны заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығын толық тануға арнамақпыз.

(Жоспармен таныстыру). Оқушыларға жоспар бойынша ізденіс-тапсырмалары берілген болатын.

I. «Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін»

М.Әуезов өмірінің тарихи тізбесі.

1897 жылы 28 қыркүйекте Семей уезі, Шыңғыс болысы, Бөріліде дүниеге келген.

1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады.

1915 жылы қалалық училищені бітіріп, Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

1917 жылы маусымда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасы тұңғыш рет Ойқұдықта киіз үйде сахналанады.

1918 жылы қазанда Омбыдағы Жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның атқару комитетінің мүшесі болып сайланады.

1919 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіріп, Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің қызметкері, кейіннен бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

1921 жылы 12 тамызда Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады.

1921 жылы қарашада Орынбордағы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің президиум мүшесі қызметіне ауысады.

1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне еркін тыңдаушы болып түседі. «Шолпан» және «Сана» журналдарында еңбектері жарық көреді.

1923 жылы Ленинград Мемлекеттік Университетіндегі қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға түседі.

1924-1925 жылдары Семейде мұғалімдер техникумында оқытушы қызметін атқара жүріп, «Тан» журналын шығарады. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады.

1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды әрі Қазақ ағарту институтында сабақ берді.

1930 жылы 16 қыркүйекте «ұлтшыл, буржуазияшыл» деген айыппен тергеуге алынып, тұтқындалады.

1932 жылы түрмеден шартты түрде босатылады.

1932-1937 жылдары Алматыдағы Қазақ драма театрында әдеби бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

1942 жылы «Абай жолы» жарық көріп, сынға ұшырайды.

1943 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына профессор болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды.

1945-1956 жылдары екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясы құрылғанда, оның толық мүшесі (*академик, №1 куәлік*) болып сайланады, филология ғылымдарының докторы, профессор атағы берілді.

1946-1947 жылдары «Абай жолының» екінші кітабы жарық көреді.

1949 жылы «Абай жолы» романы үшін бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық беріледі.

1950 жылы роман-эпопеяның «*Ақын аға*» деп аталатын үшінші кітабы жарық көреді.

1951-1954 жылдары саяси-идеологиялық тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, қайтадан жаппай сынау науқаны басталады.

1953 жылы қамауға алыну қауіпі төнгендіктен сәуір айында Мәскеуге жасырын кетуге мәжбүр болады.

1953-1954 жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор болып орналасып, «*КСРО халықтары әдебиетінің тарихы*» деген арнайы курс бойынша дәріс берді.

1954 жылы Алматыға қайтып оралып, «*Абай жолы*» роман-эпопеясын аяқтайды.

1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланады.

1957 жылы тамызда Жапонияда өткен атом және сутегі бомбаларына тыйым салу жөніндегі бүкіләлемдік конференцияға қатысады.

1957 жылы 60 жылдық мерейтойы Алматы мен Мәскеуде салтанатты түрде аталып өтіп, Ленин орденімен марапатталады.

1957-1961 жылдары Тіл және әдебиет институтының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

1961 жылы 27 маусымда Мәскеуде операция үстінде көз жұмады.

II. «Шежіре». М.Әуезов ататегі. (Слайд).

III. «Әуезов әлемі» (әдеби қызметі)

1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі

1923 жылы маусым айында Ленинград (*қазіргі Санкт-Петербург*) мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға ауысады.

1925 жылы Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1926 жылы жаз айында Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырады.

1927 жылы жазда Жетісу өңіріне сапармен келіп, Илияс Жансүгіровпен бірге болашақ шығармаларына материал жинайды.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады

1953 жылы Мәскеу мемлекеттік университетіне профессор болып орналасады.

1955 жылы шет елге сапарға шығып, Герман демократиялық Республикасы (ГДР) жазушыларының Берлинде өткен съезіне құрметті қонақ ретінде қатысады.

Үндістанға 40 күндік сапармен барып қайтады.

1956 жылы КСРО мәдениет қайраткерлері өкілдерінің қатарында Чехословакияда болады.

Атом және сутек бомбасын сынауға қарсы халықаралық қозғалыстың Жапонияда өткен 3-конференциясына қатысады.

1958 жылы Ташкентте өткен Азия және Африка елдері жазушыларының 1-конференциясын ұйымдастырушыларының бірі болады.

1960 жылы АҚШ-қа барып қайтып, 1961 жылы Үндістанға екінші рет сапар шегеді.

IV. «Әуезовтің әдеби мұрасы» (шығармашылығы)

а) «Ұлы суреткер» (әңгіме, повестері).

М.Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы.

Қаршадайынан қазақтың бай ауыз әдебиетінің інжу-маржандарынан сусындап, әрісі Асан қайғы, Ақтамберді,

Бұхар жырау, Дулат, Махамбет жырларынан тәлім алған, бесігінде жатып, ұлы Абай өлеңдерімен көкірегін тербеген бала Мұхтардың өсе келе Шығыс пен батыс мектептерін бойына қатар сіңірген дана Мұхтарға айналуы заңды құбылыс еді.

Әуезов ұлттық таным-түсінік пен талғамға мүлдем жаңа леп әкелді. Оның «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Қилы заман», «Көксерек» сияқты алғашқы шығармаларының өзі қазақ сөз өнері мен көркем ойлау жүйесін жаңа сапалық биікке көтерді.

20 жылдардағы «Қараш-қараш» – Әуезов прозасының шоқтығы биік шығармасы. 1930-1940 жылдар аралығында өмірге келген прозалық шығармалары «Іздер»(1932ж), «Білекке білек» (1933ж), «Үш күн» (1934ж), «Шатқалаң» (1935ж.), «Асыл нәсілдер» (1947ж) - жаңа өмір шындығын суреттеген туындылар. Сонымен қатар «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану»), «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық», «Бүркітші», «Кешкі дөң басында», «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында» атты әңгімелері бар.

ә) «Ұлылық үлгісі».

«Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (*Луи Арагон*) деген жоғары баға алды. Сондай-ақ бұл роман-эпопея қазақ халқын, қала берді бүкіл түркі әлемін дүние жүзіне танытқан ұлы шығарма ретінде де танылды.

Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «*Абай*» (1942, 1947), онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «*Абай жолы*» (бұл да екі кітаптан тұратын; 1952, 1956) романын жазды. Осы төрт томнан тұратын «*Абай жолында*» қазақ қоғамының

алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы тұтас галерея жасалды. Онда қазақ халқының этнографиялық, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері – бәрі бар. Роман-эпопеяның танымдық мәнімен бірге ұлттық әдебиет пен мәдениетті, ана тілін өркендетудегі рөлі зор болды. Ол Абайды 17 жыл зерттеп, 12 жыл жазған.

Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін ол Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды.

Эпопея дүние жүзі халықтарының бір жүз он алты тіліне аударылып, миллиондаған оқырманды сусындатып, оларға ұлы Абайды, Абай арқылы қазақ халқын паш етті. Ол екі жүз томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды.

б) «Қазақ драматургиясының тарланы».

Әуезов қаламынан 20-дан аса драмалық шығарма туды. Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л.Соболев («Абай»), С.Мұқанов («Ақан – Зайра»), Ғ.Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә.Тәжібаев («Ақ қайың»), Ә.Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» пьесалары.

Әуезовтің «Еңлік – Кебегі» (1917 ж.) 1922 жылы Орынборда басылды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі – «Түнгі сарын». Бұл – қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды. «Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларында Әуезов реалистік драма жасаудың түрлі-түрлі құралдарын пайдаланған.

1934 жылы сахнаға шыққан «Хан Кене» трагедиясы - Әуезовтің азаттық идеясын терең бейнелеген, аса көркем тарихи пьесасы.

«Дос – Бедел дос», «Қарагөз», «Шекарада», «Бәйбіше-тоқал», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Бекет», «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Құм мен асқар», «Бес

дос», «Алуа», «50 жыл өткен соң», «Райхан» драмалары бар.

Әуезовтің драмалық шығармалары – қазақ әдебиетінің алтын жамбыдай қымбат, асыл шығармалары – біздің ұлттық мақтанышымыз.

в) «Ұлт мақтанышы» (ғылыми еңбектері, очерктері, мақалалары).

М.Әуезов жайында айтылар сөз көп. Әр дарынның табиғаты әр басқа. Мұхтар Әуезов табиғаты тіпті ерекше. Ол – 1917 жылы жазған «Адамдық негізі - әйел» деп аталатын публицистикалық мақаласының өзінде елдік, мемлекеттік ойлар айтқан. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе!» деген М.Әуезов сөзін қазақтың әрбір шаңырағы өз маңдайшасына ойып жазып қойса, жарасарлықтай.

Ғылыми еңбектері: «Әдебиет тарихы», «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет», «Абай Құнанбаев», «Абайтанудан жарияланбаған материалдар», «Абайтану дәрістері», «Абай ақындығының айналасы», «Ескермедім, қабылдамадым», «Абайтану оқулары», «Әдебиет танытқыш», «Әдебиет теориясы», «Ертегі туралы», «Қобыланды батыр», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Бұхар жырау», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Махамбет», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Сәбит Дөнентайұлы», «Шәңгерей», «Шортанбай шығармалары», «М.Ю.Лермонтов», «Л.Н.Толстой», «Некрасов өмірі», «Қырғыз дастаны – «Манас», «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі», т.б.

Очерктері: «Оңтүстік сапарынан», «Шаянды шешен Керекең», «Америка әсерлері», «Америка сапары», «Индия очерктері», «Индия күнделіктері», «Түркістан солай туған», «Ол күнгі Алматы», «Абай ауылында», «Мәдениетті Қазақстан», «Ер серігі - сергек ой», «Ақын елінде», «Асыл нәсілдер», «Үшқоңыр жайлауында», т.б.

Мақалалары: «Адамдық негізі – әйел», «Қазақтың өзгеше мінездері», «Қазақ әйелі», «Оқу әдісі», «Ғылым», «Ғылым тілі», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Мәдениет хәм ұлт», «Япония», «Философия жайынан», «Оқудағы құрбыларыма», «Бүгінгі

зор міндет», «Өліп таусылу қауіпі», «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Қызыл сұңқарлар туралы», «Сот», «Қазақ бөлімдері туралы», «Көркем әдебиет туралы», «Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Қазақстандағы ұлттар», «Алтынсарыұлы Ыбырай» секілді 300-ден астам мақала, очерктері бар.

Әуезов – қазақ болмысы мен мінезінің ғажайып айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, қайталанбас полотносы, реалды шындығы, кемеңгерлік кестесі. Өзі туған ұлтын бар артық-кемімен ішінен үңгі отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни, қазаққа ғана емес, жұмыр жердің ұлы төсін жайлаған кез келген ұлтқа, әрбір жұмыр басты пендеге түсінікті ете отырып, таныту – Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты.

г) Аудармалары. М.Әуезовтің қаламынан әлемдік және орыстың тамаша классикалық әдебиетінің, бауырлас халықтар әдебиетінің танымал шығармаларының тәржімелері туды. Олар: Крылов мысалдары, А.С.Пушкин «Бородино», «Евгений Онегин», Низами «Ескендір», Гете «Қараңғы түнде тау қалғып», Д.Лондон «Қасқыр», Н.В.Гоголь «Ревизор», Погодин «Ақсүйектер», Л.Н.Толстой «Той тарқар», «Булька», «Будда», В.Шекспир «Отелло», «Асауға тұсау», И.С.Тургенев «Дворян ұясы», К.Тренев «Любовь Яровая», А.Афиногенов «Қорқыныш», Ю.Вагнер «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», А.П.Чехов «Ақ қасқа», В.Эвальд «Құрылыс материалдары», А.Серафимович «Темір тасқын».

V. «М.Әуезов – әлем әдебиеті мойындаған тұлға»

М.Әуезов әлем тілінде

Алғашқы жазба кездері, Шумердің қыш кестесі, ежелгі мысырдың папирустары, Вавилон мен Аккадтың сына жазуынан бастап мыңжылдықтардың, барлық ғасырлар мен дәуірлердің, барлық мәдениет пен өркениеттің қатаң сұрыптауынан өтіп, бізге жеткен таңғажайып туындыларды жинақтаған ХХ ғасырдың ғаламат басылымы – іріктелген Данте мен Шекспир, Толстой мен Томас Манн қатарынан, Горький мен Шолохов

қатарынан – ұлы ескерткіштер жинағы 250 томының екі томы Мұхтар Әуезовке тиесілі болуы кездейсоқ жайт емес.

«Абай жолы» эпопеясының өзі дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылса, оның бірқатар шығармалары ағылшын, албан, араб, армян, әзірбайжан, башқұрт, белорус, бенгал, болгар, бурят, венгр, вьетнам, грек, голланд, грузин, испан, қырғыз, серб, француз, қарақалпақ, словак, тәжік, татар, тува, түрік, түркімен, өзбек, хинди, парсы, поляк, пушту, румын, ұйғыр, украин, урду, фин, якут, чех, эстон, қытай, корей, латвия, литва, мари, молдован, монғол, неміс тілдеріне аударылған.

Мінекей, осының өзі Мұхтар Әуезовтің – тек қана қазақ әдебиетінің ғана емес, күллі әлемдік әдебиеттің қайталанбас ұлы тұлғасы екендігін дәлелдейді.

VI. «Естеліктер сыр шертеді»

а) Мұражай, жәдігерлер (слайд арқылы таныстыру).

Мұхтар Әуезов өмірден өткеннен кейін өкіметтің қаулысымен 1961 жылы өзінің тұрған үйі мұражайға айналды. Қалпына келтіру жұмыстарынан кейін 1963 жылы мұражай пайдалануға берілді. Сол жылдан 1993 жылға дейін мұражайды жазушының өз қызы Ләйлә Мұхтарқызы басқарды. Ол үйде жазушы 1951-1961 жылдар аралығында он жыл көлемінде тұрған. Мұражайдың қазіргі директоры Ләйләнің ұлы – Диар Қонаев.

1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Сол жүз жылдығы қарсаңында жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған бөлек экспозиция залы ашылды. Оның архитекторы Шоқан Матайбеков «қазына, байлық қашанда жер астында жатады» деген идеямен экспозиция залын жартылай жер астына кіргіздіріп салдырған және бұл ғимараттың төбесін Меккенің қағба тасы сияқты бейнеде келтірген. Ол да Мұхтар Әуезов ұлылығына тағзым ету, бас ию деген ұғымды білдіреді.

ә) Ұлы адамдардың естеліктері.

Мұхтар Әуезов – қазақ халқының кемеңгер ойшылы, ұлы суреткері. Бабамыздың өмірі мен еңбегі еліміздің бүгінгі

тәуелсіздігін аңсап өткен. Мұханды құрметтеу – елдің тәуелсіздігін құрметтеу, өз елінді сүю, Отаныңды қорғау, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жан аямау».

Н.Ә.Назарбаев.

Әуезов Қазақстан үшін екінші Абай, біз үшін Шығыстың Шолоховы еді.

Н.Погодин.

Біз үшін Абай қандай болса, Мұхаң да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абыройлы борышы.

Дінмұхамед Қонаев, мемлекет қайраткері.

Әлемді көз алдыға келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқатата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек.

Шығыс Айтматов, жазушы.

Мұхтар Әуезов – ақын. Ол өз елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша асқан суреткерлікпен бейнелейді. Сонша ұлылықпен, сонша суреткерлікпен және Әуезовтей кісі жырлаған халық шын бақытты ғой.

Бержерон, француз жазушысы.

«Мұхаң – әрі жазушы, әрі ғалым, әрі ұстаз, әрі қоғам және мемлекет қайраткері. Ол осының бір де бірін де осалдық көрсетпеген, бәрінде де орасан күшті, бәрін де қатар және тең ұстаған адам.» Абайша айтқанда, «Қас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімнің үлгісі болатын».

Зейнолла Қабдолов.

б) Ақындардың арнаулары.

Жазушыға талай ақындар жүрек жарды сүйікті жырларын арнаған. Енді солардың бірқатарын оқушылардың өз ауыздарынан естіміз.

Қасым Аманжолов «Мұхтар аға!», Сырбай Мәуленов «Мұқаңа», Расул Ғамзатов «Мұхтар аға», Әбдіраштың Жарасқаны «Тарих заңы», Мұхтар Шаханов «Менің есімімді неге Мұхтар қойған?».

Бұл оқылған дүниелердің бәрі біз үшін құнды. Өзінің ғажайып таланты, асқан еңбекқорлығы арқасында халқына

қалтқысыз қызмет еткен, көркем сөздің шыңына шығып, соңына мәңгі өлмес мұра қалдырған әлемге әйгілі жазушыны дәріптеу - біздің абыройлы міндетіміз деп танымыз.

VII. Қорытынды.

Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Өйткені, Әуезов әлемін қазақ әлемінен, қазақ өмірінен еш бөле-жара қарауға болмайды.

Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді!

Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мұхтар Әуезов әлемі». А., «Жазушы» 1997.
2. З.Қабдолов. «Менің Әуезовім» А., «Санат» 2007.
3. С.Сағтаров. «Мұхтар Әуезовтің ататегі». А., «Жібек жолы», 2010.
4. «Аңыз адам» журналы. №10, 2010.
5. Мұхтар Әуезов қоры.
6. «Мұхтар Әуезов» шығармаларының елу томдық толық жинағы. 43, 44, 45, 46, 47, 48-том, А., «Жібек жолы», 2010.



Нүргүл ҚАСЫМХАНОВА,
Астана қаласындағы
№67 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

(8-сынып)

Мақсаты: оқушылар толықтауыштың жасалу жолын анықтайды. **Міндеті:** топқа бөлу, ой шақырту тапсырмаларын жасату, талдау жүргізу, шығармашылық тапсырма беру, эссе жаздырту. **Әдісі:** Жеті модуль, СТО технологиясының элементтері, топпен, жұппен, жеке жұмыс, «Топтастыру» әдісі, «Терминдермен болжау» әдісі, «Шиыршық» әдісі.

Күтілетін нәтиже: мысалдар келтіреді, мәтін құрастырады, жасалу жолын қарастырып, арасындағы байланысты көрсетеді.

Ресурстар: плакат, оқулық, топқа бөлу парақшалары, сын есімнің жасалуына байланысты слайд.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.
2. Қызығушылықты ояту.
3. Мағынаны ашу.
4. Ой толғанys.
5. Бағалау.

Топқа бөліну.

Қызығушылығын ояту.

Оқушылардың ойын сабаққа аудару үшін «Біздің тобымыз...» сергіту сәті жасалады. Әр топқа флипчарт таратылады, топ мүшелері берілген сұрақтарға жауап жазады.

Топтың аты.

Сабақта неге сүйенесіздер? /барыс септігі/

Бүгінгі сабақтан нені күтесіздер? /табыс септігі/

Толықтауыштың кілті неде? /жатыс септігі/

Сабақ барысында қиналсаңыздар кімнен көмек сұрайсыздар? /шығыс септігі/

Тапсырманы кіммен орындайсыздар? /көмектес септігі/

Мағынаны тану.

Топпен жұмыс үшін әр түрлі сөз таптарының сөздері беріледі. Әр топ өздеріне берілген сөздерге толықтауыштың жалғауларын жалғап, сөз тіркесін және сөйлем құрайды.

Үлгі:

Мысал	Қосымша	Септік	Сұрағы	Сөз тіркесі	Сөйлем
Су (зат есім)	ды	Табыс септігі	Нені?	<u>Суды</u> төгу	<u>Ол суды төкті.</u>

1-топ: бала, жапырақ, жақсы, мен, оқы, айт.

2-топ: ұқыпты, мың, тоғыз қария аула, өз, тыңда.

3-топ: барлық, ешкім, көр, біреу еңбек, білімді, есті.

«Мақал-мәтелмен жұмыс». Топқа бөліну үшін берілген мақалдар бойынша әр оқушы жеке жұмыс жасайды.

Тіл өнері дертпен тең.

1. Өтірік айтқаннан өлген артық. /Етістік/

2. Ине көзінен сынады, Шешен тілінен сынады. /Зат есім/

3. Тілден бал тамады. /Зат есім/

4. Піл көтермегенді тіл көтерді. /Етістік/

5. Естіге екі сөз де жетеді. /Сын есім/

Оқу инемен құдық қазғандай.

1. Білегі күшті бірді жығады, Білімі күшті мыңды жығады. /сан есім/

2. Өнерліге нұр жауар. /Сын есім/

3. Адамды білім сақтайды. /Зат есім/

4. Ақылдыға жан қымбат, Ақылсызға мал қымбат.
/Сын есім/

5. Оқығанды айтпа, тоқығанды айт. /Етістік/

Еңбек түбі-береке.

1. Еңбекпен ер өседі, Егізден төл өседі. /Зат есім/

2. Еңбек - барлығын жеңбек. /Есімдік/


3. Еңбектен қашпа, ырысыңды шашпа. /Зат есім/

4. Бірдің ісі мыңға тиеді. /Сан есім/

5. Диқан еккенін жейді, Жылқы тепкенін жейді. /Етістік/

Мақал-мәтелдермен жұмыс қорытындысы бойынша оқушылар толықтауыштардың жасалу жолына қарай қайта үш топқа топтасады.

«Топтастыру» әдісі бойынша мысалдар жазады.



«Терминдермен болжау» әдісі бойынша интербелсенді тақтадан 7 септік және зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөз табы жазылған слайд көрсетіледі. Әр топ көрсетілген терминдерді қатыстырып, толықтауыштың жасалу жолының ережесін құрастырып, терминдердің арасындағы байланысты көрсетеді.

Сергіту сәті. «Өмірге келдім» әнін тыңдай отырып, оны қосылып айтады. Сонымен қатар әннің мәтініндегі толықтауыштарды тауып, оның жасалу жолын қарастырады.

Ой толғаныс. «Шиыршық» әдісі бойынша оқушылар өткен материалды еске түсіре отырып, жаңа материалды меңгеруге байланысты қызықты сипаттамалар айтады немесе шағын эссе жазады.

«Екі жұлдыз, бір тілек» формативті бағалау.

Екі жұлдыз = екі ұнаған нәрсе (жұмыс туралы);

Бір тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе туралы айтады.

Үйге тапсырма: «Өзім үшін жазу» әдісі бойынша таңдап алған тақырыпқа шығарма немесе эссе жазу.

«Икемді сөйлем мүшесі – толықтауыш» және «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тақырыбына шағын шығарма немесе эссе жазуға тапсырма береді.

Рефлексия жасату.

«Кір жер» рефлексиясын жасатады.

Оқушылар сабақ бойынша қиналатын екі нәрсе туралы жазады. Содан кейін келесі сабақта оқушылар мен мұғалім сол «кір жерлерді» тазартуға кіріседі.

Кері байланыс парағымен жұмыс.

Не сәтті болды? (Неліктен?)

Не сәтсіз болды? (Неліктен?)

Нені өзгертуге болады? (Неліктен?)



Балагүл ӘДІЛОВА,
Шымкент қаласындағы
№107 Ю.Сарми атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға көнерген сөздер туралы түсінік беріп, түрлеріне қарай ажырата білуді меңгерту, орнымен қолдана білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын арттыра отырып, білімдерін кеңейту, бірлесіп жұмыс істеу әрекетіне дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды елжандылыққа, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты түсіндіру. **Әдісі:** топтық жұмыс, іздендіру. **Көрнекілігі:** кеспе қағаздар, суреттер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

1. **Ұйымдастыру кезеңі:** А) сыныпты екі топқа бөлу.

2. **Үй жұмысын тексеру:**

А) Өткен тақырыптарға шолу жасау.


- тұрақты тіркес дегеніміз не?

- неге ол тұрақты деп аталады?

Ә) Үй тапсырмасын пысықтау.

3. **Жаңа сабақ. Көнерген сөздер.**

А) Жаңа сабақтың тақырыбы анаграмма бойынша ашылады. **Мықты болсаң – тауып көр!**



1. Сөздердің жиынтығын, сөз мағынасын зерттейтін сала?
2. Санын соғу (тұрақты тіркес).
3. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер қалай аталады?
4. Іші пысу (тұрақты тіркес).
5. Пейілі тар (қызғаншақ сөзінің синонимі).
6. Емен ағаштың иілгені – сынғаны,
Ер жігіттің екі сөйлегені –

7. Ойды сыпайы, әдепті, жағымды етіп жеткізу мақсатында қолданылатын сөздер қалай аталады?

8. Сабақ алу (тұрақты тіркес).

9. Мағынасы бір-біріне жақын, бірақ әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздерді қалай атаймыз?

10. – көркі мақал.

11. *Көп* сөзінің антонимы.

Ә) Көнерген сөздерге түсінік беру. Қоғам дамуына орай тіліміздегі қолданыстан шыққан сөздерді көнерген сөздер дейміз. Мысалы: хан, болыс, т.б.

Көнерген сөздер мағынасына қарай екі түрге бөлінеді: 1) Тарихи сөздер; 2) Архаизмдер.

Тарихи сөздер – қолданылған дәуірі өтіп, ескі заманның өзімен бірге көнерген тарихи сөз.

Тарихи сөздер

Ел басқаруға байланысты атаулар	<u>хан, патша, уәзір, би, сұлтан</u>
Қару жаракқа қатысты атаулар	<u>садақ, жебе, сауыт, айбалта,</u>
Әкімшілік сөздер	<u>найза</u> <u>қызыл әскер, қызыл отау, отарба</u>

Архаизмдер – халықтың тұрмыс тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер.

Архаизмдер

А) Әдет-ғұрып атаулары	<u>сауын айту, бесік құда, барымта, т.б.</u>
Ә) Мата атаулары	<u>торқа, бикасап, дүрия, патсайы, т.б.</u>
Б) Киім-кешек атаулары	<u>сәукеле, тон, камзол, бешпент, т.б.</u>
В) Ыдыс-аяқ атаулары	<u>күбі, саба, асадал, т.б.</u>
Г) Бұрынғы жыл атаулары	<u>барыс, жылқы, қоян, ұлу, т.б.</u>
Ғ) Ай атаулары	<u>наурыз, сәуір, мамыр, маусым, т.б.</u>
Д) Діни сөздер	<u>имам, мешіт, ораза, айт, пітір, т.б.</u>

Тапсырма. Мәтіннен көнерген сөздерді тап. Қаламқас орта бойлы, ақ құба, отты қара көзі жайнап тұр. Ақ шәйі көйлектің сыртынан бешпент киіпті. Аяғына кигені – әмірхан мәсі. Басында құндыз бөрік. Оның төбесіне бір уыс үкі, шашына күмістен шашбау таққан.

Қаламқастың омырауында – тана-түймелер, мойнында – алқа, саусақтарында – сақина, білегінде – білезік. Биыл он

алтыға толады.

Ойлы болсаң – озып көр! Суретпен жұмыс. 2 топқа сурет беріледі. Көне сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру.

1-топқа тарихи сурет. 2-топқа киім-кешектің суреті.

Жүйрік болсаң – шауып көр! Мақал-мәтелдің ішінен көнерген сөздерді табу.

1. Кісі елінде сұлтан болғанша, Өз елінде ұлтан бол.
2. Иілген басты қылыш кеспес.
3. Жауға жараксыз барма, Қаруыңды күтпей қапы қалма.
4. Бәйбішеге жарасар қолындағы сабасы.

Г) Абайдың өлеңінен көнерген сөздерді тауып, қай түріне жататындығын анықтау.

1-топқа: Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын.
Күтуші қыз, келіншек жүр соңында.

2-топқа: Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдатпай теріс айналды.

Д) Сергіту сәті. Жасырын тұрған сөзді топтағы бір оқушыға ыммен түсіндіріп, ол сол сөзді табу керек.

Мысалы: патша, ханшайым, сәукеле, тақия.

Ғ) Оқулықпен жұмыс. 151-жаттығу.

Асабасы жоқ асқа жарымас. Қараша үйден ханша шығар.
Шықсаң ұзақ сапарға, арымас ат – отарба. Ер-азамат белгісі – түзде мырза, үйде құл. Ынтымы – оқ өтпес сауыт, татулық – тамаша сауық. Бақа – көлінде патша, балық – суында патша, жігіт – елінде патша.

Д) Берілген тұрақты сөз тіркесінің мағынасын тауып, көнерген сөзді табу. Ақ киізге көтеру. Шашбауын көтеру.

4. Сабақты қорытындылау.

5. Үйге тапсырма: 159-жаттығу. 28-суретке қарай отырып, өздерің қалаған бір батыр жайында әңгіме құрастырыңдар.

160-жаттығу. Мәтіннен көнерген сөздерді теріп жазу.

Тұрсынгүл ӘЛЕНОВА,
М.Орынбасаров атындағы
орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы.

ЕЛІМ МЕНІҢ

Мақсаты: оқушыларды өз туған тілін қадірлеуге баулып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен алған білімдерін тиянақтау.

Түрі: сайыс сабақ.

Мұғалім: - Өнерлілер арасында шалқындар,
Білімді бар арамызда, тапқыр бар.
Бәсекеге түскелі тұр дәл қазір
Әрбір сөзі саф алтындай тапқырлар.

Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар. Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өз атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің өз тіліне деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу қажет. Олай болса бүгінгі «Елім менің» атты сайыс сабағымыздың кезеңдерімен таныстырайын.

1. Таныстыру.
2. Сұрақ – бізден, жауап – сізден.
3. «Мақал-мәтел» жарысы.
4. Мағынасын тап.
5. Сегіз қырлы, бір сырлы.
6. Адаққан әріптер.
7. Поэзияға саяхат.
8. Ойтолғау.

Жарысымызды бастамас бұрын қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

Сайыскерлеріміз дайын болса сайысымызды бастайық.

Қазақтың өнерлі ғой бар баласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Жүзден бір, мыңнан озық жүйріктерді
І бөлім. Таныстыру. Таныстыру – бұл сайыстың бастамасы.
Әр топ өзінің тобының атын, топбасшысы топ мүшелерімен таныстырады.

II бөлім. «Сұрақ – бізден, жауап – сізден». Мен сұрақ қоямын.
Жауап нақты болуы керек.

Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

I топқа 10 сұрақ беріледі, мұқият тыңдаңыздар:

1. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым саласы. 2. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 3. Сөйлем айтылуына қарай нешеге бөлінеді? 4. Абайдың неше қара сөзі бар? 5. Қандай батырлар жырын білесің? 6. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ата. 7. Абай айтқан бес асыл іс. 8. Үш бәйтерек. 9. Көшіп келген көршіге берілетін қонақ асы. 10. Сыңсу қай кезде айтылады?

II топқа 10 сұрақ мұқият тыңдаңыздар: 1. Қазақ тіліндегі буынды ата. 2. Кіші жүздің биі. 3. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. 4. Ер Тарғынның сүйген жары. 5. Абай айтқан бес дұшпан іс. 6. Желтоқсан құрбандары. 7. «Тамаша» сөзінің синонимі. 8. Бөлек шыққан балаға берілетін сый. 9. Жалғау нешеге бөлінеді. 10. Тіл туралы мақал-мәтел.

III бөлім. «Мақал-мәтел» жарысы. Бұл бөлімде екі топ бір-бірімен мақал айтып жарысады.

IV бөлімде тұрақты тіркестің мағынасын ашу керек.

I топ: 1. Қабағынан қар жауды. 2. Тайға таңба басқандай. 3. Сағы сынды. 4. Ит арқасы қиянда. 5. Шашбауын көтерді. 6. Жағасын ұстады. 7. Арқаны кеңге салу. 8. Жарғақ құлағы жастыққа тимейді. 9. Қадалған жерінен қан алады. 10. Кірерге тесік таппау.

II топ: 1. Қабағын қырау шалу. 2. Құлағына кірмеу. 3. Мойны жар бермеу. 4. Мүйізі қарағайдай. 5. Үріп ауызға салғандай. 6. Тісін қайрау. 7. Орақ ауыз. 8. Сүтке тиген күшктей. 9. Өңменінен өту. 10. Райынан қайту.

V бөлім.

Қазақ елі – өнерлі халық нағыз,
Қызы сырлы, ұлдары-нағыз аңыз.
Сайратып қойып өнер жұлдыздарын,
Сабырмен тыңдай берсек тынығамыз.

Білімді сайыскерлеріміздің қандай өнерлері бар екенін көрейік (Сайыскерлер өнер көрсетеді.)

VI бөлім: «Адасқан әріптер». Төрт оқушының алды мен артында екі әріптен болады. Олар өз орынын табу керек.

1. Біржанмен айтысқан қыз (Сара)_____ С
2. Отбасы, ... қасы (ошақ)_____ А
3. Көмірді «қандай алтын» дейді (қара)_____ Р
4. Әнші Тамара ... (асар)_____ О
5. Жаңа туған бала-қызыл ... (шақа)_____ Ш
6. Мал қамайтын орын (қора)_____ Қ
А
1. Істеген ісі ... кетті (кері)_____ К
2. Үйленгенде ... қиылады (неке)_____ Е
3. ... жігер (ерік)_____ Р
4. Мектептегі сабақ:... шынықтыру (дене)_____ І
5. Қан сорғыш (кене)_____ Д
6. Үйдің төбесіне қарама-қарсы (еден)_____ Е
Н

VII бөлім: «Поэзияға саяхат» бөлімінде төменгі сыныптарда жатталған ақын өлеңдерінен үзінді беріледі. Оның бір шумағын жатқа айтып, авторын табу керек.

I топ

1. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс... М.Өтемісов.
2. Шығамын тірі болсам адам болып... С.Торайғыров.
3. Ақ киімді денелі, ақ сақалды ... А.Құнанбайұлы.

II топ.

1. Әсемпаз болма әрнеге, А.Құнанбайұлы.
2. Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы. А.Құнанбайұлы.
3. Құлақтан кіріп, бойды алар... А.Құнанбайұлы.

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

VIII бөлім. «Ойтолғау» бөлімінде сайыскерлеріміздің ішінен бір оқушы шығып, өзінің тілге шешен екенін көрсетеді. Тақырып беріледі, сол тақырыпты қорғайды.



Данагүл НҰРТАЙҚЫЗЫ,
Көкшетау қаласындағы
Ж.Мусин атындағы
педагогикалық колледжінің
Тіл және әдебиет
кафедрасының оқытушысы.

ЕСІМДІКТИҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Мақсаты: Есімдіктің мағыналық түрлері туралы мағлұмат беру. **Міндеттері:** **білімділік** – қазақ тіл білімінің бір тарауы – морфологияның, оның зерттейтін объектісі – сөз таптары болатынын, зат есім, сын есім, сан есімнен алған теориялық білімдерін практикада қолдану; **дамытушылық** – жеке тұлғаның ой қабілетіне әсер ету арқылы студенттердің өздігінен жұмыс істеу әрекетін дамыту. Ой қорытып, нақты шешім жасауға үйретіп, өздеріне сенімдерін арттыру; **тәрбиелік** – ұжымдылыққа, сауаттылыққа, бірін-бірі тыңдай білуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін шыңдау. **Типі:** білім, білік дағдыны қалыптастыру. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** сатылай-кешенді талдау, сын тұрғысынан ойлау, тест, деңгейлік тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:**

әдебиет, ағылшын тілі. **Көрнекілігі:** есімдіктің жасалу жолына арналған кестелер, ашық формалы тест, компьютер, интерактивті тақта, электронды оқулық.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру: а) сәлемдесу; ә) түгелдеу; б) топты сабаққа даярлау.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Зат есім, сын есім, сан есім сөз таптары бойынша сұрақ-жауап.

III. Өткен сабақты бекіту.

«Сызбаны сөйлет». Зат есім. Сын есім. Сан есім.

IV. Жаңа сабақ.

1. «Есімдік» тақырыбы бойынша кестемен жұмыс.

2. Электронды көмекші құралымен жұмыс.

3. «Талдаумен ой жинақта».

Есімдіктерге бес жолмен талдау жасау. Дәптермен жұмыс.

Әлдебіреулерге

- Сұрағы – кімдерді?

- Құрамына қарай – күрделі.

- Мағынасына қарай – белгісіздік.

- Түрленуі – көптеледі, септеледі.

- Қызметі – толықтауыш.

4. Электронды оқулықпен жұмыс «Мамандығым-мақтанышым». Студенттер таңдаған мамандықтары бойынша ойларын ортаға салады.

5. Лексикалық тақырып. «Ұстаздық еткен жалықпас...»

Мәтінді мұқият, түсініп оқып жалғастыру. Ұстаз жайлы пікірталасу. Мәтіннен есімдіктерді табу.

7. Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

1. Есімдік дегеніміз не?

2. Шешендік сөздерден есімдікті тауып, мағынасына қарай ажырат.

А) Мезгілсіз өлімнен сақта,

Азапты көріңнен сақта.

Өзі кезбе, өзі би,

Керауыз келіннен сақта.
Ер жігіт атқа мінген ол не болар,
Қолынан дәулет кетіп, бақ көшкен соң.
Қария үйде отырған ол не болар,
Баланың «жай отыр» деп сөзі өткен соң.
(«Шешендік сөздер»)

3. Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктеріне мысал жаз.

II деңгей.

1. Есімдіктің мағыналық топтарына қарай бөлінуін айт және мысал келтір.

2. Мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қой, есімдіктің мағыналық түрін ажырат және мақал-мәтелдің мәнін аш, ағылшынша аудармасын айт.

А) Ел-елдің...жақсы.

Өз елің бәрінен жақсы.

Ә) Адам болар жігіттің,

Жары...лайық.

Керуен бастар жігіттің,

Нары...лайық.

Жаман болар жігіттің,

... жұмысқа қыры жоқ.

Б) Атаңа не қылсаң,

Алдына ... келер.

В) Үлкенді сен сыйласаң,

Кіші...сыйлайды.

Г) Жаманның ... өзі бола алмайды,

Болғанды көре алмайды.

Д) Не ексең...орарсың.

Е) Балапан ұяда...көрсө,

Үшқанда соны іледі.

Ж) ...тойып секіреді, ...тоңып секіреді.

3. Жұмбақтағы есімдікті тап, ішінде есімдігі бар жаңылтпаш құрастырып жаз.

Біз бір байдың қызы едік,

Бір қасықтан су ішкен,

Жүз жиырмадай қыз едік.

III деңгей.

1. Дара, күрделі есімдіктер туралы айт, жазылу емлесін мысалмен дәлелде.

2. Өлеңдегі есімдіктерді тап, олар қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын айт.

Поэзия!

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таңдардан сені іздедім.

Менімен егіз бе едің?

Мен сені сезесің бе,

Неге іздедім?

Не сыйлайды не береді келер күн?!

Не де болса тірі тұрсам көрермін.

Желідегі құлынымын мен елдің,

Көгіндегі қозысымын мен елдің.

Не сыйласын, несін берсін ел маған,

Тұрсақ екен елімде аман, мен де аман.

Таулар – менің таусылмайтын бақытым,

Ал ырысым – ұланғайыр кең далам.

Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,

Оларды іздеп өткізбеймін уақытты.

Мен бақытсыз бола қойман сірә да,

Туған елім болса екен бақытты.

V. Сабақты қорыту.

1. Жұмбақ сұрақтар:

1) Етікші аспабымен ұқсас есімдік. Есімдіктің қай түрі? (Біз – жіктеу есімдігі)

2) Басқаның бәрін өзі сұрайды, өзінен ешкім сұрамайды. (Сұрау есімдіктері)

3) Жақтас жалғауға жіктеле қояды, жақтас емесіне жоламай қояды. (Мен, сен)

4) Көпшіл және көңілшек,

Ештеңені бөліп-жармайды.

Көптік ұғым беріп,

Көпшілікті қармайды. (Жалпылау есімдіктері)

5) Құрамындағы көбін көршісінен сұрап алыпты. Алдына бір буын қосып алыпты да, есімдіктің бір түрі боп тұра қалыпты. (Болымсыздық есімдіктері)

2. Кестемен жұмыс.

Сөйлемнен мысалдар келтіре отырып, есімдіктерді ажыратып, мына кестені толтырыңыз.

Жіктеу	Сілтеу	Сұрау	Өздік	Жалпылау	Болымсыздық	Белгісіздік

3. Тест.

VI. Үйге тапсырма: «Еңбек ету – ардақты іс» тақырыбына есімдіктерді қатыстырып шағын шығарма жазу.

VII. Студенттерді бағалау.



Мархабат ҚАЛДЫБЕКОВА,
Талды жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
Талды ауылы.

БАЯНДАУЫШТЫ ОҚИТУ

(8 сынып)

Жалпы мақсаттары:	Сөйлемнен баяндауыштың ерекшелігі мен жасалу жолын сызба арқылы талдау жасай отырып түсінік беру.
Сілтеме:	Мұғалімге арналған нұсқаулық. 8-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы. Жаттығулар жинағы.

Оқыту нәтижесі:	Баяндауыш туралы түсінік алады. Сыни ойлай алады. Алған білімдерін өмірде қолданады.	
Негізгі идеялар:	Баяндауыш туралы теориялық түсінікті практикамен ұштастырады.	
Оқыту әдістері:	Диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, венн диаграммасы, «Алгоритм» оқыта-үйрету ойыны.	
Дерек көздері:	Оқулық жаттығулары, АКТ, тақырыпқа қатысты материалдар.	
Білу.	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сынып журналын жүргізу. (2 мин.) Сыныптың психологиялық ахуалын көтеру. Шаттық шеңберін құрып, оқушылар бір-бірінің алақандарын түйістіріп тілек айтады. (2 мин.)	Мұғаліммен амандасады, бір-біріне сәттілік тілейді. Топқа бөлінеді. Топта ынтымақтастық орнайды.
	Топқа бөлу (конфетпен) (3 мин.). Тақырыпты хабарлау. Топқа көшбасшысын белгілеуді ұсыну. (2 мин.) Үй тапсырмасын тексеру. 37 жаттығу.	Үй тапсырмасын 2 топ талдап түсіндіреді, топ жетекшісі тексеріп, бағалау парақшасына бағалайды.
Түсіну.	Сабак мақсаты мен міндетін қоюға ой тастау. (3 мин.). Балалар, баяндауыш бізге бұрыннан таныс. Баяндауыш дегеніміз не? Постер қорғау. (5 мин.).	Тақырыпты өз беттерінше үйренеді. «Рөлдік» оқыта-үйрету ойыны.
	Бұл – біздің баяндауыш туралы бұрыннан білетініміз. Бүгін баяндауыш туралы білімімізді одан әрі кеңейтеміз. Ол үшін «рөлдік» оқыта-үйрету ойыны арқылы тапсырмалар орындаймыз.	Постермен жұмыс. Талдау жасау.

Қолдану.	I тапсырма. Тақырыпқа сәйкес тапсырма беру. (5-7 мин.). I тапсырма. Оқулықпен жұмыс. 38 жаттығуды орындау. Баяндауыштарды құрамына қарай талдау.	«Алгоритм». Оқыта-үйрету ойыны. Оқушылар топ болып жаттығуды орындап, өзара бағалайды. Бағалау парақшасын толтыру. Топта талдау жасайды.
Талдау.	II тапсырма. Деңгейлік тапсырма. I-топ. Берілген мақал-мәтелдерден баяндауыштарды тауып, сұрақ қойып дәлелдеңіз.	Деңгейлік тапсырманы орындайды.
	<p>1. Тозған қазды топтанған қарға жейді.</p> <p>2. Диқан еккенін жейді, жылқы тепкенін жейді.</p> <p>3. Кең тігілген тоң тозбас, кеңесілген іс бұзылмас.</p> <p>4. Туған жердің түйе жейтін жапырағы да – дәрі, түйе аұнайтын топырағы да дәрі.</p> <p>5. Көнектен шошынған бие оңбас, көптен бөлінген үй оңбас.</p>	
	<p>2-топ. Берілген мақал-мәтелдердің баяндауыштарын тауып, құрылысына қарай талдаңыз.</p> <p>1. Сөз ортасына жала тастама.</p> <p>2. Күш – білімде, білім – кітапта.</p> <p>3. Ауызын бағып айтқанның ауызы күймес.</p> <p>4. Жолға шықпай тұрып, жолдасыңды сайла.</p> <p>5. Аталы сөзге арсыз ғана жауап қайырады.</p>	

	<p>6. Жүрегіңнің жұмбағын жүзің шешіп береді, жүзің шешіп бермесе, сөзің шешіп береді.</p> <p>7. Білегіңе сенбе, біліміңе сен.</p> <p>8. Жағың сынса да, сағың сынбасын.</p> <p>9. Арпасыз ат қыр аса алмас, арқасыз батыр жау ала алмас.</p> <p>10. Жолы болар жігіттің жөнге басар әр ісі. Жолы болмас жігіттің ілік іздер әр ісі.</p>	
Жинақтау.	<p>III тапсырма.</p> <p>а) Бастауыш пен баяндауыштың ұқсастығы мен айырмашылығын венн диаграммасы арқылы көрсету.</p> <p>ә) «Ана жүрегі» тақырыбына ойтолғау жазу.</p>	Венн диаграммасын жазып, қорғайды. Ойтолғау жазып, топта талқылап, жариялайды. Ерекше деп танылған жұмыстың иесі ыстық орындыққа отырады.
Бағалау.	Топ бақылаушыларының шешімін өзін-өзі бақылау нәтижелерімен салыстыру.	Балалар өздерін-өздері бағалайды.
Рефлексия.	<p>Не үйрендім?</p> <p>Мен үшін қиын болды?</p> <p>Мен үшін қызықты.</p> <p>Мұғалім оқушыларға стикер таратады.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	Өз ойларын, ұсыныстарын стикерлерге жазу.
Үйге тапсырма.	Әдебиеттен баяндауышы дара үш сөйлем, күрделі үш сөйлем, баяндауышы үйірлі үш сөйлем тауып жазу. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.	



Венера БЕКСЕЙТОВА,
Амангелді орта
мектеп-балабақшасының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Тасқала ауданы,
 Амангелді ауылы.

ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР. БАСТАУЫШ

(8-сынып)

Жалпы мақсаттары:	Оқушылар тұрлаулы мүшелер туралы, оның ішінде бастауыш бойынша білімдерін нығайтып, бастауыштың сөйлемдегі қызметін, сұрақтарын, жасалу жолын меңгеруге тиіс; сауатты, көркем жазуға, алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландырулары қажет.
Негізгі мақсаттар:	<ul style="list-style-type: none"> • білім беруде АКТ-ны пайдалану; • сыни тұрғыдан ойлануына ықпал ету; • топ жұмысына белсене араласуға; • диалогқа түсе отырып, білімдерін тереңдетуге дағдыландыру.
Сілтеме:	8-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы, «Қазақ тілі» Ш.К.Бектұров.
Күтілетін нәтиже:	<ul style="list-style-type: none"> • тақырыпты меңгеріп, алған білімін өмірде пайдаланады; • топпен бірлесіп жұмыс жасауды үйренеді; • пікір алысу арқылы ой түйге дағдыланады; • өз-өзіне әділ баға қоя алады.
Әдіс-тәсілдер:	Топпен жұмыс, СТО, диалогтік оқыту.

Сабақта қолданатын құрал-жабдықтар:	Интербелсенді такта, А3, түрлі түсті маркерлер, стикер.		
Дерек көздері:	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, оқулық.		
Сабақ барысы:			
Блум жүйесі:	Мұғалімнің іс-әрекеті.	Оқушының әрекеті.	Оқыту тәсілдері.
І. Білу 1. Қызығушылықты ояту.	Амандасу, оқушыларды түгелдеу, сабаққа дайындық барысын қадағалау.	Амандасады.	
2. Психологиялық ахуал туғызу, топқа бөлу.	«Шагтық шеңберіне» тұрғызып, түрлі түсті стикерлерге жазылған тілектер шеңбердің ортасына тасталады. Оқушылар қолына түскен стикердегі тілектерді оқып, стикердің түсіне қарай топқа бөлінеді.	Үш топқа бөлінеді. Топтаынтымақтастық орнайды.	Психологиялық тренинг.
3. Үй тапсырмасын тексеру.	Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады: І топ: айтылу мақсатына қарай сөйлемдер неше түрге бөлінеді? (түрлерін ережесімен бірге айту)	Әр топ өзіне қойылған сұрақтарға толық жауап береді.	Слайд түрінде. Сұрақтар интербелсенді такта арқылы көрсетіледі.

	II топ: сұраулы сөйлемдердің сұрақтары неше түрге бөлінеді? (ережелерін айтып, мысалдар келтіру) III топ: лепті сөйлем мен бұйрықты сөйлемдердің айырмашылығын атаңдар.		Диалогтік оқыту.
II. Түсіну. Мағынаны тану.	Жаңа сабақтың мақсатымен таныстырады. Жаңа тақырып бойынша оқулықпен жұмыстандырады, тақырып – шаларды бөліп береді. Постермен жұмыстандырады, ережесін түсіндіреді. I топ: Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш. II топ: Бастауыштардың құрылысына қарай бөлінуі. III топ: Бастауыш болатын сөз таптары.	Дәптерге күннің жадын және тақырыпты жазады. Жаңа тақырыпты оқып шығады. Берілген бөлімді топпен талқылайды. Өз ойларымен бөлісіп, постерге түсіріп, бастауыш туралы толық мәлімет береді. Әр топ бөлек-бөлек қорғайды.	СТО
III. Сергіту сәті.			
IV. Қолдану. Ой толғау.	I-тапсырма: берілген сөйлемдерден бастауыштарды тапқызып, талдау жасатады.	Интербелсенді тақтадағы кестемен жұмыстанады.	Кестемен жұмыс. АКТ-мен жұмыс

	2. 36-жаттығу.	Оқулықтағы жаттығудың тапсырмасын мұқият оқып, сол бойынша жұмыстанады.	Оқулықпен жұмыс.
V. Талдау.	3. Шығармашылық тапсырма. I топ: бастауышын сын есімнен болған 3 сөйлемді құрастыр. II топ: бастауышын сан есімнен болған 3 сөйлемді құрастыр. III топ: бастауышын есімшеден болған 3 сөйлемді құрастыр.	Әр топ өзіне тиісілі тапсырмасын орындайды.	АКТ Жас ерекшеліктеріне қарай оқыту.
VI. Жинақтау.	Оқушылардың алған білімдерін жинақтау мақсатында сұрақтар қояды.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	
V. Рефлексия.	Сабақ не туралы болды? Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? Бұл сабақ қаншалықты қиын болды? Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдың?	Сұрақтарға жауап беріп, өз білім деңгейлерін анықтайды. Стикерге жазады.	Кері байланыс.
VI. Бағалау.	Өзін-өзі бағалау парағын ұсынады.	Оқушылар өздерін бағалау парағы арқылы бағалайды. Мұғалімнің бағасын күнделіктеріне қойдырады.	ОҮБ
VII. Үй тапсырмасы:	37-жаттығу, ережені қайталау.		

Фархад АЮПОВ,
 Ә.Науаи атындағы жалпы
 орта мектептің қазақ тілі мен
 әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Кентау қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – мемлекеттік тіл туралы білімдерін толықтыру, алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету; *дамытушылық* – оқушылардың ой-өрісін, таным қабілетін дамыту; *тәрбиелік* – мемлекеттік тілді құрметтеуге, тілді меңгеруде белсенділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдісі: түсіндіру, есте сақтау іс-әрекеттерінің тәсілдері, сұрақ-жауап. **Түрі:** іздендіру сабағы. **Тіні:** жаңа ұғымды қалыптастыру. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, математика. **Көрнекілігі:** интерактивті такта, кима қағаздар, плакат.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) амандасу;

ә) кезекші мәліметі.

Жаңа сабақ.

(Интерактивті такта)

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі.



«Ата-бабамыздан қалған мұра»

Әліпбидің даму хронологиясы

Уақыты	Оқиғалар
VII-VIII	Руна жазуы
1072-1929	Араб әліпбиі
1929-1939	Латын әліпбиі
1940	Кирилл әліпбиі

Қазақ тілін зерттеген ғалымдар: А.Байтұрсынұлы, Ғ.Айдаров, С.Кенесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, т.б. Олар – қазіргі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар.

Оқулықпен жұмыс.



Қуаныш АМАНДЫҚОВА,
Кошқар жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.

Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы.

АНА ҚҰШАҒЫНДА

Мақсаты: білімділік – оқушыларға Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының үзіндісі – «Ана құшағында» атты әңгімесін түсініп оқуға және түсінгенін әңгімелеп айтуға үйрету, романдағы басты кейіпкер туралы білім беру; **дамытушылық** – өзекті, түйінді ойын ашуға жағдай жасау және байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастырып, әр түрлі тапсырмалар беру арқылы ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – ананы құрметтей білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Батырдың да, алыптың да анадан туатындығын, сондықтан ана – өмір бастауы екендігін ұғындыру. **Түрі:** жаңа сабақты түсіндіру. Көрнекілігі: кітап, слайд. **Әдісі:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, дамыта оқыту технологиясы, көрнекілік, топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау элементтері.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Өткен материалды қайталау.

Төрт түлік малға байланысты жұмбақтар жасыру.
(Жауабын орысша, ағылшынша тілге аудару).

III. Үй тапсырмасын тексеру.

- Үйге осы аты аталған төрт түліктің қайсысы жайлы біліп келу тапсырылды? (Үлек)

- «Үлек» әңгімесінің мазмұнын 3-4 оқушыға жалғастыра айтқызу.

1-тапсырма. *Сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау жасаңыздар.*

Қазақ тілі – жете дамыған әдеби тілдің бірі. Ұлы Абай мен Жамбыл, халқымыздың кемеңгер жазушысы Мұхтар Әуезов осы тілде сөйлеп, өз шығармаларын осы тілде жазды. Олардың шығармалары қазақ әдебиетін дамытты. Еліміздің барша халқының игілігіне айналды, бүкіл дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына қосылып, халқымыз бен тілімізді әлемге әйгілі етті.

2-тапсырма.

Тақтамен жұмыс. Мақалдың жалғасын тауып, математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіздер.

1. Тіл – достықтың алтын (көпірі).
2. Тіл – мәдени қазынаның қайнар (бұлағы).
3. Тіл – татулық (тірегі).

Тіл – елдігіміздің (іргетасы).

3-тапсырма. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы бойынша «5 жолды өлең стратегиясымен» жұмыс.

1. Зат есім тіл
2. Сын есім бай, терең, қуатты, дана
3. Етістік сыйла, құрметте, сөйле
4. Сөйлем (Қазақ тілі-мемлекеттік тіл)
5. Ақын аты

Сабақты бекіту: Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Мемлекеттік тілді құрметтеу, оған деген көзқарас ең зор мәдениеттілік, тәрбиелілік болып саналады. Мемлекеттік тілді қадірлеу – мемлекетінді, өзінді қадірлеу. Мемлекеттік тілді дамыту, қорғау – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үйге тапсырма. «Тіл байлығы ХХІ ғасырда» тақырыбына эссе жазу.

Оқушы білімін бағалау, мадақтау.

Үй тапсырмасын қорытындылау.

IV. Жаңа сабаққа әзірлік.

Қызығушылықты ояту. «Ой қозғау».

- «Ана құшағында» дегенде ойларыңа не келеді?
(Ассоциация)

Күннің шуағы жылы, ананың құшағы жылы. *Мейірім, сүйіспеншілік, еркелік, т.б.*

Бүгінгі сабақта біз осы ана құшағын сезіндіріп, сол сәтті баян ететін Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романының үзіндісімен танысамыз.

- Ғабит Мүсірепов жайлы не білеміз?

Қазақтың көрнекті жазушысы Ғабит Мүсірепов 1902-1985 жылдар аралығында өмір сүрді. Оның «Тұтқын қыз», «Қазақ солдатты», «Ұлпан», т.б. атты еңбектері бар. Алматы қаласында ол кісіге арналған ескерткіш бар.

- Кемеңгер жазушының Қазақ солдатты деп отырғаны кім екен?

- «Қазақ солдатты» романы «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным, қашып келемін. Артыма қарай беретінім, қорқып келемін» деген сөздерімен басталады. Бұл әңгімеде Қайырғали Смағұлов деген баланы бәрі Қайрош деп атайды. 10 жастағы Қайрошқа ауылдың сиыр, бұзау, торпағын бақтырып қояды. Оның алдына 87 бас мал салып беріп, егер бір бас малды жоғалтсаң, 10 жыл қораға қамаймын дейді қара мұртты. Мен қашан оқимын деп жүргенде бір қасқа торпақ жоғалып кетеді. Ары санайды 86, бері санайды 86. Жер жұтты ма? Ізі де жоқ. Қорқып кеткен Қайрош қалаға қарай қаша жөнеледі.

Зытып келем, зытып келем.

Артыма қарай-қарай зытып келем.

Қайрош сол зытқаннан Гурьев қаласындағы балалар үйіне орналасады.

- Балалар үйі кімдерге арналған?

- Панасыз, әке-шешесіз қалған балаларға арналған.

«Құлыным, Қайрошым... Қайда жоғалып кеттің?» деген әлсіз дауыс естіледі.

- Кімнің дауысы деп ойлайсындар?

Әрине, анасының дауысы.

- Ана неліктен бұлай деді екен? Біз мұны әңгімені оқу барысында анықтайық.

V. Жаңа сабақ. «Ана құшағында»

Әңгімені 4-5 балаға жалғастыра оқыту.

Сұрақтар қою арқылы мазмұнын аша түсу.

1. Анасы Қайрошты қайда іздеп келді? (балалар үйіне)

2. Қайроштың досының аты кім? (Шеген)

3. Оның атын әңгіменің қай жерінде кездестіресің? (Әңгіменің басында ... тізесіне сорпа шашырағанда; ... Анасы кеткенде Қайроштың көзінен жас шыққанда.)

4. Ана мен баланың бір-біріне деген ыстық сезімін әңгіменің қай жерінен оқуға болады?

5. Мариям апай деп отырған кісі кім деп ойлайсың?

6. Қайрош неліктен анасымен бірге ауылға кетіп қалмады?

7. Қайроштың анасының портретін жаса.

VI. Пысықтау.

1-топ. Эссе. «Егер мен Қайроштың орнында болсам не істер едім?»

2-топ. «Дәнекер». Өмірмен байланыстыру.

3-топ. Бес жолды өлең. «Ана»

4-топ. «Топтастыру» (Ассоциация)

5-топ. «Топтастыру» (Ассоциация)

6-топ. Ана туралы мақалдар айт.

VII. Қорытындылау.

VIII.Үйге тапсырма: «Ана құшағында» әңгімесін оқып келу, әңгімелеу.

Қайырғали Смағұлов (Қайрош) туралы мәліметтер қарастыру.

IX. Бағалау.

Мүтәліп СТЫБЕКОВ,
«Т.Жанұзақов атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың ертегіні қаншалықты меңгергенін анықтау, бас кейіпкердің бойындағы қасиеттерді нақтылап көрсету. Аяз би өмірі жайлы қосымша мәліметтермен таныстыру; **тәрбиелік** – жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, сөз қадірін түсінуге, адамгершілікке, адал да әділ болуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өзіндік пікір айту, жоспар құру дағдыларын дамыту, сөйлеу тілі мен жазу мәдениетін, сыни тұрғыда ойлауын дамыту. **Түрі:** қорытынды, жүйелеу, талдау сабағы. **Типі:** бекіту. **Әдіс-тәсілдері:** салыстыру, талдау, жүйелеу. **Көрнекі құралдар:** компьютерлік слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** әдеп, тарих, сурет, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен амандасу;
2. Оқушыларды түгелдеу;
3. Оқушы зейінін сабаққа аудару.

II. Бекіту (сабақ мақсаты айтылады).

1. «Аяз би» ертегісі бойынша сурет салу, әр оқушы өз суреттерін қорғайды.

2. Бәйге.

БІЛУ. Ұжымдық тапсырма (ауызша).

«Бәйге» ойын стратегиясы /диалог/.

1-топ: 1. Ертеде кім деген хан болыпты? 2. Хан уәзірлеріне қандай тапсырма беріпті? 3. Хан оларды табуға қанша уақыт берді? 4. Тастың ішінде неше құрт бар? 5. Уәлидің қызы кім? 6. Қыздың жасы нешеде? 7. Хан Жаманды қайда жұмсады? 8. Жаман не үшін «Аяз би» деп аталды?

2-топ: 1. Ханның неше уәзірі болыпты? 2. Хан Жаманға қандай тағам бергізді? 3. Жаманның жасы нешеде еді? 4. Жаман тұлпардың неге шатыс екенін айтты? 5. Қандай тастың қасиеті неше жылдан соң бітеді? 6. Ханның шешесі неше жаста? 7. Байлығы мен елдігі ханға парапар кім? 8. Қырық уәзір Жаманды неше күншілік жолға шығарып салды?

3. ТҮСІНУ (Топпен жұмыс).

I топ. *Шығарма мазмұнына сай құрылған жоспар тараулары араластырылып жіберіледі. Оқушылар жоспар тарауларын дұрыс орналастырулары керек.*

1. Жаманның жақсы мен жаманды айыра білуі. 2. Жаманның сертке берік болуы. 3. Жаманның Барсакелмеске баруы. 4. Құстың, шөптің, адамның жаманын табуға ханның уәзірлерін жұмсауы. 5. Хан тағына отырған Жаман. 6. Ханның Жаманды уәзір етуі. 7. Меңдінің Жаманды таңдауы. 8. 40 уәзірдің хан мен Жаманды араздастыруы. 9. Хан сөзін шеше алмаған уәзірлердің Жаманға келуі. 10. Ханның Жаманды сағынуы.

II топ. «Мақал – сөздің мәйегі». Менің алдымда сұрақтар тұр. Мақалдарды суреттерге сәйкестіндіре әңгімелейміз.

1/ Құстың, шөптің, адамның жаманын табуға ханның уәзірлерін жұмсауы. Есірген хан елді ермек етер.

2/ Жаманның жақсы мен жаманды айыра білуі.

Көп жасаған білмейді,

Көпті көрген біледі.

3/ Меңдінің Жаманды таңдауы.

Ақылды адам айтқызбай біледі,

Ақсұңқар қаққызбай біледі.

4/ Жаманның сертке беріктігі

Жаксы байкап сөйлер,
Жаман шайкап сөйлер.
5/ Ханннң өтiрiгiне жаманннң жауабы.

Өтiрiктiң құйрығы бiр-ақ тұтам.
6/ Ханннң қырық уәзiрдi жолға салуға тапқан ақылы.
Ақылды жетер мұратқа,
Ақылсыз қалар ұятқа.

4. ҚОЛДАНУ. Топтық жұмыс.

I топ. Нақыштап оқу, рөлмен оқу.

1-диалог. Хан мен Жаман.

1. Жаман тұлпарды қалай сынады? 2. Жаман Маданннң наубайшының баласы екендiгiн қалай бiлдi?

I топ. Нақыштап оқу, рөлмен оқу.

2-диалог. Қойшы шал мен хан диалогы.

1. «Таудың басын қырау шалғаны мен етегiн қырау шалғаны, тау басынан бұлақ аққалы неше жыл болды» дегенi не? 2. Жаман уәзiрлердi қалай жазалады?

5. «Топтастыру» стратегиясы бойынша ертегiнiң тәрбиелiк мәнiн ашу.

Аяз би қандай адам?



5. Iздену жұмыстары.

1-топ. «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа!»
/ойтолғау/

2-топ. «Кiсiге қарап сөз алма, сөзiне қарап кiсiнi ал»
/ойтолғау/

Iздену жұмыстары


Географ

Лингвист

Биолог

Этнограф

Аяз би ертегiсiнен қандай тәлiм-тәрбие аламыз?



Бағалау.

Үйге тапсырма: осы тақырыпқа ұқсас ертегi құрау.

Баян ШАКЕНОВА,
М.Жүнісов атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақазан ауылы.

АБАЙ МЕН ПУШКИН ҮНДЕСТІГІ

Мақсаты: білімділік – Абайдың ақындық мектебінің қайнар көзі-орыс әдебиеті, оның ішінде А.С.Пушкин шығармашылығымен әсері туралы әңгімелеу; **тәрбиелік** – оқушыларда орыс халқына оның әдебиеті мен мәдениетіне деген құрмет сезімін шыңдау. Туған халқын сүйе, ол үшін күресе білуге үндеу. Биік достықты үлгі ету. Ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу; **дамытушылық** – Абай және Пушкин мұраларын оқып-үйренуге, тани түсуге ынталандыру, қызығушылықтарын арттыру. **Көрнекіліктер:** суреттер жинағы. Кітаптар көрмесі. Плакаттар.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - XIX ғасырдағы орыс әдебиеті Пушкиннен басталады. Пушкин жаңа орыс әдебиетінің негізін салушы, орыстың әдеби тілін жасаушы. Біз Пушкиннен ұлы халықтың, орыс халқының талантын, күшін көреміз. А.С.Пушкин 1799 жылы Москвада дүниеге келген. Әкесі Сергей Львович Пушкин дворян тұқымынан шыққан. Пушкиннің анасы – Надежда Осиповна. Пушкиннің ақындық жолға түсуіне күтушісі, тәрбиешісі, бала күнгі досы Арина Радионованың ықпалы зор болды. Пушкин не жазса да әлеуметтік өмір шындығын жазды. Оның жырларынан патриоттық сезімді, өз Отанына, табиғатына деген сүйіспеншілікті көреміз. Ол орыс өмірінің шындығын батыл сынай білді.

Поэзия минуты: Келесі кезекте оқушылар Пушкиннің әр тақырыпта жазған өлеңдерінен үзінділер оқиды.

Орыс лирикасындағы ең жарқын шығармалардың бірі – «Еркіндік» деп аталады. Ол А.Тургеневтің тілегі бойынша жазылған деген сөз бар (Аударған К.Аманжолов), «Торғай – «Птичка» (ауд. Қ.Шаңғытбаев)

Орыс дәстүрінде 25 наурызда тордағы құсты босатып еркіне ұшырып жіберетін болған. Осы қағида негізінде жазылған өлеңнің соңғы шумағында ақынның бостандыққа ұмтылысы байқалады.

Тек қана өз басының еркіндігіне емес, басқалардың да бостандықта болуын қалайды. Келесі бір өлеңі «Бұлбұл» деп аталады. (Ауд.Т.Ахтанов) Кейінгі ұрпаққа айтылған өсиет түрінде жазылған өлеңде ақынның ішкі күйзелісін танимыз.

Ақын өзінің бір топ өлеңдерін табиғат лирикасына арнайды. Орыс табиғаты, табиғат аясында өмір сүріп жатқан халық оның өмірі, дәстүрі «Зимнее утро» - «Қысқы таң» өлеңдерінде әсем суреттеледі.

Махаббат лирикасы «Я вас любил» - «Мен сізді сүйіп едім».

Жүргізуші: - Кеңес үкіметі тұсында орыстың ұлы ақыны Пушкиннің рухани бай қазынасына қазақ халқының да қолы жетті. Пушкиннен басталатын орыстың классикалық әсерін Абай шығармашылығынан айқын көреміз. Орыс әдебиетін оқып, зерттеуге ден қойғанда Абайдың алдыңғы кезекте оқыған ақындарының бірі – **А.С.Пушкин.**

Көрініс: «Абай ақындығы, оған Пушкиннің әсері» екі оқушы Татьяна хатынан үзіндіні қазақ және орыс тілдерінде оқиды.

Жүргізуші: - Пушкин реализімінің қай түрі де Абай шығармашылығында кеңінен орын алады. Абай орыстан білім алуға, орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетіне қосылуға шақырады. Ол қазақ поэзиясына жаңа формаларды енгізді. Пушкиннің «Евгений Онегині» Абай көңіліне тіпті жақын

келеді. Евгений мен Татьяна хаттарын аудару арқылы Абай қазақ жағдайындағы соған ұқсас тағдырлар мұңын жоқтады.

Абай адамды қорлауға, бірін ер, бірін әйел деп бөліп кемітуге қарсы болды.

Абай Пушкиннен сүйіспеншілік, табиғат, көңіл-күй лирикасын жырлауды үйренді. Абайдың «Күзі», «Жазы», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдері реалистік жолмен жырланады. Пушкин сияқты Абай жылдың әр мезгіліне сай табиғат суреттерін жасап қана қоймай, оны әлеуметтік жағдаймен, қазақ ауылының өмір тіршілігімен қабаттастыра суреттейді.

Жүргізуші: - Абайда да, Пушкинде де күз суреті ұқсас: сұр бұлт, жаңбыр, түсіп жатқан сары жапырақтар – екеуіне де ортақ. Екеуі де күзді адам өмірімен байланыстырады. Абайдан «жылауық күзді», «сүреңсіз күзді» көрсек, Пушкиннен «алтын күзді» көреміз. Абайдан қайыршы тірлікті, халықтың ауыр жағдайын көрсек, Пушкиннен қарны тойған, егінін орып, нанын жинап, көңілі қуанышқа толған адамдарды көреміз, осы ерекшеліктер екі ақынның екі қоғамда өмір сүруінен туып отыр.

Поэзия минуты.

Абай «Күз өлеңі – Пушкин «Уж небо осенью дышало»

Абай «Жазғытұры өлеңі» – Пушкин «Жазғытұры» Ауд. Б.Өтетілеуов. Пушкин орыс шаруаларының өмірін өзен жағасындағы орыс селосының көрінісімен ұштастырса, Абай сарқырап жатқан өзенге келіп қонған қазақ ауылының көрінісін суреттейді.

«Желсіз түнде жарық ай» әні орындалады.

Пушкиннің бір өзі Абай ақындығының қалыптасуына айырықша әсер етті. Пушкин шығармаларын аудару арқылы Абай өз ойына ой қосты. Оның жастық, махаббат жырларында Пушкин сарыны мол байқалады. Пушкин орыс қызын жырласа, Абай қазақтың ақ жарқын, ай бейнелі сұлуын жырға қосады.

Ән. «Көзімнің қарасы».

Абай шығармашылығында елеулі орын алатындардың бірі – поэмалары. Абай өзіндік жаңа поэмалар туғызды. Біздіңше, Абай бұл жолды Байрон мен Пушкиннен таңдап алған. А.С.Пушкин «Цыгандар» поэмасында Бессарабияны жайлап жүрген цыгандар өмірі бейнеленсе. Абайдың «Ескендірінде» Македония шаһарын мекендеген. Ескендір, «Масғұтта» Бағдат жігіті Масғұттың өмірі беріледі.

Мұғалімнің сөзі: - Пушкин өмірінің соңғы жылдары патшамен және бүкіл Петербургтің ірі лауазым иелері – аксүйектерімен, орда жайсандарымен қарым-қатынасы әбден шиленісті.

1937 жылдың 27 қаңтарында дуэльге шақырды. Дуэльде қатты жараланды.

Қарсыласы Дантес және ақынды жек көретін аристократтар жасырын хат жазды. Әйелін патшаға танды. Дантес Пушкиннің әйелінің соңына түсіп, әдейі сөз салды. Бұл ақынның ыза-кегін тудырды.

1837 жылдың 28 қаңтарында ақын көз жұмды.

Пушкин шығармаларын сүйіп оқу, оның асыл қасиеттерін зерттеу, үйрену арқасында кенес әдебиетінде жаңа формалар пайда болды.

Пушкинді шебер аударып, әрі Пушкинше лирикалы сезімге қонымды өлеңдер жазуда Ғ.Орманов, Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Шаңғытбаев, Т.Жароков сынды ақындарды атауға болады. А.С.Пушкин туралы пікірлер.

Соңы Абай мен Пушкин ХХІ ғасырға аяқ басты.

Жүргізуші: - 2006 жыл Қазақстандағы Пушкин, Ресейдегі Абай жылы деп жарияланғаны мәлім.

Ең айтулы оқиға – Мәскеудегі Абай ескерткішінің ашылуы. Абай ескерткіші Мәскеуде «Чистые пруды» саябағы төрінен ойып тұрып орын алды.

Ән: «Татьянаның әні». Сынып оқушылары орындады.

Қорытынды.

Ләззат АХМЕТОВА,
 Фабит Мүсірепов атындағы
 №86 мектеп-гимназияның мұғалімі.
 Алматы қаласы.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫ

(10-сынып)

Жалпы мақсат:	Поэманың мазмұнын меңгерту, әдеби теориялық талдау жасау. Шығармашылық жұмыстар арқылы танымдық дербестігін арттыру, өз бетімен білім алуға жағдай жасау. Бір-бірінің пікірін дамыта отырып, өзара сыйластыққа үйрету. Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, тұжырым жасауға, АКТ-ны тиімді қолдануға дағдыландыру.
Міндеттері:	1. Трагедияның мазмұнын мен идеясын таныту, ақпаратты саралауға, жүйелі жұмыс жүргізуге дағдыландыру; 2. Адал достыққа, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу. 3. Танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелері:	Поэманың тақырыбын, негізгі идеясын, мазмұнын біледі, құрылысына талдау жасайды, қорытынды шығара алады. Топпен жұмыс жасауда пікір алысуға, бір-бірінен үйренуге жетелейді және өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізуге дағдыланып, сындарлы ойлай алады. Өзін және өзгені бағалайды.
Негізгі идеялар:	Поэмада көз жеткізілген дәлелдерге негізделген ой қорытындысы. Заман талабына сай өз білімін өмірге қолдана біледі.
Сілтеме:	1. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. 10-сынып. Қ.Алпысбаев, Б.Әбдіғазиұлы, Б.Сманов, Ж.Сәметова. 2. Ш.Құдайбердіұлының шығармалары. 3. Портал материалдары Power point таныстырылымы.

Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер: АКТ. СТО. Оқыту үшін бағалау. Жұмыс түрі: 1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Жұптық жұмыс. 4. Топтық жұмыс.
Сабақта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, бейне-кеспелер, А4 парағы, флипчарт, стикерлер, үлестірмелі материалдар, бейнебаян «Еңлік-Кебек» драмасынан үзінді, Ш.Құдайбердіұлы туралы слайд.
Тапсырмалар:	Мәтінмен жұмыс. Тақырып бойынша постерді қорғау, ойталқы.

I. Ұйымдас-тыру кезеңі.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
Психоло-гиялық ахуал қалыптастыру.	Оқушылар хормен: «Күндей жадырап, жұлдыздай жарқырап, таңдай арайланып, судадай таза көңілмен сабағымызды бастаймыз», – деген тілектерін айтады.	Сынып оқушыларын стикерлердің түсі арқылы бес топқа бөлу. <i>Әр топ өз басыыларын сайлап алып, топ ережесін еске түсіреді. Топ басыыларына бағалау парағы таратылады.</i>
Үй тапсырмасы:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
Нақ сұрақ – дәл жауап.	Интербелсенді тақтада көрсетілген ұяшықтарды таңдау арқылы «Нақ сұрақ – дәл жауап» стратегиясы бойынша үй тапсырмасы тексеріледі. Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығы туралы берілген сұрақтарға жылдам жауап беру арқылы ұпай жинайды.	Оқушылар белгіленген уақытта «Нақ сұрақ – дәл жауап» стратегиясы бойынша үй тапсырмасына жедел жауап береді.

	<p>1. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі тұлғалы ақын атанған Шәкәрім қашан, қай жерде дүниеге келді?</p> <p>2. Шәкәрім қандай ортада өсіп, кімнен үлгі алды?</p> <p>3. Абайдан тәрбие алған басқа қандай шәкірт ақындарды білесіңдер?</p> <p>4. Ақынның ағартушылық бағыттағы жазылған өлеңдері.</p> <p>5. Ақынның ел арасындағы алауыздықты бейнелейтін өлеңдері.</p> <p>6. Махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері.</p> <p>7. Ақынның жазған поэмаларын ата.</p>	
III. Жаңа тақырып.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
1. Қызығушылығын ояту.	<p>Бейнеролик көрсету. – Бейнеролик кімдер туралы?</p> <p>– М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қай жерде қойылған?</p> <p>М.Әуезов «Еңлік-Кебек» пьесасын жазса, Шәкәрім «Еңлік-Кебек» поэмасын жазды. Сабақтың мақсат-міндетімен таныстыру.</p> <p>Блум таксономиясы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасына сәйкес берілетін тапсырманың деңгейімен таныстыру. (М.Әуезовтің «Еңлік - Кебек» пьесасы қай жерде қойылғанын оқушылар айта алмаған жағдайда мұғалім слайдтан көрсетіп, толық мағлұмат береді).</p>	<p>Оқушылардың жауабы: – М.Әуезовтің «Еңлік- Кебек» пьесасынан үзінді көрсетілген. – 1917 жылы Ералы жазығындағы Ойқұдық жайлауында, Әйгерімнің отау үйінде қойылған. – 1921 жылы Семейде губерниялық «Ес-Аймақ» сахнасында. – 1924 жылы Орынбор жастар одағы мүшелерінің клубында.</p>

		<p>– 1926жылы Қызылорда қаласында ұлттық драма театры өз шымылдығын «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашты. – 1958жылы Мәскеуде Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігінде Кіші театр сахнасында қойылып, жоғары баға алғанын айтады.</p>
II. Мағынаны тану.	<p>1-деңгей. Білу кезеңі. Әр топ жоспардың бөлімдері салынған конвертті таңдау арқылы «Еңлік - Кебек» поэмасының мазмұнын ретімен баяндайды.</p> <p>Жоспар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Әңгіме алдында айтылған сөз (225-228-б.)</i> 2. <i>Он бесінде Кебектің аты шықты (229-231-б.)</i> 3. <i>Алғашқы кездесу (232-235-б.)</i> 4. <i>Берілген уәде (236-239-б.)</i> 5. <i>Елден кеткен Еңлік пен Кебек (240-243-б.)</i> 	<p>Жоспар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Әңгіме алдында айтылған сөз. (225-228-б.)</i> 2. <i>Он бесінде Кебектің аты шықты. (229-231-б.)</i> 3. <i>Алғашқы кездесу (232-235-б.)</i> 4. <i>Берілген уәде. (236-239-б.)</i> 5. <i>Екеуі тәуекел деп, кетіп қалды. (240-243-б.)</i>
	<p>Түсіндірме сөздік жұмысы. Екі жақты түсіндірме күнделігінде берілген көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, толықтырады. Әр топ мүшелері интерактивті тақтаға және өз дәптерлеріне толтырады. Шақшақ Жәнібек – ... Шақшақ Жәнібек – арғын, шақшақ тобынан шыққан ақылды кісі.</p>	<p>Әр топ мүшелері берілген көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, түсіндірме сөздік жұмысын интерактивті тақтаға және өз дәптерлеріне толтырады.</p>

	<p>Жеті момын –Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты һәм Бәсентиннің үш баласы, бәрінің үлкен шешесінің аты – Момын. Мұғалжар – Ақтөбенің оңтүстік күншығысындағы тау. Матай-бұл жерде ру аты. Кеңгірбай, Қараменде – тобықтының екі биі. «Еңлік-Кебек» пьесасының мазмұны – Әуезов туып өскен Абай елінде, Шыңғыстау жерінде XVIII ғасырдың 80- жылдарында болған қанды оқиға. 2-деңгей. Түсіну кезеңі. Шәкәрім-лирик ақын. Шығарманы сюжет желісіне, құрылысына талдауға байланысты түрлі сұрақтарға жауап беріп, топ мүшелері кестені толтырады. – «Еңлік-Кебек» қашан жазылған? – Оқиға қай жерде болған? – Бұл поэманы қандай жанрға жатқызуға болады? Поэманың композициялық – сюжеттік құрылысы туралы кестені толтыру.</p>	<p>Шығарманы сюжет желісіне, құрылысына талдауға байланысты түрлі сұрақтарға жауап беріп, топ мүшелері кестені толтырады.</p>									
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="313 997 362 1081">№</th> <th data-bbox="362 997 490 1081">Оқиға желісі</th> <th data-bbox="490 997 627 1081">Оқиға өрісі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="313 1081 362 1194">1</td> <td data-bbox="362 1081 490 1194">Экспозиция.</td> <td data-bbox="490 1081 627 1194">Кебектің Нысан абызға бал ашқызуы.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="313 1194 362 1344">2</td> <td data-bbox="362 1194 490 1344">Оқиғаның басталуы.</td> <td data-bbox="490 1194 627 1344">Кебектің аңға шығуы. Еңлікпен кездесуі.</td> </tr> </tbody> </table>	№	Оқиға желісі	Оқиға өрісі	1	Экспозиция.	Кебектің Нысан абызға бал ашқызуы.	2	Оқиғаның басталуы.	Кебектің аңға шығуы. Еңлікпен кездесуі.	
№	Оқиға желісі	Оқиға өрісі									
1	Экспозиция.	Кебектің Нысан абызға бал ашқызуы.									
2	Оқиғаның басталуы.	Кебектің аңға шығуы. Еңлікпен кездесуі.									

	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="1293 105 1342 226">3</td> <td data-bbox="1342 105 1470 226">Оқиғаның дамуы.</td> <td data-bbox="1470 105 1607 226">Кебек пен Еңліктің байланысы.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1293 226 1342 385">4</td> <td data-bbox="1342 226 1470 385">Оқиғаның шиеленісуі.</td> <td data-bbox="1470 226 1607 385">Кебектің Еңлікті алып қашуы, сәбилерінің дүниеге келуі.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1293 385 1342 491">5</td> <td data-bbox="1342 385 1470 491">Оқиғаның шарықтауы.</td> <td data-bbox="1470 385 1607 491">Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1293 491 1342 604">6</td> <td data-bbox="1342 491 1470 604">Оқиғаның шешімі.</td> <td data-bbox="1470 491 1607 604">Екі жастың өлімі, сәбилдің тауда қалуы.</td> </tr> </table>	3	Оқиғаның дамуы.	Кебек пен Еңліктің байланысы.	4	Оқиғаның шиеленісуі.	Кебектің Еңлікті алып қашуы, сәбилерінің дүниеге келуі.	5	Оқиғаның шарықтауы.	Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы.	6	Оқиғаның шешімі.	Екі жастың өлімі, сәбилдің тауда қалуы.	
3	Оқиғаның дамуы.	Кебек пен Еңліктің байланысы.												
4	Оқиғаның шиеленісуі.	Кебектің Еңлікті алып қашуы, сәбилерінің дүниеге келуі.												
5	Оқиғаның шарықтауы.	Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы.												
6	Оқиғаның шешімі.	Екі жастың өлімі, сәбилдің тауда қалуы.												
	<p>3-деңгей. Қолдану кезеңі. Негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру. Еңлік пен Кебек бейнесін поэмдан табыңыз, автордың суреттеуі. Бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестерді табыңыз. Салыстыру Венн диаграммасы арқылы “Еңлік-Кебек” пен “Қалқаман-Мамыр” поэмасын салыстырыңыз. Ұқсастығы мен даралығын зерттеңіз. Кейіпкерлерге мінездеме беріңіз.</p>	<p>Бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестерді табады. Венн диаграммасы арқылы “Еңлік-Кебек” пен “Қалқаман-Мамыр” поэмасын салыстырады. Кейіпкерлерге мінездеме береді.</p>												
	<p>4-деңгей. Талдау кезеңі. Кестелі тілде кемел ой. Салыстыру. Поэманы рөлге еніп, мәнерлеп оқу, өлең құрылысына, тіліне талдау. Поэмдан рөлдік ойын арқылы үзінді көрсету. Поэманы талдау. Екеуінің өліміне кім (не) кінәлі?</p>	<p>Поэманың құрылысына, көркемдік тіліне талдау жасайды. Помадан рөлдік ойын арқылы үзінді көрсетеді.</p>												

<p>III. Ой толғаныс.</p>	<p>5-деңгей. (Синтез) Жинақтау кезеңі. Өлең құдіреті. Қорытынды жасау. Поэманың идеясы. Осы тақырыптас қандай поэмаларды білесіңдер? Болжау Сен Кеңгірбай болсаң қандай билік айтар едің? Поэманы қалай аяқтар едің? Поэманың көтерген мәселесі.</p>	<p>Осы тақырыптас поэмаларды атайды. Болжау жасайды. Сен Кеңгірбай болсаң қандай билік айтар едің? Поэманы қалай аяқтар едің?</p>
<p>IV. Рефлексия.</p>	<p>6-деңгей. Бағалау кезеңі. Ақылдың 6 қалпағын кию арқылы Махаббат бар дегенге сенесің бе? деген сұраққа жауап береді. Бағалау парақшаларындағы тапсырманы топтардың қалай орындағанымен таныстырады.</p>	<p>Оқушылар өз ойын ортаға салады. Бағалау парақшаларын топ басшылары талдап, айтады.</p>
<p>V. Тапсырма.</p>	<p>Сабак мазмұны бойынша Менің сабақтан түйгенім... 1. Стикерге жазып, тақтаға іледі. 2. Поэманы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен салыстыру. 3. «Махаббат – ұлы сезім» тақырыбына эссе жазу.</p>	

Ботагөз ҚИСАМАДИНҚЫЗЫ,
 Ғ.Мүсірепов атындағы
 №86 мектеп-гимназияның
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Алматы қаласы.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ»

(7-сынып)

Мақсаты: білімділік – Абай қара сөздерінің мазмұны мен тәрбиелік мәні туралы түсінік беру, қазақ мақалдары туралы ақынның өзіндік тұжырымымен танысу; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түйінді ой айта білуге, өз пікірін көркем тілмен жеткізуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдыру, сөздік қорын, дүниетанымын байыту; **тәрбиелік** – адамгершілікке, еңбекке, имандылыққа, ата-ананы қадірлеуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Типі: жана білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** СТО стратегиялары. **Жабдығы:** презентация, слайд.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушылармен сәлемдесу; ә) сабаққа қатынасуын, дайындығын тексеру, оқушыларды топқа бөлу.

«Интервью», «Биопоэма» стратегиясы арқылы өткен материалды пысықтау.

Азан шақырып қойған аты: Ибраһим.

Туған жері: Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының баурайы, Қасқабұлақта.

Білім алған жерлері: ауыл молдасы, Семейдегі Ахмет-Риза медресесі, «Приходская школа».

Меңгерген тілдері: араб, парсы, шағатай, орыс тілдері.

Шығармаларының тақырыбы: өмірдің барлық саласын қамтиды.

Өсиеті: «Адамды, Алланы, әділетті сүй».

Арман-мақсаты: қоғамға пайдалы, оқыған, мәдениетті адамдар тәрбиелеу.

Қоғамдағы орны: ақын, аудармашы, ағартушы, философ, тәрбиеші ұстаз, заңгер, би, шешен, сазгер.

Өмір сүрген уақыты: 1845-1904 ж.ж.

Тегі: Құнанбайұлы.

II. Қызығушылығын ояту.

- Қай шығармадан?

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар».

- Отыз бірінші қара сөзінен.

- Әрі қарай кім жалғастырады?


- Қара сөз деген не? Қандай жанр?

Оқушы жауабын толықтыру.

III. Мағынаны тану.

1. Қара сөз туралы түсініктерін тереңдету.

Ақынның шығармалары, негізінен, үш саладан тұрады. Соның бірі – көркем сөздің бір түрі ғақлия.



М.Әуезовтің пікірінше:

- Абайдың 1890-1898 жылдар аралығында жазылған бір алуан шығармалары – «қара сөз» деп аталады. Қара сөздер – бұлар сюжетті шығармалар емес, бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес, стиль, мазмұн жағынан алғанда Абайдың өзі тапқан көркем сөздің бір түрі.

Жалпы саны – 45, кей деректе – 46. Қырық алтыншысы – тарихтық мақала, қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізді. Өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайы жаңа сөзбен таратады.

Ғақлия – көркем қара сөз, нақыл сөздің бір түрі, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер, трактат. Ғақлия араб сөзі «дана сөз», «даналық маржан сөздер» деген ұғымды білдіреді.

2. «Жиырма тоғызыншы сөзін» оқу.

3. Сөздік жұмысы.

Періште – нұрдан жаратылған латиф (ешкім көре алмайтын, нәзік, арайлы) тіршілік иелері. Адамзат сияқты ішіп-жеу тағы басқа ерекшеліктері жоқ. Тек қана Аллаһ тағалаға ғибадат ету және оның бұйрықтарын орындау үшін жаратылған.

4. «Топпен зерттеу»

- 1) Абай талдаған мақал-мәтелдерді дәптерге көшіру;
- 2) Әр топ бір абзацтан бөліп алып, ақынның айтпақ ойын анықтайды;
- 3) Айтылған сынға өз пікірін айту;
- 4) Бүгінгі күнмен байланыстыру;
- 5) Мақал-мәтел айту.

5. «Екі түрлі түсініктеме күнделігі».

Абай көңілінде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеген. «Отыз жетінші сөзінен» үзінді.

1. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

2. Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

3. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық.

4. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

Ботагөз ЖҰРМАҒАНБЕТОВА,
Шөптікөл орта жалпы білім
беретін мектеп-балабақшасының
мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы.

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақсаты: XVIII ғасырдағы қазақ елінің тарихи жағдайы туралы түсінік беру. **Міндеттері:** 1) Бұқар жырау туралы білімдерін кеңейту, жыраудың толғаулары сол дәуірдегі халқымыздың тарихынан хабар беретіндігін, тілінің философиялық тереңдігін, өнегелі сипатын ашу; 2) оқушылардың тілдік қорын байытып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге баулу; 3) оқушыларды туған еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: кіріктірілген сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, СТО стратегиясы. **Көрнекілігі:** суреттер, слайдтар, кинофильмдерден үзінді, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, кино өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. «Ой шақыру» стратегиясы.

1. Жыраулар поэзиясы өмір сүрген кезең.
2. Жыраулар поэзиясының өкілдері.
3. Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы.
4. Жырау мен жыршының айырмашылығы.

Мағынаны тану.

Көріктей басқан күпілдеп
Көмекейің бүлкілдеп.

Қатты әсер еткен үзінді	Менің пікірім

Сабақты бекіту:

- Халықтың нақыл сөздеріне өзіндік талдау бере отырып, Абай қандай мәселені көтерген екен?

- Абай афоризмдері неге үндейді?

Үйге:

Абайдың он төртінші, он тоғызыншы қарасөздерін оқу. Абай афоризмдерін жаттау.

Білімдерін бағалау.

Сөйлер сөзден таймадың,
Тәукенің болып жаршысы,
Халқыңның болып заршысы,

Белді бекем байладың, – деп Үмбетей жырау жырлап өткендей бүгінгі сабағымызда XVIII ғасырдағы тарихи жағдай және Бұқар Қалқаманұлы шығармашылығын бастаймыз.

Кіріктірілген сабақ болғандықтан тарих пәнінің мұғалімі «Қазақ елі», «Жаужүрек мың бала», «Көшпенділер» кинофилімінен үзінділер көрсете отырып, XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы тарихи жағдай туралы, жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі ұйымдастырушысы Абылай хан туралы баяндап өтті. Электронды оқулықтан «Елім ай» әні тыңдалды, жоңғар шапқыншылығы бейнеленген суреттер көрсетілді.

Жылдар сөйлейді (хронологиялық кестемен жұмыс)

1723 жыл	Жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне шабуылы. Ақтабан шұбырынды.
1726 жыл	Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қолдың Бұланты өзенінің бойында қалмақтарды жеңуі.
1729 жыл	Балқаш көлінің оңтүстігіндегі шайқас.
1741 жыл	Қалмақтар қайта шабуыл жасап, қазақтарды қатты қырғынға ұшыратты.
1743 жыл	Ресей патшасының көмегімен Қалдан Сереннің қолына тұтқынға түскен Абылай босатылды.

Оқушылар өз беттерінше ізденіп, дайындап келген жырау өмірі туралы мәліметтерді ортаға салады, жырау толғауларын оқи отырып, төмендегі тапсырмаларды орындайды.

Жыраудың өмірі бойынша берілген кестені өз беттерінше толтырады.

Жыраудың шыққан тегі	Арғын тайпасы, қаржас руы
Жырау өмір сүрген кезең	
Жыраудың туған жері	
Жыраудың әкесі	

Жырау өмір сүрген кезде ел билеген хандар	
Жырау шығармаларын жинап, зерттеген ғалымдар	

Бұқар толғауларының тақырыбы

Ел бірлігі	Абылай бейнесі	Өмір туралы толғаулары
«Керей, қайда барасың?», «Ағайынның аразы елдің сәнін кетіретер», «Бірінші тілек тілеңіз»	«Ай, Абылай, Абылай», «Қалданменен ұрыспа», «Абылай ханның қасында»	«Жиырма деген жасыңыз», «Атам болған жиырма бес», «Сен он бір жасыңда», «Кәрілік»

Бұқар толғауларынан алынған үзінділерді жалғастырып, толғауда айтылған негізгі ойды анықтайды.

Ей, Абылай, Абылай! Сені мен көргенде Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің Әбілмәмбет төренің қызметінде тұр едің.	Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушы Абылай ханды 11 жасынан бастап өмірінің соңына дейін білетіндігін баяндайды.
Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды Жырлағанда не дейді? Соғыспа деп жырлайды. Бұқарекен деген кәріңіз Соғыссаң кетер сәніңіз.	
Керей, қайда барасың Сырдың бойын көбелеп. Сен қашсаң да, мен қойман, Арғымағым жебелеп.	
Қырық беске келгенде Жақсы мен жаман демедің Елу жасқа келгенде Үш жүздің баласының Атының басын бір кезеңге тіредің.	

Жиырма деген жасыңыз Ағып жатқан бұлақтай. Отыз деген жасыңыз Жарға ойнаған лақтай Қырық деген жасыңыз Ерттеп қойған құр аттай.	
Қазақтың ханы Абылай! Ақиықты аспанға Ұшпастай ғып торлады Құлағанға ұқсайды Қазақтың қамал қорғаны Айтпасыма болмады Батырың өтті Бөгембай.	

Инсерт жүйесі бойынша не білетінін, ненің жаңа мәлімет екенін, нені білгісі келетінін анықтайды. Карта толтырып, сол бойынша пікірлеседі.

Білемін	Мен үшін жаңалық	Білгім келеді.

Білімді бекіту: өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын.

Білімді бағалау: оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

Үйге тапсырма:

1) Ақын толғауларынан Абылай ханға арналған өлеңдерін жаттау;

2) Бұқар толғауларының өзінен бұрын өмір сүрген жыраулар толғауларымен үндестігін табу.

Игілікті іс-шара

Эльмира ЖҰБАНАЗАРОВА,
Ақтөбе облысының
Шалқар ауданындағы
Бозой орта мектебінің
кітапхана меңгерушісі.
Жанар АЮПНАБИҚЫЗЫ,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

“СҮЙЕМІН ТУҒАН ТІЛДІ – АНАМ ТІЛІН!”

Мақсаты: балалардың бойына халқының қадір-қасиетін сіңіріп, өз ана тілін жетік меңгеріп, ұшқыр да шешен сөйлеуге баулу, тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Қасиетті ана тілін қастерлеуге, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: мақал-мәтелдер, «Тілден артық қазына жоқ, Тілден артық қасиет жоқ». (Н.Назарбаев), «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды». (М.Әуезов) жазылған плакаттар, слайд, кітаптар көрмесі, накыл сөздер.

Кіріспе.

Кітапханашының сөзі:

- Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін

Өссе тілім мен де бірге өшемін,- деп Әбділда Тәжібаев атамыз айтқандай, тіл – әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы. Оны әр уақытта аялап, шұбарламай кейінге жеткізу – біздің борышымыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылдың 20 қаңтарындағы жарлығына сәйкес 22 қыркүйек «Қазақстан халықтарының

тілдері күні» ретінде аталып келеді. Соған орай «Сүйемін туған тілді – анам тілін» атты ашық тәрбие сағаты сіздерге арналады ұстаздар мен оқушылар!

- Мен – қазақтың, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім. (Ж.Молдағалиев).

Мұғалім сөзі: - Ана тілінің күші мен құдыретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санады. «Өнер алды – қызыл тіл» «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», тағы басқа мақал-мәтел, қанатты сөздерден халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көруге болады. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады, ол – атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Ол талай тарих сынынан сүрінбей өтті. Дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, күшті, кең тіл ретінде саналады. Қазіргі өркениетте өз орнын алған. Ата-бабаларымыз өзінің асыл мұрасы – тіл өнерін келер ұрпаққа жеткізіп, оны аялап, қастерлеуді тапсырып отырған.

Кітапханашы сөзі: - Дүние жүзінде 5651 тілдің ішінде 70-орынға ие болуы – осының куәсі іспетті. Көрінеді тілден түйсік білімде. Біле білсең жарылқаушы тілінде,- деген Ж.Баласағұнның сөзін мына өлең жолдарымен жалғастырғым келеді.

Тілім барда қазағым бар, халқым бар.

Дәстүрім бар, ата-жолы, салтым бар.

Жүрегімді суырып-ақ алындар.

«Жаса, Қазағым» әнін тындау.

1-жүргізуші: - Тіліміздің қадір-қасиетіне үлкен мән берген ғұлама адамдардың пікіріне тоқталып кетсек.

«Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер Баба жарар. Қадыр-құтты өшірер»- деп ежелгі дәуірде өмір сүрген Ж.Баласағұн айтса, М.Қашқари «Тілімізді жаман сөзден сақта, жақсы сөзге үйрет»- дейді.

Сол өткен ғасырдың өзінде француз ғалымы Жорри де Манси «Қазақ тілі – түркі тілдер тобының ішіндегі ең бір бай тілдердің бірі» деп тамсанады.

Орыстың әйгілі ғалымы В.В.Радлов «Ең сауатсыз деген қазақтың өз тілін жете меңгергендігі сондай біз Еуропада француздар мен орастардан ғана байқаймыз.Егер ол әңгіме айта қалса сөз оралымдары көркем де сүйкімді, тілі өткір әрі майда, шешен де тапқыр» деп әділ бағасын беріпті.

2-жүргізуші: - Ғабит Мүсірепов «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенін де, болашағынан да қол үзді»десе, Ахмет Байтұрсынұлы «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»деген.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деген Ж.Баласағұн сөзін қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін – Ұлы» деген сөздерімен толықтыра түсуге болады.

Б.Момышұлы «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту десе, Х.Досмұхамбетұлы «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» дейді.

Ендігі кезекті әнге берсек. «Елім менің» әні.

1-жүргізуші:

- Балалар, құтты болсын, тілің бүгін,

Ашатын жан сарайын білімдінің.

Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан

Тіліне зер салындар бұрынғының.

(Көрініс)

Хормен:

- Қыр – сыры көп кендігіндей даламның,

Қазақ тілі – қасиеті бабамның.

Мемлекеттік мәртебесін әперген

Қазағымға шексіз алғыс, мың алғыс!

Жарқынай ЕРМАХАНОВА,
Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНІҢ ГҮЛІ

*(Ақын Күләш Ахметованың шығармашылығына
арналған әдеби-сазды кеш)*

Мақсаты: К.Ахметованың шығармашылығымен таныстыру, ақын шығармалары арқылы Отанын сүйе білуге, адамгершілікке, мейірімділікке, тіл, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге, ақынжандылыққа тәрбиелеу, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру. **Көрнекілігі:** тақырыптық слайд, кітап көрмесі (Сахнаға жүргізушілер шығады).

1-жүргізуші: - Армысыздар, ардақты қонақтар, ұстаздар мен жыр сүйер қауым! К.Ахметованың шығармашылығына арналған «Поэзия әлемінің гүлі» атты әдеби-сазды кешімізге қош келдіңіздер! Біздің қазақ елі киелі, ұлы тұлғаларға кенде емес. Солардың бірі – өлең өлкесінде өзіндік өрнегімен ерекшеленетін, жүректенді жан жылуымен ерітіп, қиялға қанат сермеген қазақтың ақын қызы – Күләш Ахметова.

2-жүргізуші: - Күләш Ахметова 1946 жылы 25 сәуірде Қырғызстанда дүниеге келген. Жамбыл облысының Талас ауданындағы Үшарал орта мектебін аяқтап, 1961 жылы Жамбыл медициналық училищесінің түлегі атанады. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түседі.

Он бір жылдай Үшарал медпунктінде меңгеруші, Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде, республикалық «Қазақстан пионері» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасының поэзия бөлімінде меңгеруші, редактор қызметтерін атқарған.

1-жүргізуші: - Ақындардың жандарына жақын тақырыптың бірі – туған жер. Бал балалықтың елесі қалған, қырында ән салып, бауырында бәйшешек терген туған жерге деген сағыныш еш адамды бейжай қалдырмасы анық. Ал, ойларын өлеңмен

өретін сыршыл жүректі ақындардың сағынышын сезінбеу, оқи отырып ерекше күйге енбеу мүмкін емес.

«Қазақстан» өлеңі оқылады. (Зумрад, Гулинур, Ақнұр, Ақбота, Ержан)

2-жүргізуші: - Өмірде адам баласының жүрек төрінен мәңгі кетпейтін екі асыл жан бар. Оның бірі – аяулы ана, екіншісі – ардақты әке. Кезекті Күләш апамыздың жақын жандарына арнаған өлеңдеріне берейік.

«Мен сені болашаққа жеткіземін». (Ақмарал). «Әке» (Гүлдана)

1-жүргізуші: - Күләш Ахметованың жүрек қылын шертер жырлары оқырманды өмірдің қым-қуыт күйбеңінен алыстатып, өзге бір әлемге жетелейді. Сыршыл ақын жан дүниесіндегі тылсым сезімді бүкпесіз ашып, толқытқан ойларын оқырманға жолдайды.

«Жүгіретін біреу болса қол созып...» (Мәдина). «Төзбейтұғын нәрселерге төземін...» (Айжан). «Жақсылықтың белгісі» (Айжан)

2-жүргізуші: - Ақын өлеңдері – өзгеше сезім толқындары мен ойлы тебіреністерге толы, оқырмандардың жан азығына айналған қымбат дүние. К.Ахметова жырлары – кейінгі ұрпақты адалдық сияқты сезімдерге жетелеп, адамзатты сүйуге бастап апаратын ақ жол іспетті.

«Жас баланың жанарына қарандар» өлеңі оқылады. (Қымбат)

1-жүргізуші: - Күләш жырлары тұнықтығымен, ойшылдығымен, сыршылдығымен, табиғилығымен, тектілігімен баурайды. Әрбір өлеңі – сырттай әрқайсысы өзінше жеке туынды көрінгенімен бір-бірімен үндесіп, ұштасып жатқан тұтас әлем. Кезекті қаншама жанды қара өлеңмен жұбатып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген апамыздың өлеңдеріне берейік.

«Өмір» (Назкен). «Өмір деген...» (Айжан)

2-жүргізуші: - Поэзия мен махаббат – бір-бірінен айырылмайтын егіз ұғым. Әр елдің поэзиясында көп

ұшырасатын, мәңгілік тақырып – махаббат. Күләш өмірдің өзі махаббаттан бөліне алмайтынын, тек сол сезім арқылы бір-бірімен жарасым, үйлесім табатынан айтады. Сондықтан, кеудесінде жаны бар адам махаббатқа тағзым ете, табына білу керектігін әсем жырларымен аңғартады. Алғашқы махаббаттың алауына өртенген жастардың сезіміне, әсіресе қыз баланың алғашқы сезіміне ақынның махаббат лирикасы жанына дауа болары анық.

«Хабарласпай кеткенің дұрыс болды» (Балауса). «Өкпе» (Қымбат)

2-жүргізуші: - Күләш ақын нәзік сыршылдықпен өрілген өлеңдеріне достық сезімдерін арқау етеді. Шынайы достар арасындағы адалдық, тілектестік, сенімділік, жанашырлық секілді ізгі сезімдерді тебірене толғайды. Ендігі кезекті Күләш ақынның оқырман жүрегінен орын алған жырларына кезек береміз.

«Сөнбездерші, жарық шамдарым» (Куандық). «Жас талапкер» (Айдана).

«Жалғыз досым» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Күләш Ахметова – қазақ поэзиясында саралы жолы бар, айшықты ерекшеліктерімен танылған ақын. Күләш шығармашылығын қай қырынан алып қарасақ та, бойды шымырлатып, ойды ширататыны анық. Сөз маржандарын терген ақынның шығармашылық тұнығына бойлаған сайын батырып әкетеді.

2-жүргізуші: - Қадірлі қонақтар! Халықтың ыстық ілтипатына бөленіп жүрген, өмірін өлең деп ұққан, қазақ поэзиясында өзіндік ақындық әлемімен аты шыққан Күләш апамызға арналған кешіміз де өз мәресіне жетті. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ахметова. Жасыл жағалау: Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жалын», 1984.

2. К.Ахметова. Мейірім: Өлеңдер мен поэма. А., «Жалын», 1981.

Сыныптан тыс сабақ

Жанар ШЕРІПҚЫЗЫ,
Орал қаласындағы
№44 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ

(5-сынып)

Мақсаты: ертегі тақырыбы бойынша алған білімдерін жинақтау. Оқушылардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, дүниетанымдарын кеңейту, ой-өрісін дамыту. Туған әдебиетін сүйеге, ата-баба мұрасы-ертегіні оқуға, тыңдауға, сүйеге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** шығармашылық ізденіс, топтастыру. Көрнекілігі: ертегілер мазмұнына сай салынған суреттер, «Ертегілер елінде» бұрышы, безендірілген сахна, интерактивті тақта.

Барысы:

- Құрметті оқушылар, ұстаздар! Бүгінгі «Ертегілер еліне саяхат» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! «Ертегі бізге не үшін қажет?» деген сұраққа Ахмет Байтұрсынұлы атамыз былай деген екен:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе – ертегі. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

- Иә, тілге шешен, ойға жүйрік дана халқымыз ұрпақтарының дүниетанымдық деңгейін көтеруге ауыз әдебиетін

мұра етіп қалдырған. Біз биыл 5-сыныпта сол мұрадан сусындап, керегімізді алып жатырмыз. Соның ішінде сіздерге ерекше ұнағаны- бұл ертегілер тақырыбы. Бүгінгі сабақта сол ертегілер тақырыбы бойынша алған білімімізді пысықтап, ойымызды жинақтайық. Ортаға 5 а сыныбынан құралған «Ер Төстік» және 5б сыныбынан құралған «Алдар» ауылын шақырайық. Сайысымызды бастамас бұрын бізге хор қыздары өздерінің тамаша билерін тарту етпекші.

Екі топтың өнерін бағалап отыру үшін қазылар алқасын сайлап алайық.

- Балалар, қай ертегіде біз әділ, қара қылды қақ жаратын би, шешенмен кездесіп едік?

- Ендеше, сол Аяз би атамыз бізге қонаққа келіп қалыпты және де бүгінгі сайыста төрелік етпекші.

Әжем менің көп біледі ертегі,

Ерінбестен ертегіні шертеді.

Ерте, ерте, ертеде деп бастайды,

Бірнешеуін қабат айтып тастайды.

Еліктіріп, ертегі бізді баурайды,

Қызықпасқа ешбір лажың қалмайды.

Айта берсе, айта берсе екен деп,

Отырамыз «Ұйқыға әлі ерте» деп.

- Ендеше сайысымызды бастайық.

I кезең. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл»
(топтардың таныстыруы)

II кезең. «Тапқышбектер сайысы».

Ертегі тақырыптары бойынша кейіпкерлерді табу. Топ басшылары тақырып суырады, түскен тақырып бойынша кейіпкерлерді атайды.

Жасырылатын тақырыптар:

1. «Керқұла атты Кендебай». Жауабы: Қазанғап, әйелі, Кендебай, Керқұла ат, қойшы бала, малшы, хан қызы,

екі баласы, ақырған арыстан, қара би, алтын құйрықты құлындар, бұлт, жеті басты дәу, Мергенбай батыр және оның әйелі.

2. «Сырттандар» ертегісі. Жауабы: сәуегей, қара қасқыр, әке-шешесі, кербесті, қара ауыз ит, жігіттің сырттаны, бала.

III кезең. «Ертегі сыр шертеді». Оқылған ертегі үзіндісі арқылы қай ертегі екенін табу. (әр топқа 2 үзінді оқылады).

Сергіту сәті.

Бейнетаспадан «Ер Төстік және айдаһар» атты мультфильмінен үзінді көрсету.

IV кезең. «Менің сүйікті кейіпкерім».

Қиял-ғажайып кейіпкерлерінің суретін салу.

V кезең «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта».

Тақырыптарына сай ертегі бойынша сахналық көрініс қою.

Автор сөзін әже оқиды.

VI кезең «Тазшадай тапқыр боламын» (сұрақтарға жауап).

1. Арыстан, аю, түлкі, қасқыр, қоян ертегіде қандай кейіпкер ретінде алынады? Олар қандай ертегінің кейіпкерлері?

2. Қай ертегілер мазмұны жағынан ұқсас және қандай ортақ кейіпкерлері бар?

3. Кендебайдың портретін бер. (Торсық шеке, аппақ ұл. Алты күнде күлген, алпыс күнде жүрген, алты жылда алып жігіт болған, құралайды көзге атқан мерген, алысқанын алып ұратын күшті.)

4. Төстіктің портреті. (Бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын алып бала).

5. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің», «Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас жарар» деген мақал-мәтелдер қай ертегіде

кездеседі? Ол ертегі ертегінің қай түріне жатады? («Аяз би» ертегісі, шыншыл.)

6. «Жабағы күнінде өлі жүні әлі үстінен түспеген, қырып аларға қызылы жоқ. Арық, жөнді оттамайды. Бауырынан жарайды да жүреді, түнде жүргенде тұяғынан от шығады.» Қай ертегідегі қай тұлпардың сипатталуы?

(Жауабы: «Сырттандар» ертегісіндегі Кербесті).

VII кезең «Қожанасыр қоржыны». (Қоржыннан көнерген сөздерді суырып, мағынасын айту, қай ертегіде кездесетінін табу).

VIII кезең. «Қиялдамасаң, қызыл тіл сайрамайды». (Ертегіні өз беттерінше аяқтау)

Екі топқа да ертегінің басы беріледі, ары қарай өз ойларымен аяқтайды.

Мұғалім: - Бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Қазылар алқасы ортақ шешімге келіп, қорытынды шығарғанша 5 б сынып оқушысы Идресова Жадыраның орындауында «Ертегілер әлемінде» әнін қабыл алыңыздар!

Сайыс жеңімпазы анықталып, жеңген топқа «сиқырлы алтын сандық» беріледі. Жекелеген оқушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Ертегі – бала жанын қоректендіретін рухани қор. Мейірім мен махабатты, сұлу сезім мен ұлы сенімді жүрекке егетін де ертегі. Ендеше, біздер, үлкендер балаларға ертегі оқудан жалықпайық.

- Ал, балалар, сендерге айтарым:

Тыңда, балам, ертегі

Ертегі сыр шертеді- дегендей, ертегіні көп оқып, есті болып өсіңдер!

Білім сынағында

**Бақытгүл ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА,
№248 орта мектептің мұғалімі.**

Қызылорда облысы,

Арал ауданы,

Тоқабай елді мекені.

XX ҒАСЫР (20-30 Ж.Ж.) ӘДЕБИЕТІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуда, жоғарғы Үкімет аппаратында басшылық қызмет атқарған қаламгер:

- а) М.Жұмабаев; ә) М.Дулатов;
- б) С.Сейфуллин; в) А.Байтұрсынұлы;
- г) Ж.Аймауытов.

2. С.Сейфуллиннің Омбы семинариясында оқыған жылдары:

- а) 1908-1913ж.; ә) 1913-1916ж.;
- б) 1912-1915 ж.; в) 1911-1914 ж.;
- г) 1914-1917ж.ж.

3. С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында» драмасы қай жылы жазылған?

- а) 1914 ж.; ә) 1918ж.; б) 1916 ж.;
- в) 1917 ж.; г) 1919 ж.

4. С.Сейфуллиннің 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған, 1927 жылы жеке кітап болып басылып шыққан шығармасы?

- а) «Тар жол,тайғақ кешу»;
- ә) «Біздің тұрмыс»;
- б) «Сол жылдарда»;

- в) «Бандыны қуған Хамит»;
г) «Жер қазғандар».

5. С.Сейфуллиннің дене сұлулығы мен тән сұлулығын әсем бейнелейтін өлеңі:

- а) «Жас қазақ»; ә) «Бұлшық ет»;
б) «Біздің ұлан»; в) «Жеткіншегім, тартынба»;
г) «Кімде-кімнің таскын судай қайраты».

6. Әдеби қызметінің 20 жылдығы тойланған жыл:

- а) 1934 ж.; ә) 1931 ж.; б) 1929 ж.;
в) 1936 ж.; г) 1930 ж.

7. Тұңғыш өлеңдер жинағы:

- а) «Асау тұлпар»; ә) «Өткен күндер»;
б) «Тұрмыс толқынында»; в) «Экспресс»;
г) «Қызыл сұңқарлар».

8. Досқа хат формасында жазылған өлеңі:

- а) «Сағындым»; ә) «Бабаларыма»;
б) «Тау ішінде»; в) «Сыр сандық»;
г) «Далада».

9. Елді коллективтендіру кезіндегі қателіктерді ашып көрсеткен өлеңі:

- а) «Аққудың айрылуы»; ә) «Советстан»;
б) «Қызыл ат»; в) «Альбатрос»;
г) «Асау тұлпар».

10. «Көкшетау» поэмасының негізгі идеясы:

- а) Әділдікті жырлай отырып, махаббатты дәріптеу;
ә) Халық тарихы мен аңыздарын астастыра отырып, Көкше өңірінің көркем табиғаты мен тарихи тұлғаларын поэзия тілімен кестелеп, көркем туынды жасау;
б) Өткен заманның тарихын шола отырып, бүгінгі заманның жетістігін жырлау;
в) Әділдікті, батырлықты дәріптеу;
г) Адамгершілікті жырлай отырып, феодалдық заманның жетістігін жырлау.

11. «Көкшетау» поэмасы неше бөлімнен, қанша тараудан тұрады?

- а) 4 бөлім, 47 тарау; ә) 3 бөлім, 47 тарау;
б) 2 бөлім, 49 тарау; в) 4 бөлім, 42 тарау;
г) 3 бөлім, 49 тарау.

12. «Көкшетау» поэмасындағы тұтқын қыздың еліне қайтқанда мінген тұлпары:

- а) Торытөбел; ә) Шалқұйрық;
б) Кержорға; в) Керкөжек;
г) Аққасқа.

13. «Аққудың айырылуы» поэмасының жазылған жылы:

- а) 1926 ж.; ә) 1927 ж.; б) 1925 ж.;
в) 1932 ж.; г) 1929 ж.

14. 1918 жылы Ақмола жастарының күшімен сахналанған драмасы:

- а) «Қызыл сұңқарлар»; ә) «Бақыт жолында»;
б) «Айша»; в) «Жер қазғандар»;
г) «Жемістер».

15. «Көкшетау» поэмасындағы тұтқын қыздың ата-анасының аллегориялық бейнесі:

- а) Аққу; в) Лашын; с) Кептер;
д) Сұңқар; е) Бүркіт.

16. Тұтқын қалмақ қызының сөзін қалың қазақ қалай түсінген?

- а) Ақын кейіпкерлерінің сөйлеу тіліне мән бермеген;
ә) Тұтқын қыз әуелі тіл үйреніп алған;
б) Қасында тілмәш тұрған;
в) Ежелден қазақ пен қалмақ аралас-құралас болып, араларында «тілдік кедергі» болмаған;
г) Жиі жауға шауып жүргендіктен батырлар қалмақ тілін түсінген.

17. Сәкеннің «Қазақ әдебиетіндегі ең алғаш төңкерістік (революциялық) жыр» деп есептелетін өлеңі:

- а) «Кел, жігіттер»; ә) «Жас қазақ марсельбесасы»;

- б) «Қызыл ерлер»; в) «Асығып тез аттандық»;
г) «Адасқандарға».

18. Сәкеннің өзі шығарған әні:

- а) «Сыр сандық»; ә) «Тау ішінде»;
б) «Тұлпарым»; в) «Маржан»;
г) «Қызыл ерлер».

19. «Қар тасушылар келді. Жүрек соқты. Көкіректегі шынжырлы арыстан жұлқынды... Темір торлы тас сандықтың ішінде шынжырланып байлаулы қызыл сұңқарлар жатты. Қастың айызы қанды. Достың жүрегін жалын шалды». Жазушының қай шығармасынан алынған үзінді?

- а) «Тар жол, тайғақ кешу»;
ә) «Қызыл сұңқарлар»;
б) «Айша»;
в) «Жұбату»;
г) «Бандыны қуған Хамит».

20. Ғайни, Нияз, Боранбек қай шығарманың кейіпкерлері?

- а) «Жер қазғандар»; ә) «Айша»;
б) «Жемістер»; в) «Бақыт жолында»;
г) «Жұбату».

21. Сәкеннің жасырынып жүрген кезде жазған өлеңі:

- а) «Қысқы түнде»; ә) «Жел қайықта»;
б) «Қанды тұман»; в) «Қараша тұман»;
г) «Тау ішінде».

22. М.Тәгімов, С.Шәріповтердің бастарынан кешкен оқиғаларды (1916-1919 ж.) қосалқы эпизодтар арқылы суреттеген шығармасы:

- а) «Азамат Азаматыч»; ә) «Шұғаның белгісі»;
б) «Ақбөпенің сыры»; в) «Тар жол, тайғақ кешу»;
г) «Кездеспей кеткен бір бейне».

23. «Көкшетау» поэмасының қай бөлімі үш шумақтан тұрады?

- а) «Жеке батыр»; ә) «Замана ағымы»;

- б) «Бой жазу»; в) «Жұмбақтас»;
г) «Оқжетпес».

24. «Жұбату» әңгімесінің тақырыбы:

- а) Табиғат сұлулығы; ә) Жер байлығы;
б) Әйел азаттығы; в) Өнер адамдары;
г) Ел бірлігі.

25. Махаббат туралы романтикалық поэмасы:

- а) «Көкшетау»; ә) «Қызыл ат»;
б) «Аққу күйі»; в) «Альбатрос»;
г) «Аққудың айырылуы».

26. Қазандағы «Матбұғат Кәримия» баспасында басылған жинағы:

- а) «Альбатрос»; ә) «Өткен күндер»;
б) «Қызыл ат»; в) «Асау тұлпар»;
г) «Домбыра».

27. Б.Майлиннің әңгіме жанрының хас шебері екендігін әйгілеген қаламгер:

- а) М.Әуезов; ә) Ғ.Мүсірепов;
б) С.Мұқанов; в) Ғ.Мұстафин;
г) Ә.Тәжібаев.

28. Бейімбеттің «Садақ» атты қолжазба журналында тұңғыш жарияланған өлеңі:

- а) «Мұқтаждық»; ә) «Ауылда»;
б) «Кедейге»; в) «Мұсылмандық белгісі»;
г) «Жазғы қалып».

29. 1916 жыл оқиғасына арналған поэмасы:

- а) «Қанай»; ә) «Маржан»;
б) «Хан күйеуі»; в) «Кемпірдің ертегісі»;
г) «Қашқан келіншек».

30. «Шұғаның белгісі» хикаяты тұңғыш толық көлемде жарияланған журнал:

- а) «Айқап»; ә) «Қызыл Қазақстан»;
б) «Әйел теңдігі»; в) «Әдебиет майданы»;
г) «Садақ».

31. «Шұғаның белгісі» хикаятындағы оқиғаның куәгері, әңгімелеп айтушы:

- а) Айнабай; ә) Беркімбай;
- б) Қасымжан; в) Айтбай;
- г) Қазақбай.

32. Бұқабай – Бейімбеттің қай әңгімесінің кейіпкері?

- а) «Сексен сом»; ә) «Арыстанбайдың Мұқышы»;
- б) «Кедей теңдігі»; в) «Айранбай»;
- г) «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры».

34. Шақырған жұмысқа бармай, жер жыртуға әкесі кетіп, өзі үйде келіншегінің қасында қалғанын сипаттайтын өлеңі:

- а) «Кедейдің кейістігі»; ә) «Көш»;
- б) «Қара сор»; в) «Бөліс»;
- г) «Бер, Мырқымбай қолыңды».

35. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жазған пьесасы:

- а) «Біздің жігіттер»; ә) «Майдан»;
- б) «Ауыл мектебі»; в) «Жалбыр»;
- г) «Көзілдірік».

36. Ақынның жиынтық кейіпкері:

- а) Мырқымбай; ә) Беркімбай;
- б) Ыбырай; в) Айтбай;
- г) Жалбыр.

37. Жеке кітап етіп бастырып шығарған екі перделі пьесасы:

- а) «Ауыл мектебі»; ә) «Неке қияр»;
- б) «Шаншар молда»; в) «Талтаңбайдың тәртібі»;
- г) «Жасырын жиылыс».

38. 1931 жылы режиссер Жұмат Шаниннің дайындауымен сахналанған драмасы:

- а) «Келін мен шешей»; ә) «Амангелді»;
- б) «Қос қақпан»; в) «Жалбыр»;
- г) «Майдан».

39. Досан, Мамық, Пүліш, Әліш, Бекболат бай қай шығарманың кейіпкерлері?

- а) «Майдан»; ә) «Жат сабақ»;
- б) «Шаншар молда»; в) «Біздің жігіттер»;
- г) «Амангелді».

40. «Айранбай» әңгімесі, «Раушан - коммунист» повесі қай газетте жарияланды?

- а) «Еңбекші қазақ»; ә) «Жаңа әдебиет»;
- б) «Ауыл»; в) «Ауыл тілі»;
- г) «Айқап».

41. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қай жылдары қызмет атқарды?

- а) 1923-1925 ж; ә) 1933-1936 ж;
- б) 1927-1929 ж; в) 1925-1929 ж;
- г) 1934-1937 ж.

42. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі аласапыранды көрсететін өлеңі?

- а) «Жауыз кім?»; ә) «Мұқтаждық»;
- б) «Кедей»; в) «Қанды тұман»;
- г) «Азат әйел».

43. Айша, Бірмағанбет Бейімбеттің қай шығармасының кейіпкері?

- а) «Майдан»; ә) «Неке қияр»;
- б) «Арыстанбайдың Мұқышы»; в) «Қара шелек»;
- г) «Шұғаның белгісі».

44. «Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын» деп айтқан кім?

- а) М.Әуезов; ә) А.Құнанбайұлы;
- б) Ғ.Мүсірепов; в) Ш.Уәлиханов;
- г) С.Мұқанов.

45. Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов екеуі жазған пьеса:

- а) «Қыз Жібек»; ә) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»;
- б) «Амангелді»; в) «Ақан сері – Ақтоқты»;
- г) «Еңлік-Кебек».

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 30.12.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2980.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2015 ж., 144 бет, Алматы.